**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ КММ Мектепалды сынып __Балалардың жасы_ 5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07-11 қараша 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс.** | **Д.О.** «Жыл мезгілдері» **Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. **Ойынның барысы:** Сурет бойынша балалар жылдың қай мезгілі екенін және әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін атайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | **Д.О.** «Бауырсақ ертегісі» **Ойынның мақсаты:** Бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. **Ойынның барысы:** Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды. (Көркем әдебиет-коммуникативтік іс-әрекет). | **Қимылды ойын:** Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату. **Ойынның мақсаты:** Ғарыш туралы білімдерін толықтыру. Балаларды батылдыққа,, төзімділікке тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. Мысалы: Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар «Күнді» айналып жүреді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | **Д.О.** «Түстеріне қарай топтастыр» **Ойынның мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге және заттарды санап, санын айта білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. **Ойынның барысы:** Балалар берілген заттарды түсіне қарай топтастырады және санап, санын айтады. (Математика негіздері-ойын, коммуникативтік іс-әрекет). | **Д.О.** «Күзгі жапырақтар» Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету. Күзгі табиғат ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. **Ойынның барысы:** Балалар жинап алынған жапырақтар дан композиция жасайды. (Жапсыру-шығармашылық коммуникативтік іс-әрекеттері, балалардың қызығушылықтары бойынша). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қараша айына таңертеңгі жаттығу кешені. №1 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. | **Д.О.**«Не артық?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:**Әр | **Д.О.** «Бұл қай жануар?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойының** | **Д.О**.«Ғажайып пішіндер» **Ойынның мақсаты:**Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **Көрнекіліктері:** Пішіндер. | **Д.О.**«Айырмашылығын тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»- деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?(Сөйлеуді дамыту-коммуника тивтік іс-әрекет) | қатардағы артық затты тауып, қоршап сыз. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). | **барысы:**Балаларға жануарлардың суреттері көрсетіледі. Олардың қайда өмір сүретіні сұралады, олардың немен қоректенетінін айтады. | **Ойын барысы:** Балалар пішіндерден әртүрлі суреттерді тез құрастыру. (үй, шырша, машина, балапан).<br>(Математика негіздері-ойын, коммуникативтік іс-әрекет). | **Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Көркем әдебиет<br>**4**.Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грам матикалық, анықтама сыз) Сөйлем сөздер ден тұратынын түсіну.<br>**Д.О.** «Жабайы жануарлар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:**Сызбаның көмегімен жабайы жануарлар туралы әңгіме құра. Олардың жыртқыш немесе шөп қоректі жануар | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Д.О.**«Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог ортаға сиқырлы қалтаны қойып, балаларды кезекпен шақырып, сол қалта дағы затты алғызады. Балалар алған затты | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамма тикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Күзде күн....<br>-Бүгін жаңбыр....<br>-Жерде сарғайған...<br>-Құстар жылы....<br>-Тиін жаңғақ.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрект). | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде инто нациялық мәнерлілік құ ралдарын қолдану: дауыс қарқынын логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Д.О.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру. Саздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды.<br>-Құстар ұша алады, өйткені...<br>-Құстар қоректенеді,....<br>-Аяздан қорықпайды...<br>-Құстар бір-біріне | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықта масыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.<br>**Д.О.**«Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Шықпайды үйден,<br>Тоны жібектен.<br>Күндіз ұйықтайды,<br>Түнде дамыл таппайды.<br>Аңға барады,<br>Сол аңды үйден табады.<br><br>(мысық). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | екенін ұмытпа.<br>Мынау не?<br>Дене мүшелері.<br>Түсі.<br>Қайда мекендейді?<br>Немен қоректенеді?<br>Адамға пайдасы.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрект).<br>**Д.О.** «Тиін жаңғақ кеміреді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** Тиін, тиіннің тіршілігі туралы айтады. Суретке қарап сұрақтарға жауап береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар?<br>-Тиін қайда жүр?<br>-Тиін нені көрді?<br>**Тыңда.**<br>Балалар, кейбір жануарлар қысқа азық жинайды. Мысалы: тиін ағаштың қуысын мекен етеді. Тиінге ағаштармен тез | сипаттайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрект).<br>**Д.О.** «Жемістерді ата»<br>Жемістерді танып, білу және дәмін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі жемістерді ата. Олардың дәмі қандай? Лимон, құлпынай, банан. Өзің білетін жемістер мен көкөністердің дәмі туралы айт.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Интеллектуалды ойын:**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, топпен жұмыс істей білуге баулу**.**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br>**«Әдебиет орталығы»** | **Д.О.** «Табиғат құбылыстары»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсінік беру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:**Суреттегі табиғат құбылыстарын сипаттау.<br>-Табиғат құбылыстары деген не?<br>-Жылдың қай мезгілінде жаңбыр жиі жауады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрект).<br>**Еркін ойын:**<br>Сурет салу. (жаңбырлы күн; кемпірқосақ; найзағай т.б.)<br>(Сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері).<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Жұмбақтар шешу.**<br>Төбеден төнеді,<br>Тамшысын төгеді.<br>Сол кезде қаулап,<br>Бәйшешек өнеді.<br><br>(жаңбыр).<br>Көзіңе көрінбейді,<br>Қолыңа ілінбейді.<br>Бірақта құлағыңа,<br>Үнемі күбірлейді (жел)<br>Төгіліп жерге ақ моншақ,<br>Ғайып болды сол шақ та- | ұқсайды...<br>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт....<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.**«Құстар»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстар туралы білімдерін толықтыру. Жыл құстары және отырықшы құстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Жыл құс тары және отырықшы құстарды атау.<br>**Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты»<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Бала, оның отбасы үйі. Туыстық байланыстарды түсіну. (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу. Отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Д.О.**«Ойлан тап» | Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды. (мысық)<br>Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түні бойы,<br>Тышқанды көп қуады. (мысық).<br>Көкке шаншып құйрығын,<br>Келеді шауып жүйрігім. (күшік)<br>-Балалар, сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?<br>-Мысық пен күшік не жейді?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**«Ертегілер елінде»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Балаларға ертегіні оқып беру. Сөздік қорларын дамыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**«Күшік пен мысық»**<br>**Шарты:** Жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>-Күшік келе жатып неге жолығады?<br>-Қасқыр не дейді?<br>-Күшік не дейді?<br>-Екеуі келе жатып нелерді көреді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өрмелеуге аяқтары көмектеседі. Ол жаз бойы жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды ағаш қуысына жинайды. Қыста соларды қорек етеді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Ермексаз әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Тиіннің мүсінін жасай білуге, дене бөліктерін біріктіріп қосу, шымшып қосу, дөңестеу тәсілдерін үйрету, саусақ моторикасын жақсарту.<br>**Ойынның барысы:** Балалар ермексаздан тиінді мүсіндейді.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық коммуникативтік ойын әректі).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ормандағы жануарлар»<br>**Ойын барысы:** Балалар бірге айтады, аңдардың қимылын жасайды.<br><br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз. | **Шарты:** Әртүрлі пазылдардан сурет құрастыру және әңгімелеу.<br>**«Өнер орталығы»**<br>**Шарты:** Жеміс ағаштарының суретін салу.<br>**«Зерттеу орталығы»**<br>**Шарты:** Дәмін татып қай жеміс екенін ата.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Бала, оның отбасы, үйі. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасындағы өзара сыйластық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар | ақ. (бұршақ).<br>Жарқ етсе сабау қамшы,<br>Нөсерлетіп жауар тамшы.<br>(найзағай).<br>Ышқынады өзі жоқ,<br>Ысқырады сөзі жоқ.<br>(боран).<br>Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі).<br>(Сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Осы суреттер бойынша көкөністерді тауып ата.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрект).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6,7,8,8,9, 10 сандарының пайда болуымен 1-ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай | **Ойын барысы:** Балалар мұқият тыңдайды, кім туралы айтып тұрғанын табады.<br>Өзі мейірімді, әркашанда қатық-майы, ірімшігі, қант-кәмпиті дайын. Ол кім? (әже)<br>Еңбек етіп ерінбей,<br>Шашы ағарып қартайған.<br>Бұл сүйікті жан кім? (ата)<br>Бесік тербеп,<br>Ән айтатын.<br>Ертегі айтып,<br>Ойнататын кім сені? (ана)<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Қимылды ойын:**«Тату-тәтті отбасы»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласыңдар.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>.Әбубәкір Қайранның «Әже» өлеңімен танысады.<br>Кеймешегін, жаулығын,<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын,<br>Тілеп жүрем күнде мен. | -Қасқыр не жейді?<br>Тойған қасқыр күшікке не дейді?<br>-Іші пысқан күшік неге жолығады?<br>-Күшік мысыққа не дейді?<br>Мысық не дейді?<br>-Күшік жолда нелерді көреді?<br>-Түйеге күшіктің шамасы келе ме?<br>**Еркін ойын: «Көлеңке»**<br>**Шарты:** Қимылмен көрсетеді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>«Мысық» қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>**«Мысық»** былай жүреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>**«Күшік»** қалай үреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>«Күшік» былай үреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Салыстыр» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басып қалмаймыз.<br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, ұимылын көрсетеді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.<br>Көрнекілік арқылы 6,7,8,8,9, 10 сандарының пайда болуымен 1-ден 9 | шеңберге тұрады.<br>Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым...(тату)<br>-Менің отбасым...(көңілді)<br>-Менің отбасым....<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:**«Менің отбасым» сурет салу.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар отбасы мүшелерінің суретін салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя.<br>(Математика негіздері-танымдық, ойын әректі).<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Грамматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге | санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйету.<br>**Ойын барысы:** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.<br>**Д.О.**«Мен санауды білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың санын анықтауды үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды сана. Нелер он-оннан. (доптар, гүлдер, ойыншықтар).<br>**Д.О.** «Заттар тобын салыстырамын»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды сана. Не артық? Не кем?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Қаламмен бастырып жаз.**10 санын бастырып жазады.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, | **Сұрақ-жауап.**<br>-Әже қандай адам?<br>-Өлең кімге арналған?<br>-Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің?<br>-Сен әжеңе қалай көмектесер едің?<br>**Әжелер-**өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді.<br>**Еркін ойын.** «Қуантамын әжемді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:**Балалар өз әжесіне арнап әдемі сурет салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Менің дене мүшелерім.<br>Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. жаңа сөздердегі қазық тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру.<br>**Д.О.**«Менің денем»<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша адамның дене | **Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қара. Түймелер қандай белгісі бойынша топқа бөлінген?<br>(түс, пішін, өлшем).<br>**Д.О.** «Санаймын және салыстырамын»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санайды және салыстырады.<br>**Ойын барысы:** Достарыңа гүлдерді санауға және салыстыруға көмектес.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Теңдік туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру, толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Әлия дастархан жайды. Қайсысы артық: Тәрелке ме саптыаяқ па? Қайсысы кем: қасық па, тәрелке ме?<br>Саптыаяқ 5=5 тәрелке<br>Саптыаяқ 5<6 тәрелке<br>Тәрелке 6>5 сатыаяқ<br>Қасық 1=1 тәрелке<br>**Д.О.** «Менің достарым»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттар тобын салыстыруды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суретте қанша ұл бала бейнеленгенін сана және ата. Қыздар қанша? Ұлдар қанша? Кімдер артық?<br>(Математика негіздері- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дейінгі цифрмен таныстыру.<br>«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Д.О. «**Сан және санау» **Ойынның мақсаты:**<br>Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>**ДО:** «Біреу-көп»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>«Біреу және көп» ұғымын қайталау.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға бірнеше түрлі заттар немесе пішіндер беріледі. Балалар ең алдымен оларды топтастырады. Қайсысы көп, қайсысы аз екенін атап айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Тәтті тоқаш»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Затты тең бөле білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | дағдыландыру.<br>Қойылған сұрақтарға нақты, әрі тез жауап беруге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>**-**Өз отбасында кімдермен бірге тұрасың?<br>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?<br>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Мамандықтың бәрі жақсы.<br>Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Жұмбақтарды шешеді.<br>Кірпіштен сарай, үй салады,<br>Ол адам кім болады?<br>(құрылысшы)<br>Мектептің жүрегі,<br>Білімнің тірегі.<br>(мұғалім)<br>Сауықтырар сырқатты,<br>Жылы үнмен тіл қатты.<br>(дәрігер) | қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Д.О.** «Бұл қай мезгіл?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың күз туралы түсінігін тереңдету.<br>Күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақтар қою арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар:<br>***Жұмбақты шеш.***<br>Жиын терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз мезгілі)<br>-Күз мезгілінде неше ай бар?<br>-Қай айдан басталады?<br>-Күз мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Ауа-райын бақыла.<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде құстар қайда ұшып кетеді?<br>-Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады?<br>-Адамдар бақта, бақшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді? | мүшелерін атайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**«Көркем әдебиет орталығы»** Е.Пермяктің «Қол бізге не үшін керек?» әңгімесін тыңдайды, сұрақтарға жауап береді.<br>**Тыңда.**<br>**«Қол не үшін керек?»**<br>Немерелері атасын қатты жақсы көреді. Олар үнемі атасының қасында жүреді. Барлық тақырыпта атасымен сөйлеседі. Бір күні атасы немерелерінен сұрайды:<br>-Балаларым, бізге қол не үшін керек?<br>-Ойын ойнау үшін ата-деп жауап береді.<br>-Тағы не үшін деп сұрайды атасы.<br>-Тамақ ішу үшін, мысық ұстау үшін, киімдерімізді кию үшін т.б. деп жауап береді. Немерелері тек өзінің қолына өз қажеттіліктерін орындауға байланысты ойын айтты.<br>Атасы: немерелерім қол адамдарға тек заттарды ұстау үшін ғана емес, тағы да еңбек ету үшін, жақсылық жасау үшін керек қажет деп жауап берді.<br>-Әңгіме не туралы айтылған? | ойын коммуникативтік әрекеті).<br><br>**3.Мүсіндеу**<br>Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.<br>Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.<br>**Д.О.**«Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап жасырынған көжектерді табады.<br>Көжектер анасымен жасырынбақ ойнады.<br>Анасы біреуін тауып алды.<br>Қоянда барлығы неше көжек болды? (3 көжек).<br>(Математика негіздері-ойын коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.**«Кім тез жауап береді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа баулу, ой өрісін дамыту.<br>**Ойынның барысы:**<br>Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.<br>-Қоян қандай аң?<br>-Оның құлағы қандай?<br>-Оның құйрығы қандай?<br>-Қоян қайда мекендейді? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Бірнеше тоқаштарды теңдей қылып қонжықтарға бөліп беру.<br>**Еркін ойын:** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет). | Тікті әсем киімді,<br>Дүкенге әкеп ілінді.<br>(тігінші)<br>Зымыранды ерттеген,<br>Ай, жұлдызды зерттеген.(ғарышкер)<br>Тыныштығы Отанның,<br>Күзететін адам кім?<br>(шекарашы)<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Мамандықты ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі ма мандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қой ылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдылан дыру.<br>**Ойын барысы:** Мамандық иелері белгі ленген суреттерге қарап, мамандық иелерін (дәрі гер, мұғалім, ғарышкер, полиция, құрлысшы) ай тады.(Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әректі).<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** «Кімге не керек?» сұрағына ауызша жауап беру.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-еңбек коммуникативтік | -Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Күз мезгілінің белгілері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғатты аялауға, әсемдікті көре білуге, сезіне білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Суретші қай жыл мезгілін бейнелеген?<br>-Күз белгілерін ата.<br>-Күзде табиғаттың қандай құбылыстарын бақылауға болады?<br>-Күзде жапырақтарда, өсімдіктерде қандай өзгерістер болады?<br>-Жапырақтардың түсуі қай кезде басталады?<br>-Күзде бау-бақшада қандай жұмыстар жүргізіледі?<br>(Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әректі).<br>**Д.О.** «Ненің жапырағы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қай ағаштың жапырағы екенін танып білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балалар серуен кезінде жинаған жапырақтарының қандай ағаштың жапырағы | -Қол бізге не үшін керек? Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады.<br>Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір-біріне жақсылық жасайды екен.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі).<br>**Еркін ойын:** «Не үшін?»<br>**Шарты:** Бірге жаттайды.<br>**«Не үшін?»**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін керек!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br><br>**4. Музыка**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қортынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. | (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»- деп ат қоям.<br>**Еркін ойын:** «Қоян көжектерімен»<br>**Ойынның мақсаты:** жануарлардың қалпын дұрыс мүсіндей білуге үйрету. саусақ моторикасын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар ермексаздан мүсіндейді.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Кім бірінші?»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез қимылдай білуге, ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Себетке сәбіздерді тез жина.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру** (ауада).<br>Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3. Көркем әдебиет** Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясымен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтарды шешеді.<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>Табанында жолы бар,<br>Төбесінде қолы бар.<br>(трамвай).<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық комуникативтік әрекет).<br>М.Әлімбаевтің **«Троллебус»** өлеңін жаттатқызу.<br>Бағанаға ілінген,<br>Аспалы жол сымы бар.<br>Көшелерде жүгірген, | әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Кім болам»<br>Ойын барысы: Балалар өздеріне ұнайтын мамандық иесі туралы айтады, әңгімелейді.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-еңбек коммуникативтік әрекет).<br><br>**4. Музыка**<br>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қортынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>**Ән айту:** «Күзгі әуен» А. Досмағамбет.<br>«Балдырғандар әні» Г.Жотаева.<br>(Музыка-шығармашылық әрект).<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар: «**Жеңіл би» Т.Ломова.<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:** «Көңілді би»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыкаға сәйкес би элементтерін ойлап табу. Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін жерге бірдей қойып, бірге адым басып | екенін ажыратады.<br>-Мынау: қайыңның жапырағы. Түсі сары, пішіні сопақша болып келеді.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-еңбек коммуникативтік әрекет).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Дүкен»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші түрлі себептермен дүкенге бару қажет екенін айтады. **Мысалы:** Біз дүкенге барып жемістер сатып алайық.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың | **Ән айту:** «Күзгі әуен» А. Досмағамбет.<br>«Балдырғандар әні» Г.Жотаева.<br>**Д.О.** «Қай аспап жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай аспаптың жоқ екенін табады.<br>**Ән айту:** «Кап-кап, Тук-тук» Балаларға арналған ән. (үнтаспа)<br>**Әуенді қимыл-қозғалыс:** «Жапырақтар биі» М.Раухвергер.<br>Түрлі-түсті күзгі жапырақтармен билеу.<br>**«Кел билейік»** Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі-көңіл күймен орындауға талпындыру.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет). | қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>**.**Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.<br>**.**Қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.<br>**.**Саусақтарды айқастырып алға жоғары көтеру.<br>(қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру).<br>**.**Қолды кезек жоғары артқа қарай көтеру.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру.<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»** Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Троллебус жолығар. Сым жолымен зулайды, Басқа жаққа бұрмайды. (Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті). **Д.О.**«Толықтыр» **Шарты:** Тәрбиеші сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып айтып, сөйлемді толықтырып айтады. Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус. Егер сумен жүрсе-...(су) көлігі. Олар: қайық, кеме, теплоход. Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру Негізгі қимылдар:** Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4); | қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіруге үйрету. **«Айгөлек»** қазіргі би ырғағы. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Ленталармен жаттығу» В.Моцарт. | арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. **Негізгі қимылдар:Ұйымдастыру кезеңі.** «Күлкі сыйла» Балалар шеңберге тұра ды. Бір-біріне қарап күлімсірейді. **Негізгі кезең.** «Зейінді боламыз» **Мақсаты:** Балалардың зейіндерін шоғырлан дыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды жалғастыру. **Ойын барысы:**Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру. Допты ашылған саусақ тарымен қағып алу шеберліктерін дамыту. **«Қи қоңыз»** ойын-жаттығуы. **Ойынның мақсаты:** Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру. | | керемет! Менде бәрі тамаша! Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін! Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін! Мен бәрін жасай аламын! **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар» **Мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш!<br>Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң жетерсің,<br>Сен де бір күн жеңіске!<br>**Негізгі кезең.**<br>**.**Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>**.**Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>**.**Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығу ларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады. | | **Ойын барысы:**<br>Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Футболшылар»** Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). **Қортынды кезең. «Бәрі қолымнан келеді!»** Балалар шеңбер бойымен тұрады. Бүгінгі күн қандай керемет!Менде бәрі тамаша! Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін! Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін! Мен бәрін жасай аламын! | | | | |
| **Серуен** | №1 Ауа-райын бақылау. | №9 Аспанды бақылау. | №2 Желді бақылау. | №6 Жапырақтардың түсуін бақылау. | №27 Тал, ағаштарды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Койшыбай Арайлым және Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Дұрыс, мәнерлі сөйлей алуды, интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолдануды меңгерту. | Бейсен Абзал және Закирия Мереймен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. | Койшыбай Арайлым және Төлеу Айшамен жеке жұмыс 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Бейсен Абзал және Закирия Мереймен жеке жұмыс. Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық танытуды, ойын ережелерін сақтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың іс-әрекетіне көңіл бөлу. | Өлең жолдарын үйден жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Ертегі мазмұнын айту. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ КММ

Мектепалды сынып Балалардың жасы_5 жас____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14-18 қараша 2022 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Д.О. «Ілгекті жолдар»** **Ойынның мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету. **Ойын барысы:** Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз бетіне жол жасау. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Ғажайып пішіндер» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Жануарлар қандай пішіндерден құрас тырылған?Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдала нылған, геометриялық пішіндерден апплика ция ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.) (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Бөліктерден шаршы жина» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:**Бөліктерден шаршы жинайды. Қандай сурет пайда болғанын айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Д.О.** «Аукцион» **Ойын барысы:**Педагог әртүрлі заттарды аукционға шығарады. Заттың пайдалануы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді. -Құмды қай жерде пайдаланады? -Кірпіштен не жасауға болады? -Ағаштан не жасайды? (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қараша айына таңертеңгі жаттығу кешені. №2 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылғ аніс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Ойын мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын | **Д.О.** «Ненің жапырағы?» **Ойын мақсаты:** Қай ағаштың жапырағы екенін танып білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. **Ойын барысы:** | **Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі» **Ойынның мақсаты:** Балалардың аспан әлеміне деген ынталарын ояту, білімпаз болуға баулу. **Ойын барысы:** Балалардың алдына | **Сөздік ойын:** «Денсаулық құпиялары» **Ойынның мақсаты:**Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге | **Д.О.**«Жаны саудың-тәні сау» **Ойынның мақсаты:** Денсаулық туралы түсініктерін қалыптастыру, толықтыру. **Ойын барысы:**Суреттерге қарайды, денсаулықты нығайту туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | Балалар серуен кезінде жинаған жапырақтары ның қандай ағаштың жапырағы екенін ажыратады.<br>-Мынау: қайыңның жапырағы. Түсі сары, пішіні сопақша болып келеді.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-еңбек коммуникативтік әрекет). | аспанда болатын және жерде болатын дене лердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі** | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған орта.<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1.**Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Денешынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған орта.<br>**3**.Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу нагіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу/ Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О «**Үй жануарлары»<br>**Ойынның мақсаты:**Сурет бойынша әңгімелеу. Үй жануарларына қамқорлық сезімін ояту | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қор.<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина» | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қор.<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Менің анам»<br>**Ойынның мақсаты:** Анасы туралы пікірін тиянақты, еркін жеткізе білуге талпындыру. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтарымен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**ДО:** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және оларға жағдай жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануарлары туралы білетінін айтады.<br>**Сұрақ-**<br>-Үй жануарлары не жейді?<br>-Адамдар үй жануарларын не үшін ұстайды?<br>-Үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Төлін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Төрт-түлік мал төлдерінің аталуын және оларды ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**Төлдерді өз анасына сызық арқылы қосады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Төлдер»<br>**Ойынның мақсаты:** Әнді жеңіл, көңілді орындау қабілеттерін жетілдіру. Үй жануарларына деген қызығушылық сезімін ояту | **Ойынның мақсаты:** Өсімдіктер туралы білімдерін толықтру. Сөздік қорын молайту, балалардың тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Шалғын бейнеленген үлкен сурет (шөп, өсімдіктері жоқ) және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді | -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Осы суреттер бойынша көкөністерді тауып ата. Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Берекесін сыйлауға, Өлкемізге күз келді. Жемістерін жинауға, Шақырады біздерді.<br>**Тыңда.**<br>Күзде барлық жемістер мен көкөністер піседі. **Жемістер** бақта өседі. Көкөністер бақшада өседі.Жемістер: алма, алмұрт, шие, өрік, жүзім. Т.б.<br>**Көкөністер:** қияр, қызанақ, сәбіз, қызылша, орамжапырақ , бұрыш т.б.<br>**Д.О.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Бау-бақша туралы әңгімелеу. Адамдар еңбегіне құрметпен қарауғатәрбиелеу.<br>-Жемістер бақта....<br>-Көкөністер бақшада.....<br>-Жемістерді атаңдар.<br>-Көкөністерді атаңдар.<br>-Көкөністерден......<br>-Пісірмей жейтін | **Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгелене тұрып, әр бала өздерінің сүйікті анасы туралы ойлап, анасының өздерін қалай еркелететінің айтады.<br>-Мені анам: «айым, күнім, ботам, ақылдым»,-деп еркелетеді.<br>-Мені анам.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.** «Анама сыйлық»<br>**Ойынның мақсаты:** Анаға құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Анасына таңдаған әшекей бұйымды түрлі-түсті қарындаштармен бояйды. Әшекей бұйымды қай жерге тағатынықалай аталатыны туралы айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет, сурет салу-шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері).<br>**Еркін ойын:** Ән айту: «Ақ мамам»<br>**Музыкасы:** Ә.Бейсеуов.<br>-Әлемдегі ең қымбат, ең аяулы жан кім?<br>-Кім сендерді аялап, мәпелеп өсіреді?<br>(Музыка-шығармашылық | екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**Д.О.** «Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді әңгімелейді, сөйлем құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет).<br>**Д.О.** «Шатасқан сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көздерін жұмады. Педагог сандардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді.<br>**Еркін ойын:** «Көңілді сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қалауынша бейнелеп салады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларды қолдану. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, | ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Ойыншықты тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп ойыншықты табады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді. Ауыз-екі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады.<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік | **7.**Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал.<br>**8.**Заттардың суретін оннан болатындай толықтырып сал.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.** «Дәмді сәбіз»<br>**Ойынның мақсаты:** Затты тең бөле білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Себеттегі сәбіздерді теңдей қылып көжектерге бөліп беру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Мен және менің әлемім!»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың ой өрісін, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** | дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табады.<br>Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.<br>(бидай).<br>**Тыңда.**<br>Бидай, тары, күріш, сұлы-бұлар дәнді дақылдар.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қайдан келдің бауырсақ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ойынды қызықты, ұйымшыл болып ойнауға үйрету. Балалардың тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар рөлге бөліп айтады.<br>-Дастарханда шашылып,<br>Жатты аппақ бауырсақ.<br>Бауырсаққа қызығып,<br>Қарап тұрды көзін сап:<br>**Қуыршақ:** Қайдан келдің бауырсақ?<br>**Бауырсақ:** Дүкеннен келдім нан сатқан.<br>**Қуыршақ:** Дүкенге келдің қай жақтан?<br>**Бауырсақ:** Наубайдан келдім нан жапқан.<br>**Қуыршақ:** Наубайға | жауабын табады.<br>**.**Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>.Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түн бойы,<br>Тышқанды ол қуады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Мысық**<br>Мен кәдімгі мысықпын,<br>Рас көзі қысықпын.<br>Жүйкесінде ойнаймын,<br>Тышқан деген пысықтың<br>Күлме мейлің күл мейлің,<br>Итті көзге ілмеймін,<br>Жақсы көрем балықты,<br>Әттең аулай білмеймін.<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.<br><br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br>-«Марғау»-дегеніміз не?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Мысық жіп орамымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру.<br>**«Ертегілер сиқырлы әлемі»** атты кітап көрмесін ұйымдастыру.<br>**Мақсаты:** Балаларды әлем халқтарының ертегілерімен таныстыру. Әсіресе, оларды ертегі әлемінен адамдар, жануарлар және өсімдіктерге байланысты ертегілермен таныстыру.<br>**Ойынның барысы:** Балалар ертегі туралы ақпаратты қызығушылықпен тыңдайды. Онда жануарлар адаммен сөйлеседі, тіпті ең керемет армандар орындалып, жақсылық әрқашан зұлымдықты жеңетінін біледі. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық комуникативтік әрекет).<br>**Д.О.** «Телефон»<br>**Ойын брысы:** Екі бала ойыншық телефон тұтқасымен бір-бірімен сөйлеседі. Мысалы:<br>-Сәлеметсің бе, Айнұр?<br>-Сәлеметсің бе, Аружан?<br>-Ертең мен анаммен | қорын молайту, тіл байлығын арттыру, сұрақтарға дұрыс, толық жауап бере білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақ-жауап.<br>-Балалар сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма?<br>-Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?<br>-Ойыншықтарды қалай ұстау керек? (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Біз ұқыпты баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Ойыншықты жинаймыз,<br>Үлкендерді сыйлаймыз.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ауыз-екі сөйлеуде көркем сөздерді қолдана білуді меңгерту**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.<br>-Менің ойыншығым...(әдемі).<br>-Мен қуыршақпен...(ойнаймын).<br>-Допты | Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Негізгі қимылдар:** | келдің қай жақтан?<br>**Бауырсақ:** Диірменнен келдім ұн тартқан.<br>Жер-анам менің көсілген,<br>Диқандар мені өсірген.<br>**Еркін ойын**: «Ас атасы-нан»<br>**Шарты:** Нанның дастарханға дайын болып келу ретін айт.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактор мен комбайын,<br>Жүргізуге мен дайын.<br>(Балалар бірге қайталап айтады, қимылмен көрсетеді).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Тәтті тоқаш»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға түрлі себептермен дүкенге бару қажет екенін айтады. Мысалы:<br>-Анама арнап дүкеннен тәтті тоқаштар сатып аламын.<br>-Бүгін Әсемнің туған күні екен. Дастарханға қоятын | ойнайды»<br>Балалар ермексаздан мүсіндейді. (Мүсіндеу-шығармашылық іс-әрекет).<br>**Еркін ойын:**<br>«Мысық»<br>**Шарты:** Ән тыңдау.<br>**Музыкасы:** Б.Ғизатов.<br>**Сөзі**: Б.Соқпақбаев.<br>Балалардың жұмысын бағалау. Көрме ұйымдастыру. (Музыка-шығармашылық әрект).<br><br>**4.Дене шынықтыру** (ауада)<br>Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**.**Бір тізбекпен жүру;<br>**.**Шашырап жүру;<br>**.**Секіру: бір орнында тұрып секіру, айналу.<br>**.**Оң аяқ және сол аяқты алмастырып секіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кітап дүкеніне барамын.<br>-Сен де бізбен барасың ба?<br>-Анам рұқсат берсе, барамын...<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық комуникативтік әрекет).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Дүкен»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кітап дүкенімен таныстыру. Балалардың ойынға деген қызығушылығын ояту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату. Дүкеншінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог түрлі себептермен дүкенге бару қажет екенін айтады. **Мысалы:**<br>Айнұрдың туған күні. Біз дүкенге барып Айнұрға сыйлыққа кітап сатып алайық.<br>(ойын осылай жалғасады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, дене | жоғары...(лақтырдым)<br>-Мен досыма...(сыйладым)<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Менің сүйікті ойыншығым»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар өздерінің сүйікті ойыншығының суретін салады.<br>-Ойыншықтардың қандай түрлерін білесіңдер?<br>-Қандай ойыншықтың суретін салдыңдар?<br>(Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әректі).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Ойыншық» Ғ.Жұбанова.<br>**Ән айту:**<br>«Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев. | Секіру. Бір орында тұрып алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; түзу бағытта қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен бір орнында тұрып биіктікке секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жакқа созу. Қолды жоғары көтеру және екі жакқа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып алға жоғары көтеру. (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары артқа қарай көтеру.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, | тәтті тоқаштар сатып алайық. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка.**<br>***Ән айту.*** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>Қазақтың халық әні. «Ауылым-әнім» Үнтаспа.<br>***Ән айту:*** «Қазағымның дәстүрі» О.Сүлеймен.<br>-Әнде не туралы айтылады?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Осы әннен қандай әсер алдыңдар?<br>Барлық тәтті, дәмді тағамдар: шұжық, қазы, қарта, жал-жая, қымыз, шұбат, құрт, ірімшікті-қазақтың ұлттық тағамдарын ауылдан, базардан табуға болады.<br>-Дегенмен, балалар, ас атасы не?<br>-Дұрыс! Ас атасы-нан!<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Қара жорға биі»<br>(Музыка-шығармашылық әрекет). | Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 минут).<br>Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**.**Бір-бірден тізбекте тұрады;<br>**.**Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>**.**Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**.**Өкшемен, аяқтың ұшымен жүру.<br>**.**Жай жүріс.<br>**Спорттық жаттығулар:**«Еуропаға саяхат»<br>«Пойыз» ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Ирелеңдеп жүгіру; жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіру.<br>**«Ұшақтар» Африка.**<br>Африка, Африка ғажап ел!<br>Африка, Африка ыстық ел!<br>Африка, Африка тәтті банандар! | **Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру, сұрақтарға дұрыс, толық жауап бере білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақ-жауап.<br>-Сендерде қандай ойыншықтар бар?<br>-Сендер ойыншықтарыңмен қалай ойнайсыңдар?<br>-Ән қандай көңіл-күйде айтылып тұр?<br>-Ойыншықтармен доссыңдар ма?<br>-Ойыншықтар түрлі-түрлі болады. Олармен дұрыс ойнамасаңдар, ойыншықтар сендерге ренжіп қалады. Орынсыз сындырып, әр жерге лақтыруға болмайды. Ойнап болған соң орнына қайтадан жинап қойсаңдар, олар сендерге риза болады.<br>-Ән айтар алдында дауысты жаттықтырып, демді үнемдеп алып, жайлап шығарайық. Әнді көңілді айтамыз.<br>**Музыкалық-ырғақтық** | футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет!<br>Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын! | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Өйткені Африкада жыл бойы жаз.<br>**Шарты:** Ұшақтың ұшуын салады. Қолдарын екі жаққа созып қалықтайды; солға, оңға, төмен иіледі; жоғарыға қарай созылады.<br>**Антрактида.** Антрактидада жыл бойы қыс болады. Пингвин оның мекені. «Пингвиндер» ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Екі тіземен допты қысып, белгіленген жерге екі аяқпен секіріп барып, кері жүгіріп келеді, тізбектің соңында тұрады.<br>**«Кенгуру»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Екі тізенің ортасына допты қысып секіреді. Допты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Қимылды ойын.** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды? | **қимылдар:** «Қуыршақпен билейміз» Н.Лысенко.<br>Қолға қуыршақты алып, музыка әуенімен түрлі қимылдар жасау. Музыка әуеніне өзі ғана емес, қуыршақты да ілестіріп, бірге нақты қимылдар жасау. (Музыка-шығармашылық әрект). | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | | |
| **Серуен** | **№1 Ауа-райын бақылау.**<br>Табиғаттағы күзгі өзгерістер туралы балалардың білімдерін қалыптастыру.<br>Қараша айы-күндер қысқарады. Күн көзі жоғары көтерілмейді, күндер суытты. Аспан бұлыңғырланып, қар аралас жаңбыр жиі жауады, жер қата бастайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар аланда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Сөздік ойын:** «Ауа- | **№2 Желді бақылау.**<br>Жел-бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдік тердің қозғалысына қарап анықтауға болады. Әлсіз жел-жапырақты ақырын тербетеді, жерге түскен жапырақты сәл ғана жылжытады. Күшті жел-бұтақтарды шайқалтады. **Жұмбақ жасыру.**<br>Қанаты жоқ-ұшады,<br>Аяғы жоқ-қашады.<br><br>(жел).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Жел мен жапырақшалар»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге, жылдамдыққа үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Әртүрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Табиғат бұрышында | **№4 Бұлтты бақылау.**<br>Ерте күзде аспан көбінесе көгілдір, таза болып аспанда бұлттар ақырын жүйіткиді.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Аспанға ұшар бу болып,<br>Жерге қайтар су болып.<br><br>(бұлт).<br>**Қимылды ойын:**<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ғарыш туралы білімдерін толықтыру. Балаларды батылдыққа,, төзімділікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Ортада бір бала Күн болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғалам шарлар. Мысалы: Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар «Күнді» айналып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Бұлтты суретте»<br>**Ойынның мақсаты:** | **№6 Жапырақтардың түсін бақылау.**<br>Балалардың назарын жапырақтардың қызыл, сары, жасыл-сары болып жерге түсіп жатқанына назар аудару.<br>Жапырақтар көп мөлшерде немесе аз мөлшерде түсетінін бұл көрініс жел үшіне байланысты екенін атап айту.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса-жасыл,<br>Түссе-сары.<br><br>(жапырақ).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Асық бірақ түсіріп алма»<br>**Ойынның мақсаты:**Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Ойын барысы:**Балалар қолындағы жапырақшаны түсірмей жүгіре алу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Аяқ астындағы жапырақтар қалай сыбдырлайтынын тыңдау»<br>**Ойынның мақсаты:** | **№11 Топырақты бақылау.**<br>Балалардың назарын аяқ астына, жерге аудару.<br>Құрғақ жылы күні топырақ жылы болады, қолға алсаң шашылғыш, түсі ашық, сұр түсті болады. Жаңбырлы күні топырақ қара түсті, тығыз, ылғалды болады. Алғашқы суық түсісімен топырақ, тас сияқты қатты болып, қатып қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қи қоңыз»** ойын-жаттығуы.<br>**Ойынның мақсаты:** Еркін бағытты доптарды домалатуға жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Доптарды домалатып жүреді, доптарды қатты итермейді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Топырақты бақыла»<br>Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау.<br>**Тәжірибе:** Ауа-райы жылы болғанда топырақты қолмен ұстап көру.<br>**Қорытынды:** Топырақ жылы, оны күн қыздырады.<br>**«Қатені тап»**<br>Жылдың әр мезгіліндегі топырақтың жағдайы жайлы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты).<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау. Жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Д.О.** «Тәжірибелер мен сұрыптамалар»<br>**«Жел»** сөзіне анықтама айт.<br>**Тәжірибе:** Шардың желін шығару.<br>**Қорытынды:** Жел дегеніміз-кейде қатты, кейде баяу горизантальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу. | Балалардың сөздік қорын молайту, толықтыру. Тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бұлтты суреттейтін сөздерді тауып айтады.<br>«Аспан денелерін ата» Күн, Ай, Жұлдыз, планетелар-аспан денелері екендігі жайлы білімдерін бекіту.<br>**Өзіндік іс-әрекет:**Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. | Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, тыңдай білуге, түйін жасай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Аяқ астындағы жапырақтар қалай сыбдырлайтынын тыңдайды. | балалардың не білетіндігін анықтау.<br>**Өзіндік іс-әрекет:**Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әлиханмен жеке жұмыс.<br>Дұрыс, мәнерлі сөйлей алуды, интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолдану. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс.<br>Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. | Койшыбай Арайлыммен жеке жұмыс<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Барлық балалармен жұмыс<br>Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс.<br>Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық танытуды, ойын ережелерін сақтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлу. | Сан және санау.1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Мектепалды _сынып___Балалардың жасы_5 жас______**Жоспардың құрылу кезеңі:**21-25 қараша 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Жапырақ әні. Жаттау.**<br>Қызыл-сары жапырақ,<br>Көз тартады атырап.<br>Қандай әсем айнала,<br>Қараңызшы бақылап.<br>**Қайырмасы:**<br>Қызыл-сары жапырақ,<br>Қызыл-сары жапырақ.<br>Жапырақты терейік,<br>Еңбекпен тер төгейік.<br>Қызылымен сарысын,<br>Екіге тең бөлейік.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет) | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Тіс нені жақсы көреді?»<br>**Мақсаты:**Тіске дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Әдептілік-әдемілік»<br>**Мақсаты:**балаларды адами қарым-қатынас жасай білуге үйрету.<br>**Барысы: «**Мен әдепті баламын»<br>Саябақта...<br>Асханада....<br>Автобуста....<br>Кітапханада...<br>Дүкенде....<br>(балалардың әңгімелеуі).<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Егер көшеде жүргенде аяғың су болса»<br>**Мақсаты:** Салқын тиюдің алдын алу шараларымен таныстыру. Ауа-райына сай киінуге үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қараша айына таңертеңгі жаттығу кешені. №3 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Д.О.** «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға жыл | **Д.О.** «Барады құстар қайтып»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Құстар туралы | **Балалармен бірге:**«Жұмбақтар жасырайық»<br>**Мақсаты:** | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>ойлау қабілеттерін | **«Күзгі бақ»**<br>Өнер орталығында сурет салу.<br>**Мақсаты:** Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сай қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету. Балаларды әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндерін айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Суреттен топтасып ұшып бара жатқан құстарды көрсетіп әңгімелеу. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі). | арттыру. **Ойынның барысы:** Екі бірдей суреттеі айырмашылықты табуды және салыстыру. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі). | сурет салуға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Сурет салу-шығармашылық әрект, қоршаған ортамен таныстыру). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері. **2**.Математика негіздері **3.**Көркем әдебиет. **4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту. **2.**Қоршаған ортамен танысу **3.**Қазақ тілі. **4**.Музыка. | **1.**Сауат ашу негіздері **2**.Математика негіздері **3.**Көркем әдебиет **4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту **2.**Қоршаған ортамен танысу **3**.Қазақ тілі **4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері. **2**.Математика негіздері **3**.Сурет/Жапсыру /Мүсіндеу/Құрастыру. **4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау | **1.Сөйлеуді дамыту.** Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу | **1.Сөйлеуді дамыту.** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдана білуге көмектесу. **Д.О.** «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата» **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі карточкада | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, құстар, ұя деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Құстар біздің досымыз,<br>Бау-бақшаны қорғайды.<br>Ұя жасап қарсы алсақ,<br>Құстар бізді қолдайды.<br>(Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер).<br>**Еркін ойын:** «Құстарға көмек»<br>**Шарты:** Түрлі-түсті дайын қағаздардан құстардың ұясын | сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Сипаттау бойынша тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Айналадағы әлемге деген қызығушылықты дамытуды жалғастыру, ой өрісін сөйлеуін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір затты сипаттайды. (доп, шар, машина, ұшақ т.б.) Балалар сол заттың сипаттамасыбойынша не екенін табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**ДО:** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға | кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О**. «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Көрнекілігі:** Жыл мезгілдерінің суреттері.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша балалардын жылдың қай мезгілі екенін сұрау. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін атау.<br>(Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Алтын күз»<br>**Ойынның мақсаты:** | бейнеленген суреттерді ортақ сөзбен атауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын және оларға қандай ортақ сөз айтуға болатынын айту.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.**«Дәл тауып айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды суреттен көрген үй жануарлары, аңдар және құстардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу.<br>**Ойын барысы:** Балалар бірінші суреттен үй жануарларын, екінші суреттен аңдарды, үшінші суреттен құстарды атап шығады. Жалпы және жеке ұғымдарды бекітіп, оларды қорғау үшін, қамқор болу үшін не істеу керек екенін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.** «Заттың атын ата» | орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**Суретпен жұмыс.** «Күзгі бақтағы еңбек» (сурет бойынша әңгімелеу).<br>-Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген?<br>-Балалар қайда жүр?<br>-Олар не істеп жатыр?<br>-Осы суреттер бойынша жемістерді тауып ата.<br>(Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру).<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br><br>Әрі қызыл, әрі тәтті,<br>Татқан жанды таңырқатты.<br><br>(алма).<br>Алма дерсің түсіне қарап,<br>Жүгері дерсің ішіне қарап.<br>Татсаң тәтті бал шәрбатты,<br><br>(анар).<br>Алма, алмұрт, анар сөздеріне сөйлем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапсырады.<br>-Өзің білетін жыл құстарын ата.<br>-Қандай құстар қыста қыстап қалады?<br>-Біздер құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек?<br>-Ұясы жоқ торғайларға қандай қамқорлық жасар едіңдер?<br>(Сауат ашу негіздері, қоршаған орта, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер).<br><br>**2. Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Шатасқан суретші»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, 10-ға дейін санай алу. | бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О**. «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, | Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Күз мезгіліне сәйкес қиылған суреттерді жабыстырып сөйлем құрастыру.<br>(Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер, қоршаған орта, жапсыру-шығармашылық әрекет).<br>**Саусақ ойыны.**<br>Жаңбыр жауды тық-тық,<br>Сен далаға шық-шық.<br>Соғады жел гу- гу,<br>Құстар ұшты ду -ду.<br>(тілдік қарым-қатынас).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай | **Ойынның мақсаты**: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Көзі байланған бала қоржын ішінен бір затты алады. Сонан соң сол затты жан- жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.<br>**Балалармен бірге:** «Жылулық шеңбері» Н.Айтовтың **«Жолың болсын!»** өлеңіне жылулық шеңберін құру.<br>-Балалар, адамдар көлікпен алыс сапарға шыққанда бір-біріне «Жолың болсын!»-деп жақсы тілек айтады.<br>Олай болса:<br>Атам шықса сапарға,- | құрастыру.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі).<br>**Суретпен жұмыс.** Суреттен А дыбысы бар зат атауларын ізде.<br>**Д.О.** «Балық аулайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі).<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**1.**Үзік сызықтарды қос.<br>**2.**Суретті жалғастыр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы номерлер дұрыс орналаспаған. Сондықтан сандарды дұрыс ретпен орналастыру қажет. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:**Теңдік туралы түсінікқалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды. Доптар қанша? Шарлар қанша? Қайсысы артық? Қайсысы кем? (Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О:**«Апта күндері»<br>**Ойынның мақсаты:** Апта күндерін ретімен атап, санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Апта күндерін атайды, ретімен айтады. (Математика | математика негіздері-танымдық коммуникативтік әрекет).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.<br>**Д.О.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?» деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.<br>Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу.<br>**Д.О.** «Арнайы көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды арнайы көлік түрлерімен таныстыру, олардың атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру.<br>***Жедел жәрдем***-қолма-қол берілетін көмек.<br>**Өрт сөндіргіш**-өрт сөндіруге арналған техника. | ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойын барысы:** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.<br>**Санау әні.** (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық эрект).<br>**Д.О.** «Санап үйренем»<br>**Ойын барысы:** Суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Геометриялық | жолың болсын! - дейді апам.<br>Апам шықса сапарға,<br>-Жолың болсын!-дейді атам.<br>-Жолың болсын! -дейді олар,<br>Үлкенге де кішіге.<br>-Жолың болсын!-дейді олар,<br>Ұшырасқан кісіге.<br>Осы сөзді байқадым,<br>Қуат барын, күш барын.<br>-Жолың болсын!-айтам мен,<br>Алыс жолға шықса кім.<br>**Д.О.** «Көліктерді топтастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы алған білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі карточкалардағы көліктерді әуе, жер, су ажырату.<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>-Қандай көлік ұнайды?<br>-Көліктер адамға не үшін қажет?<br>(Қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Балалармен бірге:**«Жұмбақтар жасырайық» | **3.**Қысқа және ұзын таяқшаларды жаз.<br>**4.**Алмаларды штрихта.<br>**5.**Суреттерді боя.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әректі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Сан және санау.**<br>1-ден 10-ға дейінгі сандар.<br>**1.**Суреттегі бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт.<br>**2.**Заттарды сана, сандарды боя.<br>**3.**Қалдырылған санды тап.<br>**4.**Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз, ермексаздан жасап көрсет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, мүсіндеу-шығармашылық әрекет).<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.**<br>(үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға | **Су сепкіш**-су шашуға арналған техника.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О. «Ақылды машиналар»**<br>**Ойынның мақсаты:**Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналрдың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру, аттарын дұрыс атауға үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекіліктер:**<br>Машиналар. Бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк көліктері, жеңіл такси машиналары, қар тазалайтын машиналар.<br>**Ойын шарты:**<br>Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен | пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әртүрлі болады. (қызыл, жасыл, сары, көк).<br>**Тапсырма:**<br>.2 бірдей қызыл шеңберді тап.<br>.Бірдей түсті барлық пішіндерді жина.<br>.Барлық көк түсті кішкентай пішіндерді тап.<br>.Өлшемі бойынша бойынша бірдей үшбұрыштарды тап.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Автожарыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа баулу.<br>**Ойын барысы: 2 бала** бір-бірден ойыншық көлікке жіп байлайды. Нұсқау берілгенде лентаны бүктеп, ойыншық көлікті өзіне қарай тартады. Кімнің көлігі бірінші жетті? Кімдікі соңынан келді?<br>(Математика | **Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br><br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Май жейді, су ішеді,<br>Бұл не екен балалар?<br>(машина).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(автобус).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(ұшақ).<br>Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрлі-берi жүр көшіп.<br>(поезд).<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Өнер орталығы:**<br>«Автобус»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті бояудың көмегімен, геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін | **Ойынның мақсаты:**<br>Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.**«Пішіндерден не құрастыруға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ұзын құлақты,<br>Қысқа құйрықты.<br>Сәбіз-оның сүйікті асы,<br>Секеңдейді ұқыпты.<br><br>(қоян).<br>**Әңгімелеу:** Бүгін бізге жүгіріп қоян келді. Ол өте қатты тоңып қалыпты және сендерден өздеріңде бар пішіндерден кішкентай үйшік жасап беруін сұрайды.<br>-Қане, балалар қоянға көмектесейік.<br>**Балалардың жұмысы:**<br>Балалар алдарындағы геометриялық пішіндерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Отбасы»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы мүшелерін атай отырып, айналасындағы болып жатқан оқиғаларға қарап үлкенді сыйлап, кішіге қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасында болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>**Балалармен бірге:** Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта, музыка-шығармашылық эрект).<br>**Д.О.** «Анаммен өткізген бір күн»<br>**Ойынның мақсаты:** | таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады. Сол көлік түрі бойынша әңгімелейді (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.**«Толықтыр»<br>**Шарты:** Сөйлемді толықтырып айтады. Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, жүк көліктері, автобус, троллебус). Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход. Егер әуеде ұшса- | негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау жылдамдығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Көрсетіп қойған сандар ішінен қалып қойған сандарды тауып айту. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын | салуды үйрету.<br>**Балалардың жұмысы:** «Автобус»<br>-Балалар, бүгін біз көліктің бір түрі-автобусты саламыз. (автобусты қалай салу керек екенін үлгіні көрсете отырып түсіндіру). Алдымен тік төртбұрышты пішін саламыз. Дөңгелектерін саламыз. Алдыңғы бөлігіне кабинасын, терезесін кіші төртбұрыштардан саламыз. Балалар салған автобусыңды өздерің қалаған түспен боясаңдар болады. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, сурет салу-шығармашылық эрект).<br>**Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрайық, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Автобусқа мінеміз. (балалар қимылмен көрсетеді). Дене шынықтыру-ойын | пайдаланып, қоянға арнап үйшік жасайы. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, құрастыру-шығармашылық әрекет)).<br>**Еркін ойын:** «Құмырсқалар санамағы» (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады. (Музыка-шығармашылық эрект<br><br>**3.Құрастыру.** Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>**Д.О.** «Көліктерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретте берілген көлік түрлерін атайды.<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Диалогті түрде сөйлесе білуге, граматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Анасымен өткізген бір күнді әңгімелеу.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар:** Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш!<br>Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң жетерсің, | бұл...(әуе) көлігі.<br>Олар: ұшақ, тікұшақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз ұшамыз, ұшамыз,<br>Бар әлемді құшамыз.<br>Әрбір елмен қалаға,<br>Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қортынды.**<br>-Өскенде ұшқыш болғың келе ме?<br>-Ұшқыш болған сендерге ұнай ма?<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз | білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Сөздік ойын.** «Мен және менің әлемім!»<br>**Ойынның мақсаты:**Айналасын да болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту.<br>**Ойын барысы:** «Мен және менің әлемім!» Әңгімелеу.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Достарыммен өткізген бір күн»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогті түрде сөйлесе білуге, граматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Демалыс күні достарымен өткізген бір күнді әңгімелеу.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту- | әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.<br>**Д.О.** «Дыбыстар әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды анық айта білугеүйрету.<br>**«ң»** дыбысы.<br>Аю, қасқыр-бұл аңдар,<br>Қоян, түлкі-тағы бар.<br>Жемтік іздеп жапаннан,<br>Күндіз түні қаңғырап.<br>**«Ү»** дыбысы.<br>Үкі-деген әдемі,<br>Үлпілдеген желегі.<br>Қыздар әсем болсын деп,<br>Үкі тағып береді.<br>**«Һ»** дыбысы.<br>Айдаһар қандай қарашы,<br>Ол ма, таудай жыланның ағасы.<br>**«Ғ»** дыбысы.<br>Ғарыш деген көк аспан,<br>Ай, Жұлдызы жарасқан.<br>Мен ғарышкер боламын,<br>Айға барып қонамын.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік | ұнатасың?<br>-Ұшаққа мініп көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табады.<br>Қанаты бар жаны жоқ,<br>Табаны бар, аяғы жоқ.<br>Өзі ұшады, аспанда жүреді,<br>Теңізден де, таудан да өтеді.<br><br>(ұшақ).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br><br>(ұшақ).<br>Құстан аумайды,<br>Көкте заулайды.<br><br>(ұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Ұшақ»<br>**Ойынның мақсаты:** Әуе көлігі туралы білімдерін толықтыру. Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сен де бір күн жеңіске!<br>**Негізгі кезең.**<br>.Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>.Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>.Төрт-төрттен тізбек құру.<br>.Өкшемен, аяқтың ұшымен жүру.<br>.Жай жүріс.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**«Кенгуру»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Екі тізенің ортасына допты қысып секіреді. | ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** Ә-болса:<br>**Балалр:** әже, әке, әтеш.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Дыбыстық жаттығулар:**<br>Ра-ра-ра-мені шағып алды ара.<br>Ар-ар-ар-жауады қар.<br>Та-та-та-ақсақалы ата.<br>Е-е-е-ақ жаулықты әже. Ке-ке-ке-асқар таудай әке.<br>На-на-на-мейірімді ана.<br>Ға-ға-ға-қамқоршы аға.<br>Ыз-ыз-ыз-Аруназ жақсы қыз.<br>**Ойын сайыс.**<br>«Жаңылмай айт»<br>Қырда тырна, қырда тырна.<br>Ала ала алашалар, | коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Телефон»<br>**Ойынның мақсаты:** естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогтік сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекілігі:**Телефон<br>**Ойын барысы:**<br>Телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізеді. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей сыбырлап айту керек.<br>(Көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырп, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдатыруға | ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дыбыстар еліне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды анық айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар тыңдайды, дыбыстарды педагогпен бірге айтады.<br><br>-Ернар күнде ала бұзауына сүт беріп жүріп, көкорай шөпке жайып, қамқорлық жасап жүрді. Бір күні ала бұзау қалың тоғай арасына кіріп кетті. Ернар бұзауын іздеп тоғайға келді. Қатты жел соқты.<br>-Жел соққанда қандай дыбыстар шығады? **у-у-у.**<br>Желдің әсерінен ағаштардың жапырақтары шулады.<br>-Қандай дыбыстар естіледі? **ш-ш-ш**<br>Тоғайда жүру өте қиын болды. Маса ызыңдап мазасын алды**. з-з-з.**<br>Ернар қасына еріп келген Ақтөстің ырылдаған даусын естіді. **р-р-р.**<br>Ернар айналасына қарады. Шөп арасынан басын көтеріп, Ақтөске | саусақ моторикасын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қағаздан бүктеу арқылы ұшақты жасайды.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру-шығармашылық әрекет).<br>**Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қанатымызды жаямыз.<br>Ұшақ болып ұшамыз,<br>Ұшып-ұшып аламыз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға аспан әлемі туралы түсінік беру. Білімпаз болуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**(ауада).<br>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Қортынды кезең.**<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет!Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Оған кім таласа алар.<br>Көк шар, көп шар,<br>Көп шар, көк шар.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Күзгі әуен» «Күз тамаша»<br>А.Досмағанбет.<br>**Ән айту:**<br>«Ақ жауын»<br>А.Дүйсенов.<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар:** | мүмкімдік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Қимылды ойын:**<br>Асық ойнау.<br>**Ойынның мақсаты:** Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастырады.<br>Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталайды. Балалар асықпен ойналалатын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиеленеді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Затты тауып атын айт»<br>**Шарты:** Асықтың түсу түрлерін атап айтады: алшы, тәйке, бүк, шік.<br>**Негізгі кезең:**<br>«Асық алу ойыны»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып жүреді педагог «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға | қарап айбат шегіп тұрған жыланды байқады. Жылан Ақтөске қарап ысылдап тұр екен.<br>**с-с-с.**<br>Жыланды көрген Ернар қорыққанынан өсіп тұрған емен ағашының түбіне тығылды. Ыжылдаған дыбысты құлағы шалды. Ол еменің бұтағында орналасқан араның ұясын көрді. Ыжылдаған аралар екен.<br>**ж-ж- ж.**<br>Ернар ала бұзауын шақырды.<br>-Кәне балалар Ернардың бұзауын бірге шақырайық:<br>Ақау-ақау.<br>-Балалар сендер әртүрлі дыбыстарды естідіңдер. Қандай дыбысты естідіңдер?<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Суреттегі заттың қай дыбыстан басталатынын табады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді | таныта отырп, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдатыруға мүмкімдік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Отарға шапқан қасқыр»<br>Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Биімдіқайтала»үнтаспа. (Музыка-шығармашылық әрект). **Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Жаңбыр» «Кім тез жинайды?» (Музыка-шығармашылық әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | ұмтылып асықтарды алуға тырысады. **Қимылды ойын:** «Қазан» **Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.** Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. **Музыка тыңдау:** «Күзгі әуен» «Күз тамаша» А.Досмағанбет. **Ән айту:** «Ақ жауын» А.Дүйсенов. **Музыкалық ырғақты-қимылдар:** «Биімдіқайтала»үнтаспа. (Музыка-шығармашылық әрекеті) **Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Жұмбақ жасырып күз сыйлығын ұтып ал!» (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта). | алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды. **«Орын ал»** Татар ойыны. **Шарты:** Ойыншылардың біреуін жүргізуші етіп сайлайды. Қалғандары қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүреді. Жүргізуші шеңбер бойымен қарсы бағытта жүреді.<br>Сауысқандай саңқылдап,<br>Ата қаздай қаңқылдап,<br>Үйшігімді қорғаймын.<br>Қорқақ бала болмаймын!<br>Сені иықтан қағамын,<br>Жүгір! Жүгір!<br>«Жүгір» дегенде жүргізуші бір ойыншыны иықтан ақырын соғып қалады. Шеңбер күрт тоқтайды. Ал иығынан соққан бала шеңберден шығып жүргізушіге қарама-қарсы бағытта жүгіре жөнеледі. Бос орынға жүгіріп келіп тұра қалуға тырысады. Орынсыз қалған бала енді жүргізуші болады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |
| **Серуен** | **№3 Күнді бақылау.** | **№16 Құстарды** | **№5 Жаңбырды** | **№20Шөптерді бақылау.** | **№18 Ағаштарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына аудару. Күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту.<br>Күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады.<br>**Көркем сөз.**<br>Алақай! Алақай!<br>Күн шықты! Күн шықты!<br>Жер үстіне нұр шықты!<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бұлт пен күн»<br>**Ойынның мақсаты:** Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу, еркін дамыту.<br>**Еңбектену әрекеті:** Гүлзардағы еңбек. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>**Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау.<br>«Күн жолын көрсет» | **бақылау.**<br>Күзде құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайында әңгімелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Қанатын қағып қаздар да,<br>Көкпенен жүзіп өткенді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Құстардың ұшып кетуі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.<br>**Еңбектену әрекеті:** Өз-өзіне қызмет ету. Еңбек ете алу қабілетін дамыту. Үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін орындау. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>**Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау.<br>«Жыл құстарын ата» доппен ойын. | **бақылау.**<br>Балаларға жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың қандай түрлері болатынын айту. (жылы, суық). Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді әңгімелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Жау, жау жаңбыр,<br>Жау жаңбыр!<br>Арық суы мол болсын!<br>Өсімдіктер көп болсын!<br>Жауған жерің шөп болсын!<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Төбешіктен төбешікке»<br>«Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойынның мақсаты:**Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді жалғастыру.<br>**Еңбектену әрекеті:** Табиғи материалдардан жапырақтардан композиция жасау. Өз еңбегінен рахат алу.<br>Өзіндік іс-әрекет: | Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (шөп, өсімдіктер).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тақия тастамақ» (ұлттық ойын).<br>**Ойынның мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыту, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагогтің дабылы бойынша балалар дөңгелене отыру, жетекшіден оза отырып, дөңгелекпен айнала жүгіру.<br>**Еңбектену әрекеті:** Құстарды қыста азықпен қамтамасыз ету үшін, құстарға арнап азық дайындау.<br>**Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау.<br>«Өсімдік бөлмелерін ата»<br>**Шарты:** Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету. (сабақ, жапырақ, гүлі, жемісі, тамыры). | **бақылау.**<br>Балаларды аулада өсіп тұрған ағаштарды ажыратып, айыра білуге үйрету. Күз мезгілінде ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін түсіндіру.<br>**Көркем сөз.**<br>Көше бойы аралас,<br>Қаптап өскен қараағаш.<br>Жемісі жоқ болсада,<br>Саясы көп дара ағаш.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешініп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(ағаш).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аталған ағашқа жүгіру»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыртқы көріністері ұсақ бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу. Қандай ағаш аталды «бір, екі, үш-бойға жинап күш, жүгіреміз біз!»-деп дабылмен жүгіру.<br>**Еңбектену әрекеті:** «Құстар кафесі»<br>**Шарты:** Құстарға жем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету. Күн таңертең, кешке болатын жерге тұр. | **Шарты:** Балаларға допты лақтыру әдісі арқылы, жыл құстарын тез атау. | Ауа-райын есепке ала отырып дәлізде ойналатын ойындарды, іс-әрекеттерді өткізуге жағдай туғызу. Жақсы тәртіп әдеттерін қалыптастыру. | | шашу. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. Тәжірибе жаау: Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма, тегіс па екенін анықтау. **Түйін:** ағаштардың жапырақтары әртүрлі. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әлихан мен жеке жұмыс. Дұрыс, мәнерлі сөйлей алуды, интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолдану. | Барлық баламен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жағылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (пүсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. | Койшыбай Арайлыммен жеке жұмыс. Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық танытуды, ойын ережелерін сақтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. | «Балалардың есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады?» ата-аналарға кеңес беру. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ

Мектепалды _сынып___Балалардың жасы_5 жас______**Жоспардың құрылу кезеңі:**21-25 қараша 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Жапырақ әні. Жаттау.**<br>Қызыл-сары жапырақ,<br>Көз тартады атырап.<br>Қандай әсем айнала,<br>Қараңызшы бақылап.<br>**Қайырмасы:**<br>Қызыл-сары жапырақ,<br>Қызыл-сары жапырақ.<br>Жапырақты терейік,<br>Еңбекпен тер төгейік.<br>Қызылымен сарысын,<br>Екіге тең бөлейік.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет) | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Тіс нені жақсы көреді?»<br>**Мақсаты:**Тіске дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Әдептілік-әдемілік»<br>**Мақсаты:**балаларды адами қарым-қатынас жасай білуге үйрету.<br>**Барысы: «**Мен әдепті баламын»<br>Саябақта...<br>Асханада....<br>Автобуста....<br>Кітапханада...<br>Дүкенде....<br>(балалардың әңгімелеуі).<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Әңгімелесу:** «Егер көшеде жүргенде аяғың су болса»<br>**Мақсаты:** Салқын тиюдің алдын алу шараларымен таныстыру. Ауа-райына сай киінуге үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қараша айына таңертеңгі жаттығу кешені. №3 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Д.О.** «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларға жыл | **Д.О.** «Барады құстар қайтып»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Құстар туралы | **Балалармен бірге:**«Жұмбақтар жасырайық»<br>**Мақсаты:** | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>ойлау қабілеттерін | **«Күзгі бақ»**<br>Өнер орталығында сурет салу.<br>**Мақсаты:** Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сай қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету. Балаларды әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндерін айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Суреттен топтасып ұшып бара жатқан құстарды көрсетіп әңгімелеу. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі). | арттыру. **Ойынның барысы:** Екі бірдей суреттеі айырмашылықты табуды және салыстыру. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі). | сурет салуға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Сурет салу-шығармашылық әрект, қоршаған ортамен таныстыру). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру /Мүсіндеу/Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау | **1.Сөйлеуді дамыту.** Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық, анықтамасыз) Сөйлем сөздерден тұратын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу | **1.Сөйлеуді дамыту.** Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдана білуге көмектесу. **Д.О.** «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата» **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі карточкада | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. **Ойын барысы:** Балалар, құстар, ұя деген сөздерге сөйлем құрастырады. **Бірге жаттаймыз.** Құстар біздің досымыз, Бау-бақшаны қорғайды. Ұя жасап қарсы алсақ, Құстар бізді қолдайды. (Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер). **Еркін ойын:** «Құстарға көмек» **Шарты:** Түрлі-түсті дайын қағаздардан құстардың ұясын | сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. **Д.О.** «Сипаттау бойынша тап» **Ойынның мақсаты:** Айналадағы әлемге деген қызығушылықты дамытуды жалғастыру, ой өрісін сөйлеуін дамыту. **Ойын барысы:** Педагог бір затты сипаттайды. (доп, шар, машина, ұшақ т.б.) Балалар сол заттың сипаттамасыбойынша не екенін табады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). **ДО:** «Қай зат неден жасалған?» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. **Ойын барысы:** Педагог балаларға | кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. **Д.О**. «Жыл мезгілдері» **Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. **Көрнекілігі:** Жыл мезгілдерінің суреттері. **Ойын барысы:** Сурет бойынша балалардын жылдың қай мезгілі екенін сұрау. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін атау. (Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер, қоршаған орта). **Д.О.** «Алтын күз» **Ойынның мақсаты:** | бейнеленген суреттерді ортақ сөзбен атауға үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын және оларға қандай ортақ сөз айтуға болатынын айту. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). **Д.О.**«Дәл тауып айт» **Ойынның мақсаты:** Балаларды суреттен көрген үй жануарлары, аңдар және құстардың аттарын дұрыс, дәл айтқызу. **Ойын барысы:** Балалар бірінші суреттен үй жануарларын, екінші суреттен аңдарды, үшінші суреттен құстарды атап шығады. Жалпы және жеке ұғымдарды бекітіп, оларды қорғау үшін, қамқор болу үшін не істеу керек екенін айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). **Д.О.** «Заттың атын ата» | орындап, сызықтарды үзбей салу. **Суретпен жұмыс.** «Күзгі бақтағы еңбек» (сурет бойынша әңгімелеу). -Суретте қай жыл мезгілі бейнеленген? -Балалар қайда жүр? -Олар не істеп жатыр? -Осы суреттер бойынша жемістерді тауып ата. (Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру). **Жұмбақтар жасырайық. Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br><br>Әрі қызыл, әрі тәтті,<br>Татқан жанды таңырқатты.<br><br>(алма).<br>Алма дерсің түсіне қарап,<br>Жүгері дерсің ішіне қарап.<br>Татсаң тәтті бал шәрбатты,<br><br>(анар).<br>Алма, алмұрт, анар сөздеріне сөйлем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жапсырады.<br>-Өзің білетін жыл құстарын ата.<br>-Қандай құстар қыста қыстап қалады?<br>-Біздер құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек?<br>-Ұясы жоқ торғайларға қандай қамқорлық жасар едіңдер?<br>(Сауат ашу негіздері, қоршаған орта, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер).<br><br>**2. Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Шатасқан суретші»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, 10-ға дейін санай алу. | бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О**. «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, | Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Күз мезгіліне сәйкес қиылған суреттерді жабыстырып сөйлем құрастыру.<br>(Сауат ашу негіздері, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативті, ойын танымдық әрекеттер, қоршаған орта, жапсыру-шығармашылық әрекет).<br>**Саусақ ойыны.**<br>Жаңбыр жауды тық-тық,<br>Сен далаға шық-шық.<br>Соғады жел гу- гу,<br>Құстар ұшты ду -ду.<br>(тілдік қарым-қатынас).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай | **Ойынның мақсаты**:<br>Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Көзі байланған бала қоржын ішінен бір затты алады. Сонан соң сол затты жан- жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.<br>**Балалармен бірге:** «Жылулық шеңбері»<br>Н.Айтовтың **«Жолың болсын!»** өлеңіне жылулық шеңберін құру.<br>-Балалар, адамдар көлікпен алыс сапарға шыққанда бір-біріне «Жолың болсын!»-деп жақсы тілек айтады.<br>Олай болса:<br>Атам шықса сапарға,- | құрастыру.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суреттен А дыбысы бар зат атауларын ізде.<br>**Д.О.** «Балық аулайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі).<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**1.**Үзік сызықтарды қос.<br>**2.**Суретті жалғастыр. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы номерлер дұрыс орналаспаған. Сондықтан сандарды дұрыс ретпен орналастыру қажет. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:**Теңдік туралы түсініққалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды. Доптар қанша? Шарлар қанша? Қайсысы артық? Қайсысы кем? (Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О:**«Апта күндері»<br>**Ойынның мақсаты:** Апта күндерін ретімен атап, санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Апта күндерін атайды, ретімен айтады. (Математика | математика негіздері-танымдық коммуникативтік әрекет).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Көлік, байланыс құралдары. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.<br>**Д.О.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?» деген сұраққа сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады.<br>Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу.<br>**Д.О.** «Арнайы көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды арнайы көлік түрлерімен таныстыру, олардың атқаратын қызметі туралы мағлұмат беру.<br>***Жедел жәрдем*-**қолма-қол берілетін көмек.<br>**Өрт сөндіргіш**-өрт сөндіруге арналған техника. | ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойын барысы:** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.<br>**Санау әні.** (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық эрект).<br>**Д.О.** «Санап үйренем»<br>**Ойын барысы:** Суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Геометриялық | жолың болсын! - дейді апам.<br>Апам шықса сапарға,<br>-Жолың болсын!-дейді атам.<br>-Жолың болсын! -дейді олар,<br>Үлкенге де кішіге.<br>-Жолың болсын!-дейді олар,<br>Ұшырасқан кісіге.<br>Осы сөзді байқадым,<br>Қуат барын, күш барын.<br>-Жолың болсын!-айтам мен,<br>Алыс жолға шықса кім.<br>**Д.О.** «Көліктерді топтастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы алған білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі карточкалардағы көліктерді әуе, жер, су ажырату.<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>-Қандай көлік ұнайды?<br>-Көліктер адамға не үшін қажет?<br>(Қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Балалармен бірге:**«Жұмбақтар жасырайық» | **3.**Қысқа және ұзын таяқшаларды жаз.<br>**4.**Алмаларды штрихта.<br>**5.**Суреттерді боя.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әректі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Сан және санау.**<br>1-ден 10-ға дейінгі сандар.<br>**1.**Суреттегі бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт.<br>**2.**Заттарды сана, сандарды боя.<br>**3.**Қалдырылған санды тап.<br>**4.**Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз, ермексаздан жасап көрсет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, мүсіндеу-шығармашылық әрекет).<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекет).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға | **Су сепкіш**-су шашуға арналған техника.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О. «Ақылды машиналар»**<br>**Ойынның мақсаты:**Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналрдың көмегі туралы балалардың білімдерін бекіту. Істейтін қызметтеріне қарай машиналарды топтастыру, аттарын дұрыс атауға үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Көрнекіліктер:** Машиналар. Бульдозер, көтергіш кран, жедел жәрдем, ауыр жүк көліктері, жеңіл такси машиналары, қар тазалайтын машиналар.<br>**Ойын шарты:** Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен | пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әртүрлі болады. (қызыл, жасыл, сары, көк).<br>**Тапсырма:**<br>**.**2 бірдей қызыл шеңберді тап.<br>**.**Бірдей түсті барлық пішіндерді жина.<br>**.**Барлық көк түсті кішкентай пішіндерді тап.<br>**.**Өлшемі бойынша бойынша бірдей үшбұрыштарды тап.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Автожарыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа баулу.<br>**Ойын барысы: 2 бала** бір-бірден ойыншық көлікке жіп байлайды. Нұсқау берілгенде лентаны бүктеп, ойыншық көлікті өзіне қарай тартады. Кімнің көлігі бірінші жетті? Кімдікі соңынан келді?<br>(Математика | **Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br><br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Май жейді, су ішеді,<br>Бұл не екен балалар?<br>(машина).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(автобус).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(ұшақ).<br>Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрлі-бері жүр көшіп.<br>(поезд).<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Өнер орталығы:** «Автобус»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті бояудың көмегімен, геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін | **Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.**«Пішіндерден не құрастыруға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Ұзын құлақты,<br>Қысқа құйрықты.<br>Сәбіз-оның сүйікті асы,<br>Секеңдейді ұқыпты.<br><br>(қоян).<br>**Әңгімелеу:** Бүгін бізге жүгіріп қоян келді. Ол өте қатты тоңып қалыпты және сендерден өздеріңде бар пішіндерден кішкентай үйшік жасап беруін сұрайды.<br>-Қане, балалар қоянға көмектесейік.<br>**Балалардың жұмысы:** Балалар алдарындағы геометриялық пішіндерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Отбасы»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы мүшелерін атай отырып, айналасындағы болып жатқан оқиғаларға қарап үлкенді сыйлап, кішіге қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасында болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>**Балалармен бірге:** Біздің үйде ән тарап, Думандатар өмірді. Біздің үйде салтанат, Біздің үйде көңілді. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта, музыка-шығармашылық әрект).<br>**Д.О.** «Анаммен өткізген бір күн»<br>**Ойынның мақсаты:** | таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.** «Суретті жина»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік түрін құрастырады. Сол көлік түрі бойынша әңгімелейді (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Д.О.**«Толықтыр»<br>**Шарты:** Сөйлемді толықтырып айтады. Егер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, жүк көліктері, автобус, троллебус). Егер сумен жүрсе-бұл...(су) көлігі. Олар: кеме, қайық, теплоход. Егер әуеде ұшса- | негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау жылдамдығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Көрсетіп қойған сандар ішінен қалып қойған сандарды тауып айту. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын | салуды үйрету.<br>**Балалардың жұмысы:** «Автобус»<br>-Балалар, бүгін біз көліктің бір түрі-автобусты саламыз. (автобусты қалай салу керек екенін үлгіні көрсете отырып түсіндіру). Алдымен тік төртбұрышты пішін саламыз. Дөңгелектерін саламыз. Алдыңғы бөлігіне кабинасын, терезесін кіші төртбұрыштардан саламыз. Балалар салған автобусыңды өздерің қалаған түспен боясаңдар болады. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, сурет салу-шығармашылық әрект).<br>**Сергіту сәті.** Орнымыздан тұрайық, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Автобусқа мінеміз. (балалар қимылмен көрсетеді). Дене шынықтыру-ойын | пайдаланып, қоянға арнап үйшік жасайы. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі, құрастыру-шығармашылық әрекет)).<br>**Еркін ойын:** «Құмырсқалар санамағы» (үнтаспа)<br>**Шарты:** Балалар әнді бірге айтады. (Музыка-шығармашылық әрект<br><br>**3.Құрастыру.** Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту.<br>**Д.О.** «Көліктерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретте берілген көлік түрлерін атайды.<br>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>-Алыс жол жүріп көрдіңдер ме?<br>-Өзің қандай көлікті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Диалогті түрде сөйлесе білуге, граматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Анасымен өткізген бір күнді әңгімелеу. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар:** Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш!<br>Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң<br>жетерсің, | бұл...(әуе) көлігі. Олар: ұшақ, тікұшақ. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз ұшамыз, ұшамыз,<br>Бар әлемді құшамыз.<br>Әрбір елмен қалаға,<br>Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қортынды.**<br>-Өскенде ұшқыш болғың келе ме?<br>-Ұшқыш болған сендерге ұнай ма?<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз | білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Сөздік ойын.** «Мен және менің әлемім!»<br>**Ойынның мақсаты:**Айналасын да болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту.<br>**Ойын барысы:** «Мен және менің әлемім!» Әңгімелеу. (Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын эректі, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Достарыммен өткізген бір күн»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогті түрде сөйлесе білуге, граматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Демалыс күні достарымен өткізген бір күнді әңгімелеу. (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту- | әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.<br>**Д.О.** «Дыбыстар әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды анық айта білугеүйрету.<br>**«ң»** дыбысы.<br>Аю, қасқыр-бұл аңдар,<br>Қоян, түлкі-тағы бар.<br>Жемтік іздеп жапаннан,<br>Күндіз түні қаңғырап.<br>**«Ү»** дыбысы.<br>Үкі-деген әдемі,<br>Үлпілдеген желегі.<br>Қыздар әсем болсын деп,<br>Үкі тағып береді.<br>**«Һ»** дыбысы.<br>Айдаһар қандай қарашы,<br>Ол ма, таудай жыланның ағасы.<br>**«Ғ»** дыбысы.<br>Ғарыш деген көк аспан,<br>Ай, Жұлдызы жарасқан.<br>Мен ғарышкер боламын,<br>Айға барып қонамын.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік | ұнатасың?<br>-Ұшаққа мініп көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Жұмбақтар шешейік.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың шешуін табады.<br>Қанаты бар жаны жоқ,<br>Табаны бар, аяғы жоқ.<br>Өзі ұшады, аспанда жүреді,<br>Теңізден де, таудан да өтеді.<br><br>(ұшақ).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br><br>(ұшақ).<br>Құстан аумайды,<br>Көкте заулайды.<br><br>(ұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативтік әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Ұшақ»<br>**Ойынның мақсаты:** Әуе көлігі туралы білімдерін толықтыру. Балалардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Допты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Қортынды кезең.**<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет!Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Оған кім таласа алар.<br>Көк шар, көп шар,<br>Көп шар, көк шар.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Күзгі әуен» «Күз тамаша»<br>А.Досмағанбет.<br>**Ән айту:**<br>«Ақ жауын»<br>А.Дүйсенов.<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар:** | мүмкімдік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Қимылды ойын:**<br>Асық ойнау.<br>**Ойынның мақсаты:** Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастырады.<br>Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталайды. Балалар асықпен ойналалатын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиеленеді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Затты тауып атын айт»<br>**Шарты:** Асықтың түсу түрлерін атап айтады: алшы, тәйке, бүк, шік.<br>**Негізгі кезең:**<br>«Асық алу ойыны»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып жүреді педагог «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға | қарап айбат шегіп тұрған жыланды байқады. Жылан Ақтөске қарап ысылдап тұр екен.<br>**с-с-с.**<br>Жыланды көрген Ернар қорыққанынан өсіп тұрған емен ағашының түбіне тығылды. Ыжылдаған дыбысты құлағы шалды. Ол еменің бұтағында орналасқан араның ұясын көрді. Ыжылдаған аралар екен.<br>**ж-ж- ж.**<br>Ернар ала бұзауын шақырды.<br>-Кәне балалар Ернардың бұзауын бірге шақырайық:<br>Ақау-ақау.<br>-Балалар сендер әртүрлі дыбыстарды естідіңдер.<br>Қандай дыбысты естідіңдер?<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Суреттегі заттың қай дыбыстан басталатынын табады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді | таныта отырп, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдатыруға мүмкімдік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Отарға шапқан қасқыр»<br>Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Биімдіқайтала»үнтаспа.<br>(Музыка-шығармашылық әрект).<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Жаңбыр» «Кім тез жинайды?»<br>(Музыка-шығармашылық әректі, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | ұмтылып асықтарды алуға тырысады.<br>**Қимылды ойын:** «Қазан»<br>**Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Күзгі әуен» «Күз тамаша» А.Досмағанбет.<br>**Ән айту:**<br>«Ақ жауын» А.Дүйсенов.<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар:**<br>«Биімдіқайтала»үнтаспа.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті)<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:** «Жұмбақ жасырып күз сыйлығын ұтып ал!»<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта). | алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>**«Орын ал»** Татар ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылардың біреуін жүргізуші етіп сайлайды. Қалғандары қолдарынан ұстап, шеңбер бойымен жүреді.<br>Жүргізуші шеңбер бойымен қарсы бағытта жүреді.<br>Сауысқандай саңқылдап,<br>Ата қаздай қаңқылдап,<br>Үйшігімді қорғаймын.<br>Қорқақ бала болмаймын!<br>Сені иықтан қағамын,<br>Жүгір! Жүгір!<br>«Жүгір» дегенде жүргізуші бір ойыншыны иықтан ақырын соғып қалады. Шеңбер күрт тоқтайды. Ал иығынан соққан бала шеңберден шығып жүргізушіге қарама-қарсы бағытта жүгіре жөнеледі. Бос орынға жүгіріп келіп тұра қалуға тырысады. Орынсыз қалған бала енді жүргізуші болады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |
| **Серуен** | **№3 Күнді бақылау.** | **№16 Құстарды** | **№5 Жаңбырды** | **№20Шөптерді бақылау.** | **№18 Ағаштарды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатынына аудару. Күздегі күн ұзақтығының арасындағы өзара байланысты айту. Күн жоғары көтерілмейді, күндер қысқарып барады. **Көркем сөз.** Алақай! Алақай! Күн шықты! Күн шықты! Жер үстіне нұр шықты! **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бұлт пен күн» **Ойынның мақсаты:** Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу, еркін дамыту. **Еңбектену әрекеті:** Гүлзардағы еңбек. Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. «Күн жолын көрсет» | **бақылау.** Күзде құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайында әңгімелеу. **Көркем сөз.** Қанатын қағып қаздар да, Көкпенен жүзіп өткенді. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Құстардың ұшып кетуі» **Ойынның мақсаты:** Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру. **Еңбектену әрекеті:** Өз-өзіне қызмет ету. Еңбек ете алу қабілетін дамыту. Үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін орындау. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. «Жыл құстарын ата» доппен ойын. | **бақылау.** Балаларға жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың қандай түрлері болатынын айту. (жылы, суық). Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді әңгімелеу. **Көркем сөз.** Жау, жау жаңбыр, Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер көп болсын! Жауған жерің шөп болсын! **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Төбешіктен төбешікке» «Дөңгелектен секіріп шық» **Ойынның мақсаты:**Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді жалғастыру. **Еңбектену әрекеті:** Табиғи материалдардан жапырақтардан композиция жасау. Өз еңбегінен рахат алу. Өзіндік іс-әрекет: | Балаларға салқын түскен соң шөптердің солатынын түсіндіру. Жұмбақ жасыру. Дала кілемі. Ол не? (шөп, өсімдіктер). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тақия тастамақ» (ұлттық ойын). **Ойынның мақсаты:** Қимыл-қозғалысын дамыту, жылдамдыққа, ептілікке үйрету. **Ойын барысы:** Педагогтің дабылы бойынша балалар дөңгелене отыру, жетекшіден оза отырып, дөңгелекпен айнала жүгіру. **Еңбектену әрекеті:** Құстарды қыста азықпен қамтамасыз ету үшін, құстарға арнап азық дайындау. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. «Өсімдік бөлмелерін ата» **Шарты:** Өсімдіктерді тануға және бөлімдерін атауға үйрету. (сабақ, жапырақ, гүлі, жемісі, тамыры). | **бақылау.** Балаларды аулада өсіп тұрған ағаштарды ажыратып, айыра білуге үйрету. Күз мезгілінде ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін түсіндіру. **Көркем сөз.** Көше бойы аралас, Қаптап өскен қарағаш. Жемісі жоқ болсада, Саясы көп дара ағаш. **Жұмбақ жасыру.** Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Салқын түссе шешініп, Қалады өзі жайрап. (ағаш). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аталған ағашқа жүгіру» **Ойынның мақсаты:** Сыртқы көріністері ұсақ бола тұрса да ағаштардың айырмашылығын табу. Қандай ағаш аталды «бір, екі, үш-бойға жинап күш, жүгіреміз біз!»-деп дабылмен жүгіру. **Еңбектену әрекеті:** «Құстар кафесі» **Шарты:** Құстарға жем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Шарты:** Балаларға шығыстан батысқа қарай күн жолын қолмен суреттеуге үйрету. Күн таңертең, кешке болатын жерге тұр. | **Шарты:** Балаларға допты лақтыру әдісі арқылы, жыл құстарын тез атау. | Ауа-райын есепке ала отырып дәлізде ойналатын ойындарды, іс-әрекеттерді өткізуге жағдай туғызу. Жақсы тәртіп әдеттерін қалыптастыру. | | шашу. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. Тәжірибе жаау: Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма, тегіс па екенін анықтау. **Түйін:** ағаштардың жапырақтары әртүрлі. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әлихан мен жеке жұмыс. Дұрыс, мәнерлі сөйлей алуды, интонациялық мәнерлеудің түрлі тәсілдерін қолдану. | Барлық баламен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жағылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (пүсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. | Койшыбай Арайлыммен жеке жұмыс. Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық танытуды, ойын ережелерін сақтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен балалардың жетістіктері бойынша әңгімелесу. | «Балалардың есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады?» ата-аналарға кеңес беру. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Мектепалды _сынып__Балалардың жасы__5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 28-02 желтоқсан 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **«Достық қымбат өмірде»** Әңгімелеу.<br>-Сенің досың кім?<br>-Достар қандай болады?<br>-Достық көмек дегенді қалай түсінесіңдер? (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет).<br>**Дос болайық бәріміз.**<br>Әрқашан дос біргеміз,<br>Ажырамас іргеміз.<br>Ілгері жүріңдер,<br>Достық жырын біліңдер.<br>Ту ғып ұстап бірлікті,<br>Еңбекті сүйіңдер!<br>**Қайрмасы:**<br>Дос болайық бәріміз,<br>Жарасып тұр әніміз.<br>Тыныштықты сақтаймыз,<br>Атсын күліп таңымыз.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті). | **«Көмектесе білейік»** Әңгімелеу.<br>Не үшін?<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін!<br>Құлақ деген не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін!<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін!<br>Қ.Мырза Әли.<br>**«Арыстан мен тышқан»** ертегісін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Пішінді жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Дайын пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. (үй, шырша, балық, машина, гүл).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қараша айына таңертеңгі жаттығу кешені. №3 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып | **Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа | **Д.О.** «Сен жасыр, біз табамыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін дамыту. | **Д.О.** «Жапырақтарды жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды түстері бойынша жерге түскен | **Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Күз мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | **Ойын барысы:** Балалар көздерін жұмып отырады. Педагогтің белгісімен бір бала ортаға шығып, суреттердің ішінен жабайы жануарлардың бірін таңдап, атын атамай сипаттайды, қимылмен көрсетеді. Балалар жасырған аңның атын айтулары тиіс.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | жапырақтарды жинап және қанша жапырақтар жинағанын айтып беруге үйрету. Түстерді ажырата білуге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (жасыл және сары түсті жапырақтар).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).). | **Ойын барысы:**Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсін деу/Құрастыру<br>**4.**Дене шынықтыру |
| | кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**1.**Үзік сызықтарды қос.<br>**2.**Суретті жалғастыр.<br>**3.**Қысқа және ұзын таяқшаларды жаз.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Шатасқан суретші»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, 10-ға дейін санай алу.<br>**Ойын барысы:** Суретшінің қатесін табу керек. Сағат тіліндегі сандар дұрыс орналаспаған. Сондықтан сандарды дұрыс ретпен орналастыру қажет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:**Теңдік туралы түсінік | жауапкершілікке баулу. өзі мен құрдастарының еңбегінің шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br><br>«Мен ұқыпты баламын»<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Өз-өзіне қызмет ету. Ұйымдастырылған іс-әрекетсоңында оқу-құралдарын ұқыпты жинау. Еңбек ете алу қабілетін дамыту. Бір-біріне көмек беру, үйде үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін орындау.<br>«Әдемі гүлдер»<br>**Мақсаты:** Өсімдіктерге жүйелі күтім жасау дағдыларына тәрбиелеу. Өз еңбегінің қажеттілігін сезіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Табиғат бұрышында еңбек ету, гүлдерді суару, жапырақтарының шаңын сүрту, жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>(Қоршаған орта, қимыл-қозғалыс белсенділігі).<br>**3.Қазақ тілі.**<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын | Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**1.**Үзік сызықтарды қос.<br>**2.**Суретті жалғастыр.<br>**3.**Қысқа және ұзын таяқшаларды жаз.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Заттардың саны, | Отын жарып беремін,<br>Суды да алып келемін.<br>Аялаймын мамамды,<br>Тиеді ылғи көмегім.<br>Ең елгезек баламын,,<br>Үлкеннің тілін аламын.<br>Өссем деген ойым бар,<br>Таудай биік талабым.<br><br>**Д.О.** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы**: Бір бала сөйлемді бастайды, келесі бала сол сөйлемді аяқтайды.<br>-Мен анама...(көмектесемін).<br>-Мен әкеме...(көмектесемін).<br>-Мен economic ініме...(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**3.Қазақ тілі.**<br>Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады. Сөздегі дыбыстардың орнын ажырату.<br>**Дыбыстар сыры.**<br>Дыбыстарды таныңдар,<br>Бәрін жаттап алыңдар.<br>Онда қызық ойын бар,<br>Оған көңіл қойыңдар. | **.**Тәрелкеде 3 алма және 3 алмұрт бар.<br>Тәрелкеде қанша жеміс салынған?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2,3,4 алақанды соғайық.<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрыр,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>Поезд қандай пішіндерден құрастырылған?<br>Қағаздан бөліктерін қиып, поезды құрастыр.<br>**Еркін ойын:«**Шығарып көр**»**<br>**Шарты:** Қоянның үш көжегі бар. Көжектер анасымен жасырынбақ ойнағысы келді. Анасы біреуін тауып алды. Неше көжек жасырынып жатыр?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Күшіктер санамағы»** үнтаспа.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды.<br>Машиналар қанша? Ұшақтар қанша? Қайсысы артық? Қайсысы кем?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.**«Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Күз мезгілінің айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Ретімен атау. **Ойын барысы:** Күз мезгілінің айларын ретімен атайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне | білдіреді. Ауыз екі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады.<br>**Д.О.**«Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?»<br>Ойынның мақсаты: Күз туралы білімдерін тиянақтау. Күз сыйына, адамдар еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу. Бау-бақша туралы әңгімелеу, жұмбақтар шешкізу арқылы сөздік қорларын толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Балаларғасұрақ қою арқылы жауаптарын дәлелдету керек.<br>Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар:<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>-Күз айларын атаңдар.<br>-Қай айдан басталады?<br>-Күз мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Ауа-райын бақыла.<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Күзде алғаш қандай құстар ұшып кетеді?<br>-Күзде адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? | олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Мен санауды білемін»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сана. Әр шөпте неше қаңқыздан бар?<br>**Еркін ойын.** «Өз қолыммен»<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қағаздан сандарды қиып жапсыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық әрекет).<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көрнекіліктері:** Пішіндер.<br>**Ойын барысы:** Балалар пішіндерден әртүрлі суреттерді тез құрастыру.<br>(үй, шырша, машина, балапан). | Ойнаңдар да, ойлаңдар,<br>Қызығына тоймаңдар!<br>Бәрін қарап шығыңдар,<br>Дыбыс сырын ұғыңдар.<br>**Д.О.** «Қайсысы неге ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды тану, анық айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>**Ә**-дегенің жарты ай,<br>Іші ойылған жартылай.<br>**Ү**-ні өзі деп ұғын,<br>Аша мүйізі бұғының.<br>**І**-ні көр кітаптан,<br>Шырағданға ұқсатам.<br>Ал мұнда У тұр ғой,<br>Өзі айнымаған циркуль ғой.<br>Ж-қоңыз жарбиған.<br>**Х**-қайшы арбиған.<br>Біл оңай белгіні:<br>**Т**-балға белгілі.<br>**«Мұғалім мысық»**<br>Күндердің бірінде алаңға,<br>Үй жануарлары жиналыпты.<br>Дыбыстарды білмеген соң,<br>Оқи алмай қиналыпты.<br>Мұғалім мысық мияулап,<br>Үйретуден қашпапты.<br>Ең бірінші сабағын<br>Дыбыстардан бастапты.<br>Дауыстысын да, дауыссызын да, ажыратып беріпті.<br>Дыбыстардан сөз құратып, буындарға бөліпті.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен | **3.Сурет салу**<br>Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру. Негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Жауып жаңбыр, жер сабыр,<br>Шөп жапырақ солады.<br>Бұл қай кезде болады?<br><br>(күзде).<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап.<br>Саясында ән салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешініп,<br>Қалады өзі жайрап.<br><br>(ағаш).<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Күз екенін қайдан білдіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Күзде ағаш жапырақтары сарғайып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүмкімдік беру.<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Біздің топ»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту, достыққа, татулыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, топта достарымен болған қызықты бір сәтті айтып береді.<br>**Балалармен бірге:** «Достық әні» үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Еркін ойын:**«Мен және менің әлемім!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой өрісін, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкімдік беру.<br>(Сөйлеуді дамыту, | -Адамдар бақта, бақшада, егістік алқабында қандай еңбек етеді?<br>-Сенің отбасың күзде қандай еңбек атқарады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жемісі мол теретін,<br>Күз дос екен бізбенен.<br>Бәрін тауып беретін,<br>Жомарт екен күз деген.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Себеттегі алма»<br>**Мақсаты:** Суреттің композициясын құра білуге үйрету, шығармашылық ойлау қабілеттері мен бейнелей білу мүмкімдіктерін дамыту. Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Балалардың жұмысы:** «Себеттегі алма» суретін салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. | **Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді ажырата білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Геометриялық пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әртүрлі болады. (қызыл, жасыл, сары, көк).<br>**Тапсырма:**<br>**.**2 бірдей көк түсті үшбұрышты тап.<br>**.**Бірдей түсті барлық пішіндерді жина.<br>**.**Барлық жасыл түсті үлкен пішіндерді тап.<br>**.**Өлшемі бойынша бойынша бірдей төртбұрыштарды тап.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көз қарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдану.<br>**Д.О.** «1001 мақал»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдана білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** | сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Туған ел» Л.Хамиди<br>**Ән айту:**<br>«Жомарт елім» И.Нүсіпбаев.<br>«Астана» А.Досмағамбет.<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар:**<br>«Жаса Қазақстан» үнтаспада.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:**<br>«Жұмбақ жасырып күз сыйлығын ұтып ал!»<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік | түсе бастайды. Күздің соңына қарай жапырағынан айырылған ағаштар жалаңаштанады. Тек шырша мен қарағай ғана жасыл қалпында болады. Қылқандары жыл бойы біртіндеп түсетіндіктен, олар үнемі жасыл болып тұрады.<br>**Балалардың жұмысы.** «Күзгі орман» (акварель бояу).<br>**Мақсаты:** Күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Акварель бояуымен сурет сала білуін жетілдіру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**«Күзгі орман»** (балалар суретті салады)<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Сарғайды тоғай,<br>Сап сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br><br>-Күзде ауа-райы қандай болады?<br>-Күзгі жапырақтың түсі қандай?<br>-Күзгі орман қандай болады?<br>-Орманда қандай ағаштар өседі?<br>-Қандай ағаштарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Достарыммен өткізген бір күн»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогті түрде сөйлесе білуге, граматикалық тұлғада таза, анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Демалыс күні достарымен өткізген бір күнді әңгімелеу.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар:**<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.<br>Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу.<br>Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір,<br>Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш!<br>Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң жетерсің,<br>Сен де бір күн жеңіске!<br>**Негізгі кезең.**<br>**.**Бір-бірден тізбекпен жүру; | **Музыка тыңдау:** «Туған ел» Л.Хамиди<br>**Ән айту:**<br>«Жомарт елім» И.Нүсіпбаев.<br>«Астана» А.Досмағамбет.<br>**Музыкалық ырғақты-қимылдар:**<br>«Жаса Қазақстан» үнтаспада.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Музыкалық-дидактикалық ойын:**<br>«Жұмбақ жасырып күз сыйлығын ұтып ал!»<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта). | Балаларға мақал-мәтелдерді жаттатқызу, оны сөйлегенде қолда білу.<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>Қызыл түсті карточка алған бала-жұмбақ жасырады.<br>Жасыл түсті карточка алған бала-мақал-мәтел айтады.<br>Сары түсті карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>Көк түсті карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет- | ойын әректі, қоршаған орта). | білесіңдер?<br>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Көрме ұйымдастыру.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әректі, қоршаған орта, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**(ауада).<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырп, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдатыруға мүмкімдік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Отарға шапқан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **.**Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>**.**Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**.**Өкшемен, аяқтың ұшымен жүру.<br>**.**Жай жүріс.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру. Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**«Кенгуру»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Екі тізенің ортасына допты қысып секіреді. Допты түсіріп алмауға тырысады.<br>**Қортынды кезең.**<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай керемет! Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл | | коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Қимылды ойындар.<br>Ынта мен шығармашылық таныта отырп, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдатыруға мүмкімдік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Қимылды ойын:** Асық ойнау.<br>**Ойынның мақсаты:** Денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастырады. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталайды. Балалар асықпен ойналалатын ойындарды дұрыс ойнай білуге тәрбиеленеді.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Затты тауып атын айт»<br>**Шарты:** Асықтың түсу түрлерін атап айтады: алшы, тәйке, бүк, шік.<br>**Негізгі кезең:** «Асық алу ойыны»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып жүреді педагог «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар | | қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белсенділігі). | | ортаға ұмтылып асықтарды алуға тырысады.<br>**Қимылды ойын:** «Қазан»<br>**Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтырады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | |
| **Серуен.** | **№12Алғашқы суық түскенін бақылау.**<br>Жерге алғашқы қыраудың түскенін бақылау.<br>**Көркем сөз.**<br>Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,<br>Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті:** Учаскідегі ұқыпсыздық жағдайды көре алуға және | **№18 Ағаштарды бақылау.**<br>Балаларды аулада өсіп тұрған ағаштарды ажыратып, айыра білуге үйрету. Күз мезгілінде ағаштардың қандай өзгерістерге ұшырайтынын баяндау. Себебін түсіндіру.<br>**Көркем сөз.**<br>Көше бойы аралас,<br>Қаптап өскен қарағаш.<br>Жемісі жоқ болсада,<br>Саясы көп дара ағаш.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Өсіп тұрған бұл не?<br>Жаз болса жайнап,<br>Саясында əн салып,<br>Құстар жүрген сайрап.<br>Салқын түссе шешініп,<br>Қалады өзі жайрап.<br>(ағаш).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Аталған ағашқа жүгіру»<br>**Ойынның мақсаты:** Сыртқы көріністері ұқсақ бола тұрса да ағаштардың | **№16 Құстарды бақылау.**<br>Күзде құстардың жылы жаққа ұшып кетуі жайында әңгімелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Қанатын қағып қаздар да,<br>Көкпенен жүзіп өткенді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Құстардың ұшып кетуі»<br>**Ойынныңмақсаты:** Балалардың тірек-қимыл белсенділіктерін іске асыру, сәйкес дыбыстар арқылы әрекеттер жасау және қимылдарға сөздер үйлестіру.<br>**Еңбектену әрекеті:** Өз-өзіне қызмет ету. Еңбек ете алу қабілетін дамыту. Үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін орындау. Балаларды қолынан келетін еңбекке | **№2 Желді бақылау.**<br>Жел-бұл ауа қозғалысы. Желдің күшін өсімдіктердің қозғалысына қарап анықтауға болады. Әлсіз жел-жапырақты ақырын тербетеді, жерге түскен жапырақты сәл ғана жылжытады. Күшті жел-бұтақтарды шайқалтады. Ағаштардың жапырақтарын жұлады.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Қанаты жоқ-ұшады,<br>Аяғы жоқ-қашады.<br><br>(жел).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Жел мен жапырақшалар»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге, жылдамдыққа үйрету.<br>**Ойын барысы:** Әртүрлі бағытта жүгіруді дамыту, белгі бойынша қимыл жасай білу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл | **№22 Өтіп бара жатқан адамдарды бақылау.**<br>Киім үлгілерінің маусымдық, ауа-райына байланысты өзгеретінін баяндау, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Түйілген орамал»<br>**Ойынныңмақсаты:**қимыл-әрекетін дамыту, ептілікке, дәлдікке үйрету.<br>**Ойын барысы:** Дыбыс бойынша әрекет жасайды, орамалды екі қолымен асыра лақтыру және қағып алу.<br>**Еңбектену әрекеті:** Өз-өзіне қызмет ету. Еңбек ете алу қабілетін дамыту. Үлкендерге көмек бергісі келетін тілегін орындау. Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру.<br>**Д.О.** «Түстерді ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тәртіпке келтіруді үйрету. **Д.О.** «Кім қызық ат тауып атайды?» Ойынның мақсаты: Шығармашылық қиялын, тілін дамыту. **Ойын барысы:** Біреуі сын есім болып тұратын екі зат есімнен құралған жаңа сөздерді құрастыру. (су, мұз-мұзды су; аяз, күз-аязды күз). **Өзіндік іс-әрекет.** Ойын түрін таңдауда өз бетінше әрекет жасай білуін дамыту. | айырмашылығын табу. Қандай ағаш аталды «бір, екі, үш-бойға жинап күш, жүгіреміз біз!»-деп дабылмен жүгіру. **Еңбектену әрекеті:** «Құстар кафесі» **Шарты:** Құстарға жем шашу. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. Тәжірибе жаау: Түрлі ағаштардың жапырақтарын қарау, ұстау, көру арқылы ағаш жапырақтарының кедір-бұдыр ма, тегіс па екенін анықтау. **Түйін:** ағаштардың жапырақтары әртүрлі. | араластыру. **Д.О.** Тәжірибелер мен сұрыптамалар жасау. «Жыл құстарын ата» доппен ойын. **Шарты:** Балаларға допты лақтыру әдісі арқылы, жыл құстарын тез атау. | белсенділігі). **Еңбектену әрекеті.** Табиғат бұрышында өсімдіктерді өсіру үшін жер дайындау. Жұмысты тату жасап, бір-біріне көмектесуге үйрету. **Д.О.** «Тәжірибелер мен сұрыптамалар» **«Жел»** сөзіне анықтама айт. **Тәжірибе:** Шардың желін шығару. **Қортынды:** Жел дегеніміз-кейде қатты, кейде баяу горизантальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы. **Өзіндік іс-әрекет:** Ынталарын, өз бетінше жұмыс жасай алатындығын көтермелеу. | Түстерді ажырата білуді меңгерту. **Ойын барысы:** Киімдерді табу және нақты түстерін ажырату дағдысын қалыптастыру. **Өзіндік іс-әрекет.** Ойын таңдауда өзіндік дербестігінің болуы. Ойындарды құру мен іске асыруда белсенділік танытуға тәрбиелеу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (пүсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айта білуді меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Қойшыбай Арайлыммен Сөздерді буынға бөлуді және олардың саны мен ретін анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» ата-аналарға кеңес беру. | «Санау әні» үйде жатқа айту. 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 12-15 желтоқсан 2022 жыл 16.12.2022 кіріктірілді

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Д.О.**«Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.**<br>«Көңілді қыс»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Әр қатардағы артық затты тауып, қоршап сыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). | **Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бұғының дұрыс көлеңкесін тап.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №5 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Қар қиршықтарын жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жерге түскен бірдей қар қиыршықтарын жинап және қанша қар қиыршықтарын жинағанын айтып беруге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (әртүрлі үлгідегі қар ұиыршықтары).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | **Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | **Ән саламыз бәріміз.**<br>«Тәуелсіздік ел ұраны»<br>Ән жаттау.<br>«Музыкалық-шығармашылық әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет | **1.**Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет | **1.**Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4.**Дене шынықтыру | **4.**Музыка | **4.**Дене шынықтыру | **4.**Музыка |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Ертегілер еліне саяхат»<br>**«Тынымсыз Тіл»**(ертегі).<br>-Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып, өзіне дуал, ал екі еріннен ашылып-жабылып тұратын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен.<br>**Мысалы:** ааа, ооо, еее, әәә (балалар бірге айтады).<br>Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты. Олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжеген Тынымсыз Тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады. Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады, біресе тіске тақалып алады, кейде тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен. **Мысалы:** қ, т, н, м.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен? | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Д.О.**«Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың сөздік қорларын молайту, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, суық, аяз, желді, боран).<br>**Д.О.** «Ауа-райы сөзіне анықтаманы ірікте»<br>(Қарлы, аязды, суық, күн шуақты, желді, боран, бұрқасын және т.б.)<br>«Бұрқасын қандай?»<br>«Бұрқасын» сөзіне анықтама беру.<br>**Д.О.**«Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімін толықтыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қар туралы әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді, жұмбақтың шешуін табады.<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Жұмбақты шешейік.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар).<br>**Қар**-қалың, жабысқақ, құрғақ, | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а-а.<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?<br>-А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.<br>-Бұл қуыршақтың аты-Мұрат.<br>Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>**Д.О.** «Ненің дауысы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Есту арқылы дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Маса, жылан, араның дауыстарын үнтаспадан тыңдайды, ненің дауысы екенін ажыратады.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолданабілуді дамыту.<br>**Д.О.«**Менің денем»<br>**Ойынның мақсаты:**Дене мүшелерін ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша адамның дене мүшелерін атайды.<br>**Тыңда:** Е.Пермяктің «Қол не үшін керек?» әңгімесімен балаларды таныстыру.<br>Немерелері атасын қатты жақсы көреді. Олар үнемі атасының қасында жүреді. Барлық тақырыпта атасымен сөйлеседі. Бір күні атасы немерелерінен сұрайды:<br>-Балаларым, бізге қол не үшін керек?<br>-Ойын ойнау үшін ата-деп жауап береді.<br>-Тағы не үшін деп сұрайды атасы.<br>-Тамақ ішу үшін, мысық ұстау үшін, киімдерімізді кию үшін т.б. деп жауап береді.<br>Немерелері тек өзінің қолына өз қажеттіліктерін орындауға байланысты ойын айтты.<br>Атасы: немерелерім қол адамдарға тек заттарды ұстау үшін ғана емес, тағы да еңбек ету үшін, жақсылық жасау үшін керек қажет деп жауап |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Дауысы бар әнші дыбыстарды айтыңдаршы.<br>-Даусы жоқ ән айтпайтын қандай дыбыстар бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О**. «Дыбыстарды таны»<br>**Ойынның мақсаты:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойын барысы:** Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>**Қыс** сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**.**Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» | күн көзіне жарқырайды.<br>(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**«Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. Әуесқойлығын және қызығушылғын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Стақанға қар салып, топқа алп келу. Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қар қиршықтарын жина»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды жерге түскен бірдей қар қиыршықтарын жинап және қанша қар қиыршықтарын жинағанын айтып беруге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (әртүрлі үлгідегі қар ұиыршықтары).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | ата»<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Сауат ашу негіздері, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?»<br>«Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ» Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сауат ашу негіздері, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Еркін ойын: «**Дыбысты дұрыс айтамыз**»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дыбыстарды дұрыс айта білу.<br>**Ойын барысы:** Қимылмен көрсетеді: у дыбысын айтады.<br>Жел шайқайды У-ларды,<br>У -лар содан шулады:<br>У-У-У<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі | берді.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Қол бізге не үшін керек?<br>Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады. Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір-біріне жақсылық жасайды екен.<br>**Д.О.** «Біз білімпаз баламыз»<br>**Шарты:** Тапсырманы орындау үшін мына карточкаларды таңдаңдар.<br>**Қызыл карточка:** «Өнер орталығы»<br>**Көк карточка:** «Құрастыру орталығы»<br>**Сары карточка:** «Көркем әдебиет орталығы»<br>**«Өнер орталығы»**<br>Сайқымазақтың суретін салады.<br>**«Құрастыру орталығы»**<br>Қағаздан оригами тәсілін пайдаланып мысық бейнесін құрастырады.<br>**«Көркем әдебиет орталығы»**<br>Е.Пермяктің<br>«Қол бізге не үшін керек?» әңгімесінің мазмұнын айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Еркін ойын:** «Не үшін?»<br>**Шарты:** Бірге жаттайды.<br>**«Не үшін?»**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**.**Штрихта.<br>**.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**Еркін ойын: «**Дыбысты дұрыс айтамыз**»**<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білу.<br>**Ойын барысы:** Қимылмен көрсетеді: у дыбысын айтады.<br>Жел шайқайды У-ларды,<br>У -лар содан шулады:<br>У-У-У<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау.<br>**Д.О.** «Мен санауды білемін»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар 1-ден | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранды орындайды.<br>Қазақстанның рәміздері туралы әңгіме жүргізу.<br>Б.Үсенбаев «Менің туым» және С.Қалиұлының «Елтаңбасы елімнің» деген өлеңдерін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы | заттардан тұратын топтардың санын анықтау.<br>**Д.О.** «Тату-тәтті тұрамыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Аңдарды кезекке тұрғызу.<br>-Айболит Атаға емделу үшін қанша аң келді?<br>-Айболит Ата бәріне жақындауды сұрайды.<br>-Енді сырқаттанған аңдардың саны нешеу болды? Санау: 10.<br>-Әрбір ауырған аң Айболит Атаға бәрінен бұрын жақын келгісі келді.<br>-Қалай ойлайсыңдар? Дәрігер Айболит Ата дауласпас үшін аңдарға қандай кеңес берді? (кезеккке тұру).<br>-Кім бірінші?<br>-Кім екінші?<br>-Қане аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау.<br>-Аю өзінің нешінші екенін ұмытып қалыпты, қанекей біз аюға көмектесейік.<br>-Түлкіде шөлдеп суға кетіп, келгенде өзінің нешінші екенін ұмытыпты.<br>-Қасқыр да тісі ауырып, мазасы болмай дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді.<br>-Арыстан мен бірінші боламын, мен күштімін деп тұрғанда ол нешінші тұрды? (5).<br>-Қоян кішкентай болған соң көрінбей қалып, соңында қалып қойыпты. | Елге көмек беру үшін керек!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойын барысы:** Жаттаған тақпақтарды бір бала бастап айтады, тоқтаған жерінен басқа бала жалғастырады.<br>**Д.О.** «Мандықты ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Мамандық иелері белгіленген суреттерге қарап, мамандық иелерін (дәрігер, мұғалім, ғарышкер, полиция, құрлысшы) айтады.<br>(Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранды орындайды.<br>Қазақстанның рәміздері туралы әңгіме жүргізу.<br>Б.Үсенбаев «Менің туым» және С.Қалиұлының «Елтаңбасы елімнің» деген өлеңдерін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>**Д.О.** «Кім болам?» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>**Д.О.** «Сан және санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойын барысы:** Бұл сандардың алдында қандай сандар тұрады?<br>[ ] 2<br>[ ] 4<br>[ ] 6<br>[ ] 8<br>[ ] 10 | дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Дыбыстар бізде қонақта»<br>**А**-дегенім атаң,<br>Ақ тілекті батаң.<br>Ақыл сөзін тыңдап,<br>Ардақтай біл ботам!<br>Қоңыр күзде мұңайып,<br>Қаңбақ ұшып домалар.<br>«Қыс келді»-деп қуанып,<br>Шаңғы тепті балалар.<br>Ұшқыш,, ұлу, ұстара,<br>Ұл да, ұн да, ұста да.<br>**«Ұ»**әрпінен басталар,<br>Ұмытпа есте ұста да.<br>**Ғ**-дегенім ғарыш,<br>-Болса дағы алыс.<br>Қазақ ұшып барған,<br>Ғарыш бізге таныс.<br>**Т**-дегенім талап,<br>Көңіліңмен қалап.<br>Талапты бол сенде,<br>Оқып жақсы сабақ.<br>**Н**-дегенім наным,<br>Нанмен бірге әнім.<br>Наным менің нәрім,<br>Әнім менің сәнім.<br>**Р**-дегенім ретте,<br>Рет-ретімен бетте.<br>Дәптер, кітап бәрін,<br>Ретсіз шашып кетпе!<br>**Ш**-дегенім шаршы,<br>Шаршыны тез салшы.<br>Шыны, шырша, шаштан,<br>Ш-ны тауып алшы.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау: | -Кірпі басын ініне тығып жатып дұрыс естімей қалыпты. Бірақ оны Айболит Ата көріп қалып алдыға қойыпты. Сонда Кірпі нешінші?<br>-Жылап келген Қонжық нешінші? -Тек тексерілуге келген Керік ше? Ағаштың бұтағынан құлап әрең келген Тиінді Айболит Ата ең бірінші қабылдаймын деді. Ендеше аңдарды ретімен қояйық. Айболит Ата барлық аңдарды емдеп, үйлеріне жіберді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйету. Заттардың санын анықтау.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>**«Ермексаз әлемі»**<br>Ермексаздан 10 санын жасауға кіріседі.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Санау әні.** (Үнтаспа. Балалар бірге айтады).<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Көрші сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көрші сандарды табады, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сандарды бос тұрған ұяшықтарға қойып шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Д.О.**«Көрші сан»<br>**Ойынның мақсаты:** Санның көршісін білу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар санның көршісін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>«Санау әні» үнтаспа.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br><br>Қ.Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйін үнтаспадан тыңдату.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Педагог:**<br>-Біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>-Еліміздің бас қаласы қай қала?<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>-Туымыздың түсі қандай?<br>**Тыңда:**<br>Қазақстан-тәуелсіз мемлекет.<br>Қазақстан-көпұлтты мемлекет.<br>Елімізде 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні болып | Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала: Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойын барысы:** Жаттаған тақпақтарды бір бала бастап айтады, тоқтаған жерінен басқа бала жалғастырады.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Көңілді әткеншек»<br>**Ойын барысы:** Әткеншекке жан жануарларды отырғызады. Әр жануардың қай дыбыстан басталғанын айтып буынға бөледі.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды | **3.Көркем әдебиет.**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Әңгімелесу:** «Қаламыздың көрікті жерлері»<br>**Мақсаты:** Балалардың туған қаласының көрікті жерлері туралы түсініктерін бекіту, оларды фотосуреттерден тануға үйрету. Туған жерге деген қызығушылығын арттыру.<br>**«Тәуелсіздік ел ұраны»**<br>Ән айту.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Тәуелсіздік алған күн»<br>Қ.Әлімқұлов.<br>Он алтыншы желтоқсан-<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атамменен барған күн.<br><br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік ұлық той.<br>Аралаймын алаңды,<br>Тәуелсіздік күні мен.<br>Батыр Қайрат ағамның,<br>Суретіне үңілем.<br><br><br>Он алтыншы желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Шырқап әнге салған күн. | дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала: Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | белгіленген.<br>«Қазақстан картасы»<br>-Балалар, картадан біздің республикамыздың ұлан-асыр жері бар екенін байқауға болады. Осы кең байтақ қазақ жері-бүгін Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады, егеменді мемлекет.<br>**«Тәуелсіздік ел ұраны»**<br>Ән айту.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Тәуелсіздік алған күн» Қ.Әлімқұлов.<br>Он алтыншы желтоқсан-<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атамменен барған күн.<br><br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік ұлық той.<br><br>Аралаймын алаңды,<br>Тәуелсіздік күні мен.<br>Батыр Қайрат ағамның,<br>Суретіне үңілем.<br>Он алтыншы желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Шырқап әнге салған күн.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Мен өскенде кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандық туралы білімдерін | орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан желі» Ә.Тінәлиев. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Батырлар биі» Биді ер балалар орындайды. Қамшымен түрлі қимылдар орындайды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**ДО.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір әңгіме құрастырады.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.<br>**Негізгі кезең:**<br>бір-бірден тізбекпен жүру;<br>екі-екіден тізбекте тұрып жүру;<br>төрт-төрттен тізбек құру;<br>шашырап жүру;<br>өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>жай жүріс.<br>екі минут баяу қарқынмен жүгіру;<br>мұрын арқылы дем алу.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын.<br>(балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот.<br>(ауыздарын кең ашып, бегемот | Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Көңілді әткеншек»<br>**Ойын барысы:** Әткеншекке жан жануарларды отырғызады. Әр жануардың қай дыбыстан басталғанын айтып буынға бөледі.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан желі» Ә.Тінәлиев. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Батырлар биі» Биді ер балалар орындайды. Қамшымен түрлі қимылдар орындайды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кеңейту. Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Әрбір мамандық иелерін сурет арқылы балаларға көрсету. Балалар қалаған суретті алып, өскенде қандай мамандық иесі болатынын әңгімелеп береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:** «Туған жерді түрлендір»<br>Сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен, бір-бірден, екуден, үшеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Негізгі кезең:**<br>шашырап жүгіру;<br>Жұппен жүгіру;<br>Бір-бірден жүгіру;<br>Екеуден, үшеуден жүгіру;<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір- | | сияқты жүреді).<br>Ке-ке-ке-мойны ұзын-керік. (керік сияқты мойынын созады).<br>Май-май-май-маймылдарды қара. Пай-пай-пай (секіріп жүрген маймылдарды салады).<br>**«Какостармен ойнаймыз»**<br>**Шарты:** Отырған күйінде допты екі қолымен бастан асыра лақтырады.<br>**«Қи қоңыз жаттығуы»**<br>**Шарты:**Арақашықтықтары бір бірінен 80см болатын кегльдер арасымен допты домалатып алып жүреді.<br>**«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты»**<br>**Шарты:** Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?»**<br>**Шарты:** Екі аяқтарымен бір мезетте итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>.Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>.Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>.Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Зейінді боламыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>.Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру.<br>.Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын. (балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот. (ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді).<br>Ке-ке-ке-мойны ұзын-керік. (керік сияқты мойынын созады).<br>Май-май-май-маймылдарды қара. Пай-пай-пай (секіріп жүрген маймылдарды салады).<br>**«Какостармен ойнаймыз»**<br>**Шарты:** Отырған күйінде допты екі қолымен бастан асыра лақтырады.<br>**«Қи қоңыз жаттығуы»**<br>**Шарты:**Арақашықтықтары бір | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірінен 80см болатын кегльдер арасымен допты домалатып алып жүреді.<br>**«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты»**<br>**Шарты:** Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?»**<br>**Шарты:** Екі аяқтарымен бір мезетте итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуен.** | **№12 Әртүрлі ауа- райына қарай қардың өзгеруін бақылау.**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады. Қардан аққала жасауға болады. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғақ болады.<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар).<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады.<br>(аяз).<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбәт. | **№2 Қар басуын бақылау**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу. | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана» | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.<br>Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру.<br>Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (мұз).<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды.<br>(аяз).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту.<br>**Д.О.** «Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімдерін толықтырып, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қар қалың, жабысқақ, құрғақ, күн көзіне жарқырайды.<br>**Қардың қасиеттері:** Аязды күні қарды қолғаппен ұстаса, | **Еңбектену әрекеті.**Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжірибе:** балалар қар қиыршықтарын қарастырады. Қармен тәжрибе жасау: стаканға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | **Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру. | **Бірге жаттайық.** «Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру. Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ол жабыспайды, шашылады. | | | заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Төлеу Айша мен Сағат Әліханмен жеке жұмыс.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Барлық баламен жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 12-15 желтоқсан 2022 жыл 16.12.2022 кіріктірілді

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** |
|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Д.О.**«Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.**<br>«Көңілді қыс»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Әр қатардағы артық затты тауып, қоршап сыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). | **Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бұғының дұрыс көлеңкесін тап.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №5 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Қар қиршықтарын жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жерге түскен бірдей қар қиыршыұтарын жинап және қанша қар қиыршықтарын жинағанын айтып беруге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (әртүрлі үлгідегі қар ұиыршықтары).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | **Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | **Ән саламыз бәріміз.**<br>«Тәуелсіздік ел ұраны»<br>Ән жаттау.<br>«Музыкалық-шығармашылық әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет | **1.**Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет | **1.**Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **4.**Дене шынықтыру | **4.**Музыка | **4.**Дене шынықтыру | **4.**Музыка |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Ертегілер еліне саяхат» **«Тынымсыз Тіл»**(ертегі).<br>-Ауыз деген қуыста Тынымсыз Тіл өмір сүріпті. Ол аппақ тістерді қатарластырып қойып, өзіне дуал, ал екі еріннен ашылып-жабылып тұратын есік жасап алыпты. Ауыз арқылы дыбыстар жиі-жиі сыртқа шығып тұрады екен. Кейбір дауысы бар дыбыстар ылғи көңілді ән салып жүреді. Осы дыбыстар өткенде Тынымсыз Тіл тып-тыныш ән тыңдап жатады екен.<br>**Мысалы:** ааа, ооо, еее, әәә (балалар бірге айтады).<br>Ал кейбір дыбыстар ән салуды ұнатпайтын болыпты. Олардың дауысы жоқ екен. Ән салмай тып-тыныш өтіп бара жатқан дыбыстарға ренжеген Тынымсыз Тіл оларға ылғи кедергі жасауға тырысады. Дауысы жоқ дыбыстарды сыртқа жібермеу үшін біресе таңдайға жабысып тұрып алады, біресе тіске тақалып алады, кейде тіпті еріннен жасалған есігін жауып алады екен. **Мысалы:** қ, т, н, м.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен? | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сөздік қор. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Д.О.**«Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың сөздік қорларын молайту, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, суық, аяз, желді, боран).<br>**Д.О.** «Ауа-райы сөзіне анықтаманы іріктe»<br>(Қарлы, аязды, суық, күн шуақты, желді, боран, бұрқасын және т.б.)<br>«Бұрқасын қандай?»<br>«Бұрқасын» сөзіне анықтама беру.<br>**Д.О.**«Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімін толықтыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қар туралы әңгімелейді, сұрақтарға жауап береді, жұмбақтың шешуін табады.<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Жұмбақты шешейік.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>(қар).<br>**Қар**-қалың, жабысқақ, құрғақ, | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а-а.<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?<br>-А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.<br>-Бұл қуыршақтың аты-Мұрат. Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>**Д.О.** «Ненің дауысы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Есту арқылы дыбыстарды ажыратуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Маса, жылан, араның дауыстарын үнтаспадан тыңдайды, ненің дауысы екенін ажыратады.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып сөйлегенде қолданабілуді дамыту.<br>**Д.О.«**Менің денем»<br>**Ойынның мақсаты:**Дене мүшелерін ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша адамның дене мүшелерін атайды.<br>**Тыңда:** Е.Пермяктің «Қол не үшін керек?» әңгімесімен балаларды таныстыру.<br>Немерелері атасын қатты жақсы көреді. Олар үнемі атасының қасында жүреді. Барлық тақырыпта атасымен сөйлеседі. Бір күні атасы немерелерінен сұрайды:<br>-Балаларым, бізге қол не үшін керек?<br>-Ойын ойнау үшін ата-деп жауап береді.<br>-Тағы не үшін деп сұрайды атасы.<br>-Тамақ ішу үшін, мысық ұстау үшін, киімдерімізді кию үшін т.б. деп жауап береді.<br>Немерелері тек өзінің қолына өз қажеттіліктерін орындауға байланысты ойын айтты.<br>Атасы: немерелерім қол адамдарға тек заттарды ұстау үшін ғана емес, тағы да еңбек ету үшін, жақсылық жасау үшін керек қажет деп жауап |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | -Дауысы бар әнші дыбыстарды айтыңдаршы.<br>-Даусы жоқ ән айтпайтын қандай дыбыстар бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады. Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді. Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О**. «Дыбыстарды таны»<br>**Ойынның мақсаты:**Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратады.<br>**Ойын барысы:** Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>**Қыс** сөзіне дыбыстық талдау жасау.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**.**Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті қызыл түспен, дауыссыз дыбыстан басталса, көк түспен боя.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!» | күн көзіне жарқырайды.<br>(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**«Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы»<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекет).<br>**Еркін ойын:** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. Әуесқойлығын және қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Стақанға қар салып, топқа алп келу. Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қар қиршықтарын жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жерге түскен бірдей қар қиыршығтарын жинап және қанша қар қиыршықтарын жинағанын айтып беруге үйрету. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу. (әртүрлі үлгідегі қар ұиыршықтары).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | ата»<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Сауат ашу негіздері, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?»<br>«Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ» Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сауат ашу негіздері, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Еркін ойын: «**Дыбысты дұрыс айтамыз**»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дыбыстарды дұрыс айта білу.<br>**Ойын барысы:** Қимылмен көрсетеді: у дыбысын айтады.<br>Жел шайқайды У-ларды,<br>У -лар содан шулады:<br>У-У-У<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі | берді.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Қол бізге не үшін керек?<br>Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады. Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір-біріне жақсылық жасайды екен.<br>**Д.О.** «Біз білімпаз баламыз»<br>**Шарты:** Тапсырманы орындау үшін мына карточкаларды таңдаңдар.<br>**Қызыл карточка:** «Өнер орталығы»<br>**Көк карточка:** «Құрастыру орталығы»<br>**Сары карточка:** «Көркем әдебиет орталығы»<br>**«Өнер орталығы»**<br>Сайқымазақтың суретін салады.<br>**«Құрастыру орталығы»**<br>Қағаздан оригами тәсілін пайдаланып мысық бейнесін құрастырады.<br>**«Көркем әдебиет орталығы»**<br>Е.Пермяктің<br>«Қол бізге не үшін керек?» әңгімесінің мазмұнын айтады, сұрақтарға жауап береді.<br>**Еркін ойын:** «Не үшін?»<br>**Шарты:** Бірге жаттайды.<br>**«Не үшін?»**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар түрлі сызықтарды, штрихтарды салады, үзік сызықтарды бастырып, жалғастырып жазады.<br>**.**Штрихта.<br>**.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**Еркін ойын: «**Дыбысты дұрыс айтамыз**»**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дыбыстарды дұрыс айта білу.<br>**Ойын барысы:** Қимылмен көрсетеді: у дыбысын айтады.<br>Жел шайқайды У-ларды,<br>У -лар содан шулады:<br>У-У-У<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау.<br>**Д.О.** «Мен санауды білемін»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар 1-ден | **2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранды орындайды.<br>Қазақстанның рәміздері туралы әңгіме жүргізу.<br>Б.Үсенбаев «Менің туым» және С.Қалиұлының «Елтаңбасы елімнің» деген өлеңдерін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы | заттардан тұратын топтардың санын анықтау.<br>**Д.О.** «Тату-тәтті тұрамыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйрету. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Аңдарды кезекке тұрғызу.<br>-Айболит Атаға емделу үшін қанша аң келді?<br>-Айболит Ата бәріне жақындауды сұрайды.<br>-Енді сырқаттанған аңдардың саны нешеу болды? Санау: 10.<br>-Әрбір ауырған аң Айболит Атаға бәрінен бұрын жақын келгісі келді.<br>-Қалай ойлайсыңдар? Дәрігер Айболит Ата дауласпас үшін аңдарға қандай кеңес берді? (кезеккке тұру).<br>-Кім бірінші?<br>-Кім екінші?<br>-Қане аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санау.<br>-Аю өзінің нешінші екенін ұмытып қалыпты, қанекей біз аюға көмектесейік.<br>-Түлкіде шөлдеп суға кетіп, келгенде өзінің нешінші екенін ұмытыпты.<br>-Қасқыр да тісі ауырып, мазасы болмай дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді.<br>-Арыстан мен бірінші боламын, мен күштімін деп тұрғанда ол нешінші тұрды? (5).<br>-Қоян кішкентай болған соң көрінбей қалып, соңында қалып қойыпты. | Елге көмек беру үшін керек!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойын барысы:** Жаттаған тақпақтарды бір бала бастап айтады, тоқтаған жерінен басқа бала жалғастырады.<br>**Д.О.** «Мандықты ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Мамандық иелері белгіленген суреттерге қарап, мамандық иелерін (дәрігер, мұғалім, ғарышкер, полиция, құрлысшы) айтады.<br>(Көркем әдебиет-шығармашылық, коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранды орындайды.<br>Қазақстанның рәміздері туралы әңгіме жүргізу.<br>Б.Үсенбаев «Менің туым» және С.Қалиұлының «Елтаңбасы елімнің» деген өлеңдерін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>**Д.О.** «Кім болам?» |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>**Д.О.** «Сан және санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Айналамдағы заттарды санаймын. 10-ға дейінгі реттік санау.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойын барысы:** Бұл сандардың алдында қандай сандар тұрады?<br>[ ] 2<br>[ ] 4<br>[ ] 6<br>[ ] 8<br>[ ] 10 | дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Дыбыстар бізде қонақта»<br>**А**-дегенім атаң,<br>Ақ тілекті батаң.<br>Ақыл сөзін тыңдап,<br>Ардақтай біл ботам!<br>Қоңыр күзде мұңайып,<br>Қаңбақ ұшып домалар.<br>«Қыс келді»-деп қуанып,<br>Шаңғы тепті балалар.<br>Ұшқыш,, ұлу, ұстара,<br>Ұл да, ұн да, ұста да.<br>**«Ұ»**әрпінен басталар,<br>Ұмытпа есте ұста да.<br>**Ғ**-дегенім ғарыш,<br>-Болса дағы алыс.<br>Қазақ ұшып барған,<br>Ғарыш бізге таныс.<br>**Т**-дегенім талап,<br>Көңіліңмен қалап.<br>Талапты бол сенде,<br>Оқып жақсы сабақ.<br>**Н**-дегенім наным,<br>Нанмен бірге әнім.<br>Наным менің нәрім,<br>Әнім менің сәнім.<br>**Р**-дегенім ретте,<br>Рет-ретімен бетте.<br>Дәптер, кітап бәрін,<br>Ретсіз шашып кетпе!<br>**Ш**-дегенім шаршы,<br>Шаршыны тез салшы.<br>Шыны, шырша, шаштан,<br>Ш-ны тауып алшы.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау: | -Кірпі басын ініне тығып жатып дұрыс естімей қалыпты. Бірақ оны Айболит Ата көріп қалып алдыға қойыпты. Сонда Кірпі нешінші?<br>-Жылап келген Қонжық нешінші? -Тек тексерілуге келген Керік ше? Ағаштың бұтағынан құлап әрең келген Тиінді Айболит Ата ең бірінші қабылдаймын деді. Ендеше аңдарды ретімен қояйық. Айболит Ата барлық аңдарды емдеп, үйлеріне жіберді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды санауға үйету. Заттардың санын анықтау.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі заттарды санайды, санын айтады.<br>**«Ермексаз әлемі»**<br>Ермексаздан 10 санын жасауға кіріседі.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Санау әні.** (Үнтаспа. Балалар бірге айтады).<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Көрші сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көрші сандарды табады, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сандарды бос тұрған ұяшықтарға қойып шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой-өрісін дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **Д.О.**«Көрші сан»<br>**Ойынның мақсаты:** Санның көршісін білу.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар санның көршісін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>«Санау әні» үнтаспа.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қыбылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br><br>Қ.Сағырбайұлының «Сарыарқа» күйін үнтаспадан тыңдату.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Педагог:**<br>-Біз қай мемлекетте тұрамыз?<br>-Еліміздің бас қаласы қай қала?<br>-Қазақстан Республикасының президенті кім?<br>-Туымыздың түсі қандай?<br>**Тыңда:**<br>Қазақстан-тәуелсіз мемлекет.<br>Қазақстан-көпұлтты мемлекет.<br>Елімізде 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні болып | Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала: Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Д.О.** «Жалғастыр»<br>**Ойын барысы:** Жаттаған тақпақтарды бір бала бастап айтады, тоқтаған жерінен басқа бала жалғастырады.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Көңілді әткеншек»<br>**Ойын барысы:** Әткеншекке жан жануарларды отырғызады. Әр жануардың қай дыбыстан басталғанын айтып буынға бөледі.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды | **3.Көркем әдебиет.**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қыбылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Әңгімелесу:** «Қаламыздың көрікті жерлері»<br>**Мақсаты:** Балалардың туған қаласының көрікті жерлері туралы түсініктерін бекіту, оларды фотосуреттерден тануға үйрету. Туған жерге деген қызығушылығын арттыру.<br>**«Тәуелсіздік ел ұраны»**<br>Ән айту.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Тәуелсіздік алған күн»<br>Қ.Әлімқұлов.<br>Он алтыншы желтоқсан-<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атамменен барған күн.<br><br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік ұлық той.<br>Аралаймын алаңды,<br>Тәуелсіздік күні мен.<br>Батыр Қайрат ағамның,<br>Суретіне үңілем.<br><br><br>Он алтыншы желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Шырқап әнге салған күн. | дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла.<br>Даусын оның қайтала: Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:** Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | белгіленген.<br>«Қазақстан картасы»<br>-Балалар, картадан біздің республикамыздың ұлан-асыр жері бар екенін байқауға болады. Осы кең байтақ қазақ жері-бүгін Тәуелсіз Қазақстан Республикасы деп аталады, егеменді мемлекет.<br>**«Тәуелсіздік ел ұраны»**<br>Ән айту.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Тәуелсіздік алған күн» Қ.Әлімқұлов.<br>Он алтыншы желтоқсан-<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Атамменен барған күн.<br><br>Мерекеге шығады,<br>Бүкіл халық біліп қой.<br>Отандастар ұғады,<br>Тәуелсіздік ұлық той.<br><br>Аралаймын алаңды,<br>Тәуелсіздік күні мен.<br>Батыр Қайрат ағамның,<br>Суретіне үңілем.<br>Он алтыншы желтоқсан<br>Тәуелсіздік алған күн.<br>Мерекеге ел тосқан,<br>Шырқап әнге салған күн.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Мен өскенде кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандық туралы білімдерін | орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан желі» Ә.Тінәлиев. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Батырлар биі» Биді ер балалар орындайды. Қамшымен түрлі қимылдар орындайды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**ДО.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір әңгіме құрастырады.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу.<br>**Негізгі кезең:**<br>бір-бірден тізбекпен жүру;<br>екі-екіден тізбекте тұрып жүру;<br>төрт-төрттен тізбек құру;<br>шашырап жүру;<br>өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>жай жүріс.<br>екі минут баяу қарқынмен жүгіру;<br>мұрын арқылы дем алу.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын.<br>(балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот.<br>(ауыздарын кең ашып, бегемот | Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Көңілді әткеншек»<br>**Ойын барысы:** Әткеншекке жан жануарларды отырғызады. Әр жануардың қай дыбыстан басталғанын айтып буынға бөледі.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>**Музыка тыңдау:** «Желтоқсан желі» Ә.Тінәлиев. Үнтаспа.<br>**Ән айту:** «Тәуелсіз Қазақстан» Ә.Бейсеуов.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Батырлар биі» Биді ер балалар орындайды. Қамшымен түрлі қимылдар орындайды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кеңейту. Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Әрбір мамандық иелерін сурет арқылы балаларға көрсету. Балалар қалаған суретті алып, өскенде қандай мамандық иесі болатынын әңгімелеп береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Еркін ойын:** «Туған жерді түрлендір»<br>Сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу.<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру.<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен, бір-бірден, екуден, үшеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Негізгі кезең:**<br>шашырап жүгіру;<br>Жұппен жүгіру;<br>Бір-бірден жүгіру;<br>Екеуден, үшеуден жүгіру;<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір- | | сияқты жүреді).<br>Ке-ке-ке-мойны ұзын-керік. (керік сияқты мойынын созады).<br>Май-май-май-маймылдарды қара. Пай-пай-пай (секіріп жүрген маймылдарды салады).<br>**«Какостармен ойнаймыз»**<br>**Шарты:** Отырған күйінде допты екі қолымен бастан асыра лақтырады.<br>**«Қи қоңыз жаттығуы»**<br>**Шарты:**Арақашықтықтары бір бірінен 80см болатын кегльдер арасымен допты домалатып алып жүреді.<br>**«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты»**<br>**Шарты:** Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?»**<br>**Шарты:** Екі аяқтарымен бір мезетте итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>.Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>.Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>.Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Зейінді боламыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін және қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>.Допты басынан асыра ұстап, екі қолмен бір-біріне лақтыруға жаттықтыру.<br>.Допты ашылған саусақтарымен қағып алу шеберліктерін дамыту.<br>**«Ыстық елдің жануарлары»**<br>Қол-қол-қол-мынау қолтырауын.<br>(балалар ұйықтап жатқан қолтырауынды салады).<br>Мо-мот-мот бұл-бегемот.<br>(ауыздарын кең ашып, бегемот сияқты жүреді).<br>Ке-ке-ке-мойны ұзын-керік.<br>(керік сияқты мойынын созады).<br>Май-май-май-маймылдарды қара. Пай-пай-пай (секіріп жүрген маймылдарды салады).<br>**«Какостармен ойнаймыз»**<br>**Шарты:** Отырған күйінде допты екі қолымен бастан асыра лақтырады.<br>**«Қи қоңыз жаттығуы»**<br>**Шарты:**Арақашықтықтары бір | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірінен 80см болатын кегльдер арасымен допты домалатып алып жүреді.<br>**«Жолбарыстар жемтігін аулауға шықты»**<br>**Шарты:** Заттар арасымен еңбектейді. Қолмен аяқты үйлестіріп қозғайды. Заттарды құлатып кетпеуге тырысады.<br>**«Кім алысқа секіреді?»**<br>**Шарты:** Екі аяқтарымен бір мезетте итеріліп секіреді. Қолдарын ширақ сермейді. Барынша алысқа секіруге тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуен.** | **№12 Әртүрлі ауа- райына қарай қардың өзгеруін бақылау.**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады. Қардан аққала жасауға болады. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғақ болады.<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар).<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады.<br>(аяз).<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбәт. | **№2 Қар басуын бақылау**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу. | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана» | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.<br>Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру.<br>Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | (мұз).<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды.<br>(аяз).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту.<br>**Д.О.** «Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімдерін толықтырып, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қар қалың, жабысқақ, құрғақ, күн көзіне жарқырайды.<br>**Қардың қасиеттері:** Аязды күні қарды қолғаппен ұстаса, | **Еңбектену әрекеті.**Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжірибе:** балалар қар қиыршықтарын қарастырады. Қармен тәжрибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | **Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту. Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | **Бірге жаттайық.** «Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру. Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ол жабыспайды, шашылады. | | | заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Төлеу Айша мен Сағат Әліханмен жеке жұмыс.<br>10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды меңгерту. | Барлық баламен жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:**№ 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды____Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 05-09 желтоқсан 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Денсаулық құпиялары»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Пішінді жаса»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, ептілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Пішіндерден әртүрлі заттарды құрастыру. (үй, шырша, балық, машина, гүл).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Бөліктерден сурет құрастырады.<br>(Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын»<br>**Ойынның мақсаты:**сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** **Ә**ңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №4 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай? | **Д.О.** «Қар қиршықтарын жина»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды жерге түскен бірдей қар қиыршықтарын жинап және қанша қар қиыршықтарын жинағанын айтып беруге үйрету.<br>Жылдамдыққа, | **Д.О.** «Сен жасыр, біз табамыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар көздерін жұмып отырады.<br>Педагогтің белгісімен бір бала ортаға шығып, суреттердің ішінен үй | **Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар | **Д.О.**«Ертегі кейіпкерлерін таны»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Тақтаға ілінген ертегі кейіпкерін атайды, қай ертегі кейіпкері екенін табады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | шапшаңдыққа баулу.<br>(әртүрлі үлгідегі қар ұиыршықтары).<br>**Ойын барысы:** 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | жануарлардың бірін таңдап, атын атамай сипаттайды, даусын салады, қимылмен көрсетеді. Балалар жасырған үй жануарын атын айтулары тиіс.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті). | әрекеті). |
| | бастырып, жалғастырып жазады. (Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**ДО.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерен (түсі, өлшемі, пішіні) құру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Д.О.**«Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс мезгілінің айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Ретімен атау. | Жамандықтан жиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан.<br>-Жақсы іс-деген не?<br>-«Жаман»-дегенде ойларыңа не түседі?<br>**Адамгершілік қасиет-** әр уақытта жақсылық жасау. Мейірімді, қайырымды адам қай кезде де жақсылық жасауға дайын тұрады.<br>Жақсы адамды айналасындағылар жақсы көреді, сыйлайды. Оның достары көп болады.<br>.Жақсы болу өзіңнен.<br>Жаман болу өзіңнен.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жамандық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>-Жақсы адам болу үшін не істеу керек?<br>-Адамдар неліктен «жамандықтан» қашады?<br>**Еркін ойын:**<br>«Кел ойнайық»<br>**Ойын барысы:** Өтірік айту жаман қасиет дегенде қол соғайық. Жақсы адам болғыларың келсе орнымыздан тұрайық. Жалқаулық жаман | Сөзге сөз қосып, сөйлем құрату арқылы балалардың зейінін, шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды екі топқа бөліп өткізуге болады. Педагог бір сөз айтады, балалар сол сөзге сөз қосып, сөйлем құрайды. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).<br><br>**2. Математика негіздері**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерен (түсі, өлшемі, пішіні) құру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.<br>**Д.О.**«Ай аттары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс мезгілінің айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Ретімен атау.<br>**Ойын барысы:** Қыс мезгілінің айларын ретімен атайды. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер» | **жаттайық.**«Болайықшы осындай»<br>**Шарты:** Өлең жолдарын бірге жаттайды.<br>**Болайықшы осындай.**<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>-Еңбекқор бала деп қандай баланы айтамыз?<br>-Сендер үйінде ата-анаңа қалай көмектесесіңдер? (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3. Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Көңілді қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Балалар қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінің қандай | **Д.О.** «Менің оқу құралдарым»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Заттарды сана, сандарды боя. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Санау әні»**үнтаспа. (Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3. Жапсыру**<br>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші сен оны.<br><br>(аққала).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға тез әрі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Қыс мезгілінің айларын ретімен атайды. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге үйету.<br>**Ойын барысы:** Әр түс қайда орналасқанын айт. Торкөз бойынша қайталап боя.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың өлшемі бойынша салыстыра білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттардың өлшемі бойынша салыстыр. Биік-аласа және үлкен-кіші заттарды ата. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес | қасиет дегендерің отырайық. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Жалғастыр»<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>Үлкендердің алдын...(кесіп өтуге).<br>Құстарды...(атуға болмайды).<br>Достарыңды...(ренжетуге болмайды).<br>Өтірік, жаман сөз...(айтуға болмайды).<br>**«Не істеу керек?»**<br>Үлкенді...(сыйлау керек).<br>Ата ананың тілін...(алу керек).<br>Ұстаздарды...(қадірлеу керек).<br>Кішілерге...(қамқор болу керек).<br>Тәртіпті...(бала болу керек).<br>Оқу құралдарды...(ұқыпты ұстау керек).<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Нағыз адам боламын!<br>Бүгін титтей баламын,<br>Әлі ақ жігіт боламын.<br>Сонда мүмкім мен ғалым,<br>Әлде шофер болармын.<br>Әлде, әлде білсеңдер, | **Ойынның мақсаты:** Балаларды геометриялық пішіндерді тани білуге және олардан түрлі аппликациялар жасай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Пішіндерге қарап аппликация жаса. (Жапсыру-шығармашылық әрекет).<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың өлшемі бойынша салыстыра білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Әр қатардағы фигуралардың қандай ерекшеліктері бар екенін сызып қосады. (пішіні, түсі және өлшемі). (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Санау әні.** (үнтаспа) (Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. | ерекшеліктері бар?<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:** «Алғашқы қар»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі артық затты табады.<br>-Бұл жерде артығы доп. Қыста далада шаңғы, шана, коньки тебеміз. Ал доппен ойнай алмаймыз.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту- | нақты жауап береді.<br>-Қыста жерде не жатады?<br>-Қыста қардан не жасауға болады?<br>-Аққаланы неден соғамыз?<br>-Аққала соғып көрдің бе?<br>-Қардан қолымыз тоңбау үшін не киеміз?<br>**Бірге жаттайық.**<br>**«Аққала»** Ғ.Орманов.<br>Ауыл алды ақша қар,<br>Ақшақарда балалар<br>Соғып жатыр аққала.<br>Бірі-инженер, бірі-ұста,<br>Жалқауы жоқ жұмысқа.<br>Бірі әкеліп қар үйіп,<br>Бірі қарға су құйып,<br>Күліседі күлімдеп:<br>«Бітірейік»-деп қана.<br>Біреуі әйнек ойыпты,<br>Біреуі есік қойыпты,<br>Өздеріне шақ қана.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққала құрастыру керек.<br>**Суреттер сөйлейді** «Қыс қызығы»<br>Балалар суреттен балалардың аулада қардан домалатып аққаланы барлығы бірігіп, бір-біріне көмектесіп жасап жатқандары бейнеленгенін әңгімелеп айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қыбылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату.<br>**Д.О.**«Көңілді қыс»<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде не болады?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Қар қайтіп жауады?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақтар жасырайық.** | Жалғыз ғана талабым:<br>Ер жеткенде, ел сенер,<br>Нағыз адам боламын!<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Көңілді қыс»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақ-жауап. Балалар қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде не болады?<br>-Аяз жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай | **Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>Суда мұз бар,<br>Жерде қар бар,<br>Боран борап соғады.<br>Бөбектерім айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>(қыста)<br>Зулап түсіп төменге,<br>Шықпас менсіз төбеге<br>(шана)<br>Табаныма байладым,<br>Қос аяқпен айдадым.<br>(шаңғы).<br>Қыста үйге кірмейді,<br>Көктем шықса жүрмейді. (шана)<br>Табанға тақтым,<br>Жалпақ қақтым,<br>Зырлап бақтым.<br><br>(коньки).<br>**Д.О.** «Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар қойылған сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>-Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? | коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты**:<br>Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай қай мезгілде киетіндерін айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О**. «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажрата білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді | (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Аққалалар»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққала бейнесін құрастыруды үйрету, қолдарының икемділіктерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>**.**Тіктөртбұрыш пішінді дайындаманы көгілдір түсті қағаздан қиып аламыз.<br>**.**Оны екі еселеп бүктеп, жай қарандашпен шеңбердің ширек бөлігін сызамыз.<br>**.**Контур сызық бойымен дөңгелектерді қиып аламыз.<br>**.**Түрлі-түсті қағазға аққаланың қалған бөлшектерін (қолы, шелегі, сыпырғышы, сәбіз-мұрны) сызып, сызық бойымен қиып аламыз.<br>Негізгі бетке аппликацияның бөлшектерін реттеп орналастырып аламыз.<br>**.**Аппликацияның барлық бөлшектерін негізгі бетке ретімен жапсыру.<br>**.**Аққаланың көзі мен аузын қара фломастермен сызып аламыз.<br>(Жапсыру-шығармашылық әрекет).<br><br>**4.Дене шынықтыру (ауада)**<br>Еңбектеу, өрмелеу: жүру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>**.**Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі).<br>**.**Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br><br>(қар).<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтадағы ілулі суреттерге қарап, қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ертегілер елі.**<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып, таныстыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**«Қар қандай?»** ертегісін оқып беру, баларды жаңа | ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:**<br>«Қыстағы жайдарлы күн»<br>**Мақсаты:** Қысқы табиғат құбылыстарын сезінеді, түрлі-түсті қарындашпен бейлейді.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың зейінін дамыту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі артық затты табады.<br>-Бұл жерде артығы доп. Қыста далада шаңғы, шана, коньки тебеміз. Ал доппен ойнай алмаймыз.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | -Қыста қардан не соғамыз?<br>-Қыста ойнайтын қандай ойындарды білесіңдер?<br>-Сырғанақта немен сырғанаймыз?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыңда:** Г.Әзімбаеваның «Шана» әңгімесімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру.<br>-Бала ұйқысынан тұрып қайда қарады?<br>-Ол терезеден кімді көрді?<br>-Әкесі мен анасы не істеп отырды?<br>-Бала ата-анасына қандай сөз айтты?<br>-Әкесі баласына не әкеліп берді?<br>-Анасы баласына қандай ақыл айтты?<br>-Анасы неліктен олай айтты?<br>-Баласы не деп жауап берді?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан. | жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Д.О.** «Жатқа айт»<br>**Ойын барысы:**Тақпақты жаттайды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>**Д.О.** «Тез жауап бер!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды қойылған сұрақтарға тез, әрі нақты жауап бере білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сұрақтарға жауап береді.<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Музыка тыңдау:** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Қыс несімен ұнайды?<br>-Қыста қандай мерекені тойлаймыз?<br>-Тыңдаған музыка қалай орындалады?<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар | мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша»төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу.<br>Секіру: бір орнында тұрып алға қарай 3-4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Үлкен шеңбер бойына,<br>Жиналыпты достарым.<br>Алдымен солға жүреміз,<br>Сосын оңға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Шыр көбелек айналып,<br>Жимиямыз күлеміз,<br>Ойын құрып жүреміз.<br>**Негізгі қимылдар:**<br>**.**Бір тізбекпен жүру;<br>**.**Шашырап жүру;<br>**.**Секіру: бір орнында тұрып секіру, айналу.<br>**.**Оң аяқ және сол аяқты алмастырып секіру.<br>**.**Әртүрлі екпінде үзіліссіз жүгіру. (1-5 инут).<br>**.**Кедергілер арасынан еңбектеу.<br>**.**Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос аяқпен секіруді, биік емес |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ертегімен таныстыру.<br>-Қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>**Сергіту сәті.**<br>З.Шүкіров. «Ақша қар»<br>Айналамда ұшып жүр,<br>Ақ мамық қар себелеп.<br>Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.<br>**Д.О.**«Қай мезгілде ойнаймыз?»<br>**Ойын барысы:**<br>Шаңғы, асық, шана, доп, хоккей, секіргіш жіп суреттеріне қарап балалар қай мезгілде ойнайтындарын айтады.<br>**Еркін ойын:**<br>«Сыңарын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар бірдей қолғаптарды табады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру; скамейканың үстіне | **4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Жатқа айт»<br>**Ойын барысы:**Тақпақты жаттайды.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>**Д.О.** «Тез жауап бер!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды қойылған сұрақтарға тез, әрі нақты жауап бере білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | (қимылмен көрсетеді).<br>**Д.О.** «Қандай қимыл жасағанын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы түрлі қимылдар (шаңғы, хоккей, коньки, шана) жасайды. Балалар қандай қимылдар жасағанын табуы керек. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Кім тез шананы құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Мүсіндеудің негізгі: жұмсарту, созу, құрастыру жаю, тегістеу, жалпақтау тәсілдерін қолданып, шананы құрастыра білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Берілген белгі бойынша балалар шананы ермексаздан мүсіндейді. Ойын осылайша жалғасып отырады. (Жапсыру-шығармашылық әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен, бір-бірден, екуден, үшеуден, тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**Негізгі кезең:**<br>шашырап жүгіру; | биі»<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай ауын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қойылған текшелерден аттап жүру.<br>**Негізгі кезең:**<br>**.**бір-бірден тізбекпен жүру;<br>**.**екі-екіден тізбекте тұрып жүру;<br>**.**төрт-төрттен тізбек құру;<br>**.**шашырап жүру;<br>**.**өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>**.**жай жүріс.<br>**.**екі минут баяу қарқынмен жүгіру;<br>**.**мұрын арқылы дем алу; **«Көңілді шарлар»**<br>Бір тізбекте жүреді, жүгіреді, жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.<br>**Қимылды ойын.** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды? | **Музыка тыңдау:** «Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Аюлар биі» Е.Тиличеева.<br>Балалар қорбаңдап аюлардың жүрісін салады.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | Жұппен жүгіру;<br>Бір-бірден жүгіру;<br>Екеуден, үшеуден жүгіру;<br>Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**«Пойыз»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Ирелеңдеп жүгіру; жүгіру қарқынын және бағытын өзгертіп жүгіру.<br>**«Ұшақтар»**<br>**Шарты:** Ұшақтың ұшуын салады. Қолдарын екі жаққа созып қалықтайды; түрлі бағытта жүгіреді; солға, оңға, төмен иіледі; жоғарыға қарай созылады.<br>**Қозғалыс ойыны:** «Сағат»<br>**Ойын шарты:** Екі ойыншы бірдей қашықтықта шеңбер бойымен тұрып алып, белгі берілгенде бір бағытта жүгіріп, бірін-бірін қуып жетуге тырысады. Ойында жаттығуларды екі бағытта қайталау керек. (сағат тілімен және сағат тіліне қарсы).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Лақтыр қағып ал» **Ойын барысы:** Балалар үш тізбекте тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар жүргізушіге допты қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | | |
| **Серуен.** | №1. Ауа-райын бақылау. | №2. Қар басуын бақылау. | №17. Қардағы іздерді бақылау. | №4. Аспанды бақылау. | №21. Мұзды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліхан және Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын | Қойшыбай Арайлым мен Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамшылық | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айта білуді меңгерту. | Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге | Төлеу Айшамен Заттардың әртүрлі белгілері бойынша (пүсі, пішіні, өлшемі) бойынша салыстыра білуді меңгерту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | танытуды, ойын ережелерін сақтауды меңгерту. | | бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Балалардың іс-әрекетіне көңіл бөлу. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26-30 желтоқсан 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.** «Қысқы табиғат» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Боямақ.** «Шырша ойыншықтары» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Аққаланы құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық фигураларды ажырата білуге және әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыра білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыру керек. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Жапсыру** «Жаңа жылдық ашық хат» **Мақсаты:** Балаларды Жаңа жылдық ашық хатты өз қолдарынан дайындауға үйрету. Әр түрлі әдіс-тәсілдермен жапсыруды, сәндік материалдарды дұрыс таңдап қолдануды меңгерту. Балалардың эстетикалық талғамын арттыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №7 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Денсаулық құпиялары» **Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шаттық | **Ән саламыз бәріміз.** «Шырша әні» Ән жаттау. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | **Д.О.** «Құстардың қысқы тіршілігі» **Ойынның мақсаты:** Құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеуге, сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету. Құстарға қамқорлықпен | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, | **Қол еңбегі.** Қағазбен жұмыс. «Мерекелік маскалар» **Мақсаты:** Балаларға қағаздан Жаңа жыл мерекесіне арналған маскалар жасауға үйрету. балалардың шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңберінде тұрады.<br>Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | | қарауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Сурет бойынша құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Балалар тыңдайды, білімдерін толықтырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | қабілеттерін арттыру, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй туындату. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Денешынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу нагіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған, Геометриялық пішіндерден | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br>**Д.О.**«Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемді аяқтайды.<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Мынау қандай пішін?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішінді сипап, сезу арқыл анықтап айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Педагог баланың қолына бір геометриялқ пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, қандай пішін екенін айтады. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі). | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br><br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппликация ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** | арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Троллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Тыныштық сәті.** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. Жеңіл көлікпен аялдамаға жетеді. Аялдамадан автобусқа мінеді. Вокзалдан поездға мініп, портқа жетеді. Кемемен жүзіп отырып әуежайға, әуежайдан ұшаққа отырып демалатын жерге де жетеміз. Көзімізді | (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Бірдей пішіндерді тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше пішіндерді таратып береді. Балалар бірдей пішіндерді тауып, топтастырады. Пішіндердің түсін, санын айтады. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын | **Д.О.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды.<br>-Құстар ұша алады, өйткені...<br>-Құстар қоректенеді....<br>-Аяздан қорықпайды...<br>-Құстар бір-біріне ұқсайды...<br>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт....<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Троллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Д.О.** «Көліктерді топтастыр» | Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br><br>(үшбұрыш).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br><br>**2.Математика** | ашамыз. Балалар, қандай сезімде болдыңдар?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Троллейбус.<br>Бағанаға ілінген,<br>Аспалы сым жолы бар.<br>Көшелерде жүгірген<br>Троллейбус жолығар.<br>Сым жолымен зулайды,<br>Басқа жаққа бұрмайды.<br>-Троллейбусқа мініп көрдіңдер ме?<br>-Троллейбустың автобустан айырмашылығы қандай?<br>-Сым жолымен қалай жүреді?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>Табанында жлы бар,<br>Төбесінде қолы бар.<br>(трамвай)<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қанатымызды жаямыз.<br>Ұшақ болып ұшамыз,<br>Суда жүйіткіп жүземіз,<br>Кемелерді түземіз.<br>Жол тәртібін сақтап,<br>Троллейбусқа мінеміз.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері** Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос. | **Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы алған білімдерін толықтыру.<br>**Ойын шарты:** Үлестірмелі карточкалардағы көліктерді әуе, жер, су топтастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Трамвай»<br>**Ойынның мақсаты:** Зейінді, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар бағанда екі-екіден тұрып, лентаны екі жағынан ұстап алады. Бір баланы оң қолымен, екіншісін сол қолымен ұстайды. Көшбасшы жасыл жалаушаны көтергенде балалар жүреді, егер жүргізуші сары жалаушаны көтерсе, қозғалыс баяулайды. Балалар қызыл жалаушаны көтергенде тоқтайды.<br>**Қимылды ойын:** «Көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, жаяу және шашыраңқы жүруді және жүгіруді, жылдамдықты дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға автомобильдердің рөлдері беріледі. Балалар бір-біріне соқтығыспай | (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>**Д.О.**«Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын,<br>төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Заттарды кеңістікке орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарайды, суреттегі заттардың қайда орналасқанын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Д.О.** «Ойыншықты тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп ойыншықты | **Д.О.** «Қандай белгі екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға текшелер таратылады. Балалар оны мұқият қарайды, әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы айтып береді.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Біл және көшеде жүру ережесін орында»<br>**Ойынның мақсаты:** Көшеде жүру ережелерін бекіту.<br>**Ойын барысы:**Тақтада бірнеше суреттер ілініп тұрады. Педагог балаларға суретті мұқият қарауды ұсынады. Балалар суреттерге қарап жол жүру ережесін естеріне түсіріп не істеуге болатынын айтып береді.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, жаяу және шашыраңқы жүруді және жүгіруді, жылдамдықты дамыту. | **Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы.<br>**Сөздік ойын:**«Бұл қай уақытта болады?»<br>Ойынның мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша әңгімелейді. Таңертең. Күндіз. Кешке. Түнде.<br>**Еркін ойын:** «Дүкен»<br>**Ойынның мақсаты:** Апта күндерін білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Анаң аптаның әр күні дүкеннен не сатып алғанын ата. Суреттерді санмен сызып қос. Апта күндерін ата.<br>Дүйсенбі-нан<br>Сейсенбі-сүт.<br>Сәрсенбі-ойыншықтар.<br>Бейсенбі-ертегі кітаптары.<br>Жұма-жеміс-жидектер.<br>Сенбі-көкөністер.<br>Жексенбі-оқу құралдары.<br><br>1 \| 2 \| 3 \| 4 \| 5 \| 6 \| 7<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды апта күндерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қара. Балалардың аптаның әр күнінде қай ертегіні тыңдағанын айт. | жүреді және жүгіреді. Сонымен бірге рөлді айналдырады.<br>**Қимылды ойын:** «Машинамен саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережелері және жол белгілері бойынша білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балалар ойын алаңында ойнайды. Жол белгілерінің қасынан өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған толық, нақты жауап бере білуге баулу.<br><br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені | бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.<br>**Д.О.**«Тәулік бөліктері»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жоғарыда-төменде»<br>**Ойынның мақсаты:** Жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. **Мысалы:** ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Поезд»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Оң және солға бұрыла білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала жүргізуші болады. Жүргізуші бала алдында тұрады, қалған балалар жүргізуші баланың соңынан бір-біріңнің иықтарыңа қолдарыңды қойып тұрады. Жүргізуші | Ойын барысы: Балаларға автомобильдердің рөлдері беріледі. Балалар бір-біріне соқтығыспай жүреді және жүгіреді. Сонымен бірге рөлді айналдырады.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>**Д.О.**«Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді.<br>**Д.О** «Кім қандай?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жәндіктердің сыртқы кейпіне, мекеніне, қозғалыс тәсіліне анықтама беруге | **Дүйсенбі**-«Шалқан» ертегісі.<br>**Сейсенбі**-«Жеті лақ» ертегісі.<br>**Сәрсенбі**-«Қызыл телпек» ертегісі.<br>**Бейсенбі**....<br>**Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру.<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз)<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап | безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата)<br>**Тыныштық сәті.**<br>Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру. | Сурет бойынша әңгіме құрауды және тәулік бөліктерін ажырата білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br>**Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Алға доп ойыны»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдерінің белгілерин атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог бір жыл мезгілін атайды және допты жанында тұрған балаға береді. Балалар аталған жыл мезгілінің ерекшеліктерін атап, допты шеңбер бойымен жанындағы балаға береді.<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала поезді жүргізеді, барлығың содан ажырамай бір-біріңнің арттарыңнан ересіңдер. Мен сендерге нұсқау беремін. **Мысалы:** оңға немесе солға бұрылыңдар. «Айнал»-десем жүргізуші сол нұсқауды орындайды, сол бағытқа бұрылады. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай. | ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар жәндіктерге анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекшеліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айтады. Кім? Не? Қандай?-деген сұрақтарға нақты жауап береді.<br>**Д.О.** «Бұл не? Бұл кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көпше етістікті қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту. Ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін әңгімелейді, айтады. Сұрағы қойылады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл әні» | ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс)<br>Бұлтты айдай желдеткен,<br>Нөсерлеткен, селдеткен.<br>Шалшық кешіп ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br><br>(көктем).<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(жаз).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аптадағы жеті күн»<br>**Мақсаты:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету.<br><br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі.<br>Үшіншісі -Сәрсенбі,<br>Төртіншісі-Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, | **Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір» сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Шырша әні» (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті)<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың | ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**4.Құрастыру.**<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи (қағаз, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Қызықты жануарлар»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғи материалдарды ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың неден жасалғанын айтып береді.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, қимылын көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балан үйрек – анам,<br>Ортан тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – апам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя.<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру. Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтуды ұсынады.<br>**Жаңылтпаштар жаттайық.** | **Ән айту:** «Шырша әні»<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел айтысайық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды айтыс өнеріне баулу.<br>Ата-баба дәстүрін,<br>Үйренуден қашпаймыз.<br>«Айтыс» десе сәнденіп,<br>Қыздар іздей бастаймыз.<br><br>Біржан болып сен келсең,<br>Ақын Сараң мен болам.<br>Сәйгүлік болып сен шапсаң,<br>Аққу құсың мен болам.<br>Біздің топтың ұлдары,<br>Шеттерінен ақылды-ақ.<br>Жұмбақ, тақпақ бұл тойда,<br>Айтып берер тақылдап.<br><br>Үй жабдығын бұл тойға,<br>Біздің қыздар сәндеді.<br>Қонақ күтіп, ән салды,<br>Ұлдарыңнан кем бе еді.<br><br>Түрлендіріп қамшы өрсем,<br>Қыздарың таң қалады.<br>Күмбірлетіп күй шертсем,<br>Мұнда думан болады.<br><br>Мақтандың ғой жігітім,<br>Өнеріңді көрейік.<br>Көрсет сәнді қамшыңды,<br>Біздер баға берейік.<br><br>Тойға барам деген соң, | сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл әні»<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br>«Шыршаға бардық»<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Көбелектер биі»<br>**Шарты:** Биді жеңіл денені еркін ұстап, аяқтың ұшымен, қалқып ұшып, бір-біріне соқтығыспай билеу.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Шығармашылық үзіліс.** «Қызықты жануарлар» (Табиғи материалдарды пайдалана отырып жануарларды құрастыру).<br>**Қимылды ойын:** «Ормандағы жануарлар»<br>**Ойын барысы:** Балалар бірге айтады, аңдардың қимылын жасайды.<br><br>Біз орманға барамыз,<br>Онда аюды көреміз.<br>Желкемізде қолымыз,<br>Теңселе басып жүреміз.<br><br>Алдымызда талдардан,<br>Жылтыңдаған қу түлкі.<br>Біз түлкіні алдаймыз,<br>Жүгіріп басыпқалмаймыз.<br><br>Қояндарды көреміз,<br>Қоянға ұқсап жүреміз.<br>Қолымызды алға ұстап,<br>Секіре басып келеміз.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**(ауада).<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.<br>**Педагог жетекшілігі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақ асқабақ әкелді,<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br><br>Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар.<br>Оған кім таласа алар.<br>Сұр інген сүрінген бе,<br>Сүрінген сұр інген бе.<br>Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,<br>Бұлаң десем екен қылаң.<br><br>Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді. Арман мен Арнұр балаларда,<br>Арбамен тасып береді.<br>Омартаға балалар барар, Балаларды аралар талар.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.<br>Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа, су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. | | Домбыра ұстап келіп ем.<br>Шашақталған қамшымды,<br>Үйге тастап кетіп ем.<br><br>Қалып қойса қамшыңыз,<br>Тағы тойға келерсіз.<br>Сол қамшыны мына бізге,<br>Сонда сыйға берерсіз.<br><br>Қоштасайық халықпен,<br>Ақындарын пір тұтқан.<br>Сөз өнеріне шөлдегенде,<br>Рахаттанып бір жұтқан.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға жұмбақтар жасырады.<br>Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Май жейді, су ішеді,<br>Бұл не екен балалар?<br>(машина).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр (автобус).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(ұшақ).<br>Бір-біріне қарап үйлер | | **мен ойын:** «Денсаулық құпиялары»<br>**Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>**Негізгі кезең.**<br>Түзету жаттығуларын орындайды.<br>Шынығамыз күнде біз!<br>(қолдарын иығына қарай бүгіп-жазу).<br>Шымыр болып өсеміз!<br>(бірлесіп адымдап жүру)<br>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымыздан шығарамыз!<br>(қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару).<br>Терең-терең дем аламыз!<br>(қолдарын жоғары көтеру. Демін ішке тарту, демін сыртқа шығару; қолдарын төмен түсіру)<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Қадам басып сап құрайық!<br>(бірге адымдап жүреді).<br>Табиғатты тамашалап,<br>Кереметке қуанайық! (бір орнында тұрып жоғары секіру).<br>Бораннан да қорықпаймыз!<br>(адымдап жүреді).<br>Қарды қағып ұстаймыз! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тыныс алу жаттығуы.**<br>«Спортпен айналыссақ жылдам өсеміз»-аяқтың ұшымен тұру, қолды жоғары көтеріп дем алу.<br>«Күннен-күнге бойымыз өсіп жатыр»-қолды төмен түсіріп, табанды жерге толық басып, дем шығару.<br>Екі-екіден тізбекте тұру.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Пайдалы кеңестер»<br>**Ойынның мақсаты:** Салауатты өмір салты туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Пайдалы кеңестер туралы айтады.<br>.Спортпен айналысу.<br>.Жуыну. тазалық сақтау.<br>.Дұрыс тамақтану.<br>.Таза ауада дем алу.<br>**«Жағымсыз әдеттер»**<br>Қарандашты аузыңа салма!<br>Саусағыңды сорма!<br>Шашыңды тартпа! т.б.<br>**Сергіту сәті.**<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы | | тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрлі-бері жүр көшіп.<br>(поезд).<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту. Дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану.<br>**Д.О.** «Жақсы-жаман»<br>**Ойынның мақсаты:** Жақсы және жаман әдеттерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға допты лақтырып, «тісті тазалау», «алманы жумай жеу» т.с.с сөздер айтады. Балалар **«жақсы»** немесе **«жаман»** деп баға беріп, допты педагогке қайтарады.<br>**Әңгімелеу:** «Тіс нені жақсы көреді?» | | (шапалақ ұру).<br>Қолымызды түзейміз, (екі жағына түзеу қояды).<br>Қар жетеді ойнаймыз!<br>(шапалақ ұру).<br>Біз енді қар лақтырамыз!<br>(сол қолмен лақтыруды бейнелеу).<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>(қар лақтыруды көрсетеді).<br>Сонда да біз қорықпаймыз!<br>(оң және сол қолмен көрсетеді)<br>Нысанаға атқылаймыз!<br>(шапалақ ұрады).<br>**Бірге жаттайық:**«Спорт»<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(балалар музыка әуенімен бірнеше жаттығу түрлерін орындайды).<br>-Денсаулығың мықты болу үшін не істеу керек?<br>**Таза ауа.**<br>«Басты байлық-денсаулық»<br>Бабаң айтқан даналық.<br>Ол үшін көп қозғалып,<br>Таза ауа жұт көбірек.<br>-Табиғат аясында жиі боласыңдар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз. (балалар жаттығу жасайды).<br>(дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қимылды ойындар:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | **Мақсаты:** Балаларға тіске дұрыс күтім жасауды үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Ең таза қол»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тазалыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Байқау өткізу. Балалар қолдарын сабындап жуады. Қолын шайғанда суы таза болған бала жеңіске жетеді.<br>**Есте сақта!**<br>Микроб, вирус, бактериялар-судан, сабыннан қорқады. Егер біз үнемі жуынып, шомылып, тісімізді тазалап жүрсек, деніміз сау болып, ауырмай жүреміз. Микроб, вирус, бактериялар шынығудан қорқады.<br>**Д.О.** «Жаны саудың-тәні сау»<br>**Ойын барысы:** Суреттерге қарайды, денсаулықты нығайту туралы әңгімелейді. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Қимылды ойын:** «Көңілді қошақандар» **Ойын барысы:** Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілдіәуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі, музыка-шығармашылық ойын әрекеті). | | |
| **Серуен.** | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.** Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру. **Көркем сөз.** Қарағай. Тау баурайы-жағалай, Биік-биік қарағай. Оқтай түзу бойлары, Шымыр өскен баладай. **Жұмбақ.** Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң жаның рахат табады. (ағаш) **Бірге жаттайық.** | **№12 Әртүрлі ауа-райына қарай қардың өзгеруін бақылау.** Жылымық кезінде қар жабысқақ болады. Қардан аққала жасауға болады. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғақ болады. **Көркем сөз.** Аппақ-аппақ қар аппақ, Қар жамылған дала аппақ. Қырау-қырау тал аппақ, Айналаның бәрі аппақ. Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. **Жұмбақтар жасырайық.** Қоймасын қыс ақтарып, Жерді жапты ақ мамық. (қар). Қолымен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады. (аяз) Көлдің беті көк әйнек, | **№2 Қар басуын бақылау.** Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру. **Жұмбақ.** Ұстай алсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. **Жаңылтпаш.** Қыста боран борар, Қыздар шәлі орамал оранар. **Көркем сөз.** О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, Бала біткен қуанды. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу» **Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету. | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды. **Көркем сөз.** Ойын ойнап міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. **Жұмбақ.** Мен кетемін, ол қалар. **Бірге жаттайық.** «Қар» Т.Шопашов. Жауды міне қар аппақ, Қазақ жері бағымыз. Қойнауынан мөп-мөлдір, | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.** Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі. Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу. **Көркем сөз.** Еңбек-қуаныш, Жалқаулық-айырылмас азап. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді. **Мақал-мәтелдер.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | Сырғанауға тым әйбәт. (мұз).<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды. (аяз)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту.<br>**Д.О.** «Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімдерін толықтырып, | **Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжрибе:** Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>Қармен тәжрибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.** «Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қар қалың, жабысқақ, құрғақ, күн көзіне жарқырайды.<br>**Қардың қасиеттері:**<br>Аязды күні қарды қолғаппен ұстаса, ол жабыспайды, шашылады. | | | қалыптастыру. Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс.<br>Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратуды және атай білуді меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Барлық баламен жеке жұмыс.<br>Өлеңдер, санамақтар, жағылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ертегі мазмұнын айту. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_______**Жоспардың құрылу кезеңі:** 26-30 желтоқсан 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.**<br>«Қысқы табиғат»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Боямақ.**<br>«Шырша ойыншықтары»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық фигураларды ажырата білуге және әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыра білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыру керек.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Жапсыру**<br>«Жаңа жылдық ашық хат»<br>**Мақсаты:** Балаларды Жаңа жылдық ашық хатты өз қолдарынан дайындауға үйрету. Әр түрлі әдіс-тәсілдермен жапсыруды, сәндік материалдарды дұрыс таңдап қолдануды меңгерту. Балалардың эстетикалық талғамын арттыру. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №7 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:**<br>«Денсаулық құпиялары»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шаттық | **Ән саламыз бәріміз.**<br>«Шырша әні»<br>Ән жаттау.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | **Д.О.** «Құстардың қысқы тіршілігі»<br>**Ойынның мақсаты:** Құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеуге, сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету. Құстарға қамқорлықпен | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту»<br>**Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, | **Қол еңбегі.**<br>Қағазбен жұмыс.<br>«Мерекелік маскалар»<br>**Мақсаты:** Балаларға қағаздан Жаңа жыл мерекесіне арналған маскалар жасауға үйрету. балалардың шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңберінде тұрады.<br>Бәрі бірге айтады.<br>-Күніміз ашық болсын!<br>-Жеріміз кең болсын!<br>-Ауамыз таза болсын!<br>-Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | | қарауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Сурет бойынша құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Балалар тыңдайды, білімдерін толықтырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | қабілеттерін арттыру, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй туындату. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Денешынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу нагіздері.<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған, Геометриялық пішіндерден | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br>**Д.О.**«Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Айтылған сөздерді есіне сақтап, сөзді сөйлеммен жалғастырып айтуға дағдыландыру, балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемді аяқтайды.<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Мынау қандай пішін?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішінді сипап, сезу арқыл анықтап айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Педагог баланың қолына бір геометриялқ пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, қандай пішін екенін айтады. | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:** Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі). | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br><br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аппликация ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** | арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Троллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Тыныштық сәті.** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, көз алдарына саяхатқа қалай шығатындарын елестетеді. Жеңіл көлікпен аялдамаға жетеді. Аялдамадан автобусқа мінеді. Вокзалдан поездға мініп, портқа жетеді. Кемемен жүзіп отырып әуежайға, әуежайдан ұшаққа отырып демалатын жерге де жетеміз. Көзімізді | (Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Бірдей пішіндерді тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше пішіндерді таратып береді. Балалар бірдей пішіндерді тауып, топтастырады. Пішіндердің түсін, санын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын | **Д.О.** «Сөйлемді аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Сөйлемнің басын бастайды, балалар аяқтайды.<br>-Құстар ұша алады, өйткені...<br>-Құстар қоректенеді....<br>-Аяздан қорықпайды...<br>-Құстар бір-біріне ұқсайды...<br>-Құстардың барлығына тән белгілерін айт....<br>-Құстың адамға қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Троллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Д.О.** «Көліктерді топтастыр» | Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br><br>(үшбұрыш).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя» Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздеріңді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын.** «Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br><br>**2.Математика** | ашамыз. Балалар, қандай сезімде болдыңдар?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Троллейбус.<br>Бағанаға ілінген,<br>Аспалы сым жолы бар.<br>Көшелерде жүгірген<br>Троллейбус жолығар.<br>Сым жолымен зулайды,<br>Басқа жаққа бұрмайды.<br>-Троллейбусқа мініп көрдіңдер ме?<br>-Троллейбустың автобустан айырмашылығы қандай?<br>-Сым жолымен қалай жүреді?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>Табанында жлы бар,<br>Төбесінде қолы бар.<br>(трамвай)<br>**Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қанатымызды жаямыз.<br>Ұшақ болып ұшамыз,<br>Суда жүйіткіп жүземіз,<br>Кемелерді түземіз.<br>Жол тәртібін сақтап,<br>Троллейбусқа мінеміз.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос. | **Ойынның мақсаты:** Көліктер туралы алған білімдерін толықтыру.<br>**Ойын шарты:** Үлестірмелі карточкалардағы көліктерді әуе, жер, су топтастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Трамвай»<br>**Ойынның мақсаты:** Зейінді, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар бағанда екі-екіден тұрып, лентаны екі жағынан ұстап алады. Бір баланы оң қолымен, екіншісін сол қолымен ұстайды. Көшбасшы жасыл жалаушаны көтергенде балалар жүреді, егер жүргізуші сары жалаушаны көтерсе, қозғалыс баяулайды. Балалар қызыл жалаушаны көтергенде тоқтайды.<br>**Қимылды ойын:** «Көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, жаяу және шашыраңқы жүруді және жүгіруді, жылдамдықты дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға автомобильдердің рөлдері беріледі. Балалар бір-біріне соқтығыспай | (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>**Д.О.**«Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылғанын айт. Заттарға ортақ атау бер.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын,<br>төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту. Заттарды кеңістікке орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде).<br>**Д.О.** «Не қайда орналасқан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарайды, суреттегі заттардың қайда орналасқанын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, қоршаған ортамен танысу-тілдік қарым-қатынас).<br>**Д.О.** «Ойыншықты тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір ойыншықты тығып қояды. Бір баланы шақырады. Педагогтің нұсқауымен мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп ойыншықты | **Д.О.** «Қандай белгі екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге үйрету, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға текшелер таратылады. Балалар оны мұқият қарайды, әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы айтып береді.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Біл және көшеде жүру ережесін орында»<br>**Ойынның мақсаты:** Көшеде жүру ережелерін бекіту.<br>**Ойын барысы:**Тақтада бірнеше суреттер ілініп тұрады. Педагог балаларға суретті мұқият қарауды ұсынады. Балалар суреттерге қарап жол жүру ережесін естеріне түсіріп не істеуге болатынын айтып береді.<br>(Қоршаған орта, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Көліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Көлік түрлері туралы білімдерін бекіту. Кеңістікті бағдарлауды, жаяу және шашыраңқы жүруді және жүгіруді, жылдамдықты дамыту. | **Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы.<br>**Сөздік ойын:**«Бұл қай уақытта болады?»<br>Ойынның мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша әңгімелейді. Таңертең. Күндіз. Кешке. Түнде.<br>**Еркін ойын:** «Дүкен»<br>**Ойынның мақсаты:** Апта күндерін білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Анаң аптаның әр күні дүкеннен не сатып алғанын ата. Суреттерді санмен сызып қос. Апта күндерін ата.<br>Дүйсенбі-нан<br>Сейсенбі-сүт.<br>Сәрсенбі-ойыншықтар.<br>Бейсенбі-ертегі кітаптары.<br>Жұма-жеміс-жидектер.<br>Сенбі-көкөністер.<br>Жексенбі-оқу құралдары.<br><br>1 \| 2 \| 3 \| 4 \| 5 \| 6 \| 7<br>**Д.О.** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды апта күндерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қара. Балалардың аптаның әр күнінде қай ертегіні тыңдағанын айт. | жүреді және жүгіреді. Сонымен бірге рөлді айналдырады.<br>**Қимылды ойын:** «Машинамен саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жолда жүру ережелері және жол белгілері бойынша білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балалар ойын алаңында ойнайды. Жол белгілерінің қасынан өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған толық, нақты жауап бере білуге баулу.<br><br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені | бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау.<br>**Д.О.**«Тәулік бөліктері»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | табады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жоғарыда-төменде»<br>**Ойынның мақсаты:** Жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. **Мысалы:** ұшақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Поезд»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Оң және солға бұрыла білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала жүргізуші болады. Жүргізуші бала алдында тұрады, қалған балалар жүргізуші баланың соңынан бір-біріңнің иықтарына қолдарыңды қойып тұрады. Жүргізуші | Ойын барысы: Балаларға автомобильдердің рөлдері беріледі. Балалар бір-біріне соқтығыспай жүреді және жүгіреді. Сонымен бірге рөлді айналдырады.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>**Д.О.**«Сиқырлы қалта»<br>**Ойынның мақсаты:** Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог сиқырлы қалтаны ортаға қойып балаларды кезекпен шақырып, сол қалтадағы заттарды алғызады. Балалар алған заттарын сипаттап айтып береді.<br>**Д.О** «Кім қандай?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды жәндіктердің сыртқы кейпіне, мекеніне, қозғалыс тәсіліне анықтама беруге | **Дүйсенбі**-«Шалқан» ертегісі.<br>**Сейсенбі**-«Жеті лақ» ертегісі.<br>**Сәрсенбі**-«Қызыл телпек» ертегісі.<br>**Бейсенбі**....<br>**Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру.<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз)<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап | безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата)<br>**Тыныштық сәті.**<br>Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру. | Сурет бойынша әңгіме құрауды және тәулік бөліктерін ажырата білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.<br>**Сөздік ойын:** «Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Алға доп ойыны»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдерінің белгілерін атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Педагог бір жыл мезгілін атайды және допты жанында тұрған балаға береді. Балалар аталған жыл мезгілінің ерекшеліктерін атап, допты шеңбер бойымен жанындағы балаға береді.<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бала поезді жүргізеді, барлығың содан ажырамай бір-біріңнің арттарыңнан ересіңдер. Мен сендерге нұсқау беремін. **Мысалы:** оңға немесе солға бұрылыңдар. «Айнал»-десем жүргізуші сол нұсқауды орындайды, сол бағытқа бұрылады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай. | ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар жәндіктерге анықтама бере отырып, оның сыртқы кейпінің ерекшеліктері, қозғалыс тәсілдері туралы айтады. Кім? Не? Қандай?-деген сұрақтарға нақты жауап береді.<br>**Д.О.** «Бұл не? Бұл кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көпше етістікті қолдана білуге үйрету, сөздік қорын молайту. Ойлау, қабылдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін әңгімелейді, айтады. Сұрағы қойылады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Жаңа жыл әні» | ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс)<br>Бұлтты айдай желдеткен,<br>Нөсерлеткен, селдеткен.<br>Шалшық кешіп ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br><br>(көктем).<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(жаз).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аптадағы жеті күн»<br>**Мақсаты:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету.<br><br>Апта деген атайдың<br>Жеті бірдей ұлы бар.<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі.<br>Үшіншісі -Сәрсенбі,<br>Төртіншісі-Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, | **Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір» сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті)<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Билер.<br>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың | ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**4.Құрастыру.**<br>Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи (қағаз, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.<br>**Д.О.** «Қызықты жануарлар»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғи материалдарды ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі жануарларды атайды. Жануарлардың неден жасалғанын айтып береді.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. Сол жануар туралы әңгімелейді, қимылын көрсетеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (жол полиция<br>қызметкері).<br>Адамның жүзін,<br>Басы мен көзін.<br>Айнытпай келбетін,<br>Салатын кім суретін?<br>(суретші)<br>Жасыл желек көгалда,<br>Бірде артқа, бірде алға,<br>Желаяқ көп ала,<br>Таласып жүр бір допқа.<br>(футболшылар).<br>Кең байтақ туған<br>жеріме,<br>Кетпесін деп жат із<br>өтіп. Тыныштықтілеп<br>еліме, Отанды кім тұр<br>күзетіп.<br>(шекарашы).<br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес ,бірақ та.<br>Дәм мәзірінқаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады<br>ол.<br>(аспаз).<br>Өрнектеп сәндеп,<br>Тігістерін бүтіндеп.<br>Солпысын жөндеп,<br>Кім көйлек тігетін?<br>(тігінші).<br>Күміс қанат сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім<br>дейді?<br>(ұшқыш).<br>Өскен шашты<br>жаратпайтын,<br>Қайшысы бар<br>жалақтайтын.<br>(шаштараз). | шынықтыру-ойын әрекеті,<br>қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөздік қор. Шағын<br>өлеңдер, санамақтар,<br>жаңылтпаштар, тақпақтар<br>жаттау, жұмбақтар<br>шешкізу. Балаларды<br>шешендік өнерге, айтыс<br>өнеріне баулу.<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның<br>мақсаты:**Балалардың тілін<br>жаттықтыру.Жаңылтпаштар<br>ды жатқа айта білуге<br>үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог<br>балаларға<br>жаңылтпаштарды жатқа<br>айтуды ұсынады.<br>**Жаңылтпаштар<br>жаттайық.**<br>Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақ асқабақ әкелді,<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br><br>Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар.<br>Оған кім таласа алар.<br><br>Сұр інген сүрінген бе,<br>Сүрінген сұр інген бе.<br><br>Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,<br>Бұлаң десем екен қылаң.<br><br>Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді.<br>Арман мен Арнұр | керемет!<br>Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек<br>етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі<br>келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қапшықты кім алысқа<br>лақтырады?»<br>Барлық ойынға қатысушы<br>балаларды бір қатарға<br>тұрғызып, қолдарына бір-<br>бірден қапшық<br>таратылады. Нұсқаушының<br>белгісі бойынша<br>қолдарындағы қапшықты<br>біртіндеп алысқа<br>лақтырады. Нұсқаушы<br>кімнің қапшығы алысқа<br>түскенін бақылап, айтып<br>отырады. Ойын осылай 3-4<br>рет қайталанады.<br>(Дене шынықтыру-ойын<br>әрекеті, қимыл<br>белсенділігі). | Тоғыз деген-тоқтау,<br>Елдің жоғын жоқтау.<br>Он дегенім-Отан,<br>Қорға оны ботам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем<br>әдебиет-коммуникативтік<br>ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-<br>коммуникативтік ойын<br>әрекеті, музыка-<br>шығармашылық ойын<br>әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту.<br>Ән айтуда дауыспен<br>вокалдық-есту қабілетін<br>үйлестіруді жетілдіру.<br>Әнді музыкалық<br>талғаммен орындауға<br>жаттықтыру.<br>Билер.Музыкаға сәйкес<br>орындалатын би<br>қимылдарын білу. Би<br>қимылдарының<br>элементтерін жеңіл, еркін<br>орындау қозғалыс<br>бағытын музыкалық<br>фразаларға сәйкес<br>өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс»<br>Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы»<br>И.Нүсіпбаев.<br>-Айнала аппақ қар,<br>балалар қардан аққала<br>жасап қойған, шанамен<br>мұзда сырғанақ тебеміз,<br>аяғымызға шаңғы байлап,<br>шаңғымен сырғанаймыз, | жақсы салынған<br>суреттерден көрме<br>ұйымдастыру.<br><br>**4.Дене<br>шынықтыру.**(ауада).<br>Қимылды ойындар. Ынта<br>мен шығармашылық<br>танита отырып, таныс<br>қимылды ойындарды өз<br>бетінше ұйымдастыруға<br>мүмкімдік беру. Дербес<br>қимыл белсенділігі.<br>Балалардың<br>құрдастарымен қимылды<br>ойындарды өз бетінше<br>ұйымдастыруын жағдай<br>жасау, олардың<br>жарыстар ұйымдастыруға<br>деген белсенділігін<br>қолдау.<br>**Негізгі кезең.**<br>Түзету жаттығуларын<br>орындайды.<br>Шынығамыз күнде біз!<br>(қолдарын иығына қарай<br>бүгіп-жазу).<br>Шымыр болып өсеміз!<br>(бірлесіп адымдап жүру)<br>Мұрнымызбен тыныс<br>алып, аузымыздан<br>шығарамыз!<br>(қолдарын белге қойып,<br>тыныс алу: демін ішіне<br>тарту, демін сыртқа<br>шығару).<br>Терең-терең дем аламыз!<br>(қолдарын жоғары<br>көтеру. Демін ішке<br>тарту, демін сыртқа<br>шығару; қолдарын төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оның тіккен бұйымы,<br>Аяғыңды қаптайды,<br>Шыға қалса жұлымы,<br>Әдемілеп баптайды.<br>(етікші).<br>Дабылға тез жететін<br>Жалынға сүңгіп кететін<br>Қақалса да түтінге,<br>Тайсалмайтын батыл<br>кім? Жасқанбайтын<br>батыр кім?<br>(өрт сөндіруші).<br>(Сөйлеуді дамыту,<br>көркем әдебиет-<br>коммуникативтік ойын<br>әрекеті).<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес<br>саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он<br>саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br><br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балан үйрек – анам,<br>Ортан тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек –<br>апам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br>(Сөйлеуді дамыту,<br>көркем әдебиет-<br>коммуникативтік ойын<br>әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** | балаларда, Арбамен тасып<br>береді.<br><br>Омартаға балалар барар,<br>Балаларды аралар талар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қыстың күні көңілді,<br>Көп қызықты көреміз.<br>Шығып алып далаға,<br>Сырғанақты тебеміз.<br><br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем<br>әдебиет-коммуникативтік<br>ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Қар жауып тұр» сурет<br>салу.<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Бір дегенім-бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі дегенім-елім,<br>Далам, тауым, көлім.<br>Үш дегенім-үміт,<br>Үміт атар жігіт.<br>Төрт дегенім-төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>Бес дегенім-бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Алты дегенім-ақыл,<br>Тыңдағаның мақұл.<br>Жеті дегенім-жалау,<br>Жүректегі алау.<br>Сегіз дегенің-сөзің,<br>Серт беретін кезің.<br>Тоғыз деген-тоқтау,<br>Елдің жоғын жоқтау.<br>Он дегенім-Отан, | | мұзда коньки тебеміз-<br>мұның бәрі жылдың қай<br>мезгілінде болады?<br>-Қыс мезгілі қандай<br>ерекшеліктерімен ұнайды?<br>-Міне, біздің бүгінгі<br>тыңдаған әніміз қыс<br>мезгілі туралы.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиіңді байла.<br>Думандатып ойна,<br>Қыс қызығын тойла.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді<br>дамыту-коммуникативтік<br>ойын әрекеті).<br>**Ән айту:** «Ақша қар»<br>К.Қуатбаев.<br>«Шырша әні» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыс мезгілінде көбелек<br>бола ма?<br>-Онда көбелек деп не<br>айтылады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді<br>дамыту-коммуникативтік<br>ойын әрекеті, музыка-<br>шығармашылық ойын<br>әрекеті).<br>**Музыкалық ырғақты<br>қимылдар:** «Ұлпалақтар<br>биі»<br>1.Балалар қолдарына<br>жылтырақ таяқшалар<br>ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл | түсіру)<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Қадам басып сап<br>құрайық!<br>(бірге адымдап жүреді).<br>Табиғатты тамашалап,<br>Кереметке қуанайық!<br>(бір орнында тұрып<br>жоғары секіру).<br>Бораннан да<br>қорықпаймыз!<br>(адымдап жүреді).<br>Қарды қағып ұстаймыз!<br>(шапалақ ұру).<br>Қолымызды түзейміз,<br>(екі жағына түзеу<br>қояды).<br>Қар жетеді ойнаймыз!<br>(шапалақ ұру).<br>Біз енді қар лақтырамыз!<br>(сол қолмен лақтыруды<br>бейнелеу).<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>(қар лақтыруды<br>көрсетеді).<br>Сонда да біз<br>қорықпаймыз!<br>(оң және сол қолмен<br>көрсетеді)<br>Нысанаға атқылаймыз!<br>(шапалақ ұрады).<br>**Қимылды ойындар:**<br>«Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылардың санына<br>сәйкес шеңберлер<br>қойылады. Бұл –<br>қарлығаштардың үйі.<br>Балалар (қарлығаштар)<br>қанаттарын жайып ұшады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар: допты жоғарыдан алға және артқа бір-біріне беру; қолды алға көтеріп оңға солға бұрылу.<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу; қолды алға созып жартылай отырып тұру 2-3.<br>**Қимылды ойын:** «Көңілді қошақандар»<br>**Ойын барысы:** Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілдіәуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.<br>(Дене шынықтыру- | Қорға оны ботам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Билер.Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс» Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасап қойған, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап, шаңғымен сырғанаймыз, мұзда коньки тебеміз- мұның бәрі жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Қыс мезгілі қандай | | жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын әрекеті, қимыл белсенділігі, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Ұлттық ойын:** «Көтермек»<br>**Ойын барысы:**Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | ерекшеліктерімен ұнайды?<br>-Міне, біздің бүгінгі тыңдаған әніміз қыс мезгілі туралы.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиіңді байла.<br>Думандатып ойна,<br>Қыс қызығын тойла.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыс мезгілінде көбелек бола ма?<br>-Онда көбелек деп не айтылады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуен** | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару.<br>Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады.<br>(ағаш)<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** | **№12 Әртүрлі ауа-райына қарай қардың өзгеруін бақылау.**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады. Қардан аққала жасауға болады. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғақ болады.<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар)<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады.<br>(аяз)<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбәт.<br>(мұз)<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды.<br>(аяз)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. | **№2 Қар басуын бақылау.**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:**<br>Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.<br>Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Қардан қарлы дуал жасау.<br>Бір-біріне кедергі келтірмеуге, | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру. | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.<br>Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру.<br>Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту.<br>**Д.О.** «Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімдерін толықтырып, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қар қалың, жабысқақ, құрғақ, күн көзіне жарқырайды.<br>**Қардың қасиеттері:** Аязды күні қарды қолғаппен ұстаса, ол жабыспайды, шашылады. | қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжрибе:** Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>Қармен тәжрибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | **Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар аланда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру.<br>Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айша және Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратуды және атай білуді меңгерту. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Төлеу Айша, Қойшыбай Арайлыммен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ертегі мазмұнын айту. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

сынып _мектепалды___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19-23 желтоқсан 2022 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Бояма қ.** «Қар жамылған үй» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу- шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Аққаланы құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық фигураларды ажырата білуге және әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыра білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастыру керек. (Математика негіздері- танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Боямақ.** «Жаңа жылдық шырша» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу- шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Математикалық пазлдар» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру. (Математика негіздері- танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Д.О.** «Қыста аңдар немен қоректенеді?» **Ойынның мақсаты:** Жабайы аңдардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеуге, сурет бойынша сөз, сөйлемдер құрастыруға үйрету. **Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Сурет бойынша жануарлар дың қысқы тіршілігі туралы әңгімелеу. Балалар тыңдайды, білімдерін толықтырады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастыры лған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Қамқорлық гүлі» **Ойынның мақсаты:** мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | **Ән саламыз бәріміз.** «Ақша қар» Ән жаттау. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | **Д.О.**«Досыңның жақсы қасиеттерін атап бер» **Ойынның мақсаты:** адамның жақсы жақтарын көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Педагог | **Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт» **Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. Қыс келді, қыс мықты | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:**<br>Педагог балалардан анасы үшін жасай алатын бес істі атауды сұрайды. Балаларға анасына бес жапырақшасы бар «Қамқорлық гүлін» салу ұсынылады. Сурет салып болғаннан кейін педагог балаларға өздері ойлаған істерін жасап, анасына «Қамқорлық гүлін» сыйлауды ұсынады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | | өз қалауы бойынша бір баланы таңдап алып, оны шеңбердің ішіне отырғызады және басқа балалар өзіне осы баланың қандай қасиеттері ұнайтынын айтады. Педагог балаларға жауаптарының қайталанбауын ескертеді және өзі үлгі ретінде осы баланың жағымды қасиеттерінің бірін әңгімелеп береді. Ойын осылай жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Ш.Әлдибекұлы.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған орта.<br>**3.**Қазақ тілі.<br>**4.**Музыка. | **1.**Сауат ашу негіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Денешынықтыру. | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған орта.<br>**3**.Қазақ тілі.<br>**4.**Музыка. | **1**.Сауат ашу нагіздері.<br>**2**.Математика.<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу/Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояу<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>Шелек қалпақ | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. Әңгімелеусшіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге баулу. әңгімелеу кезінде өзін мәдениетті ұстау және сабырлы болу.<br>**Д.О.** «Сиқырлы дүрбі»<br>**Ойынның мақсаты:**топтың әр | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояу.<br>**Д.О**.«Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Көрнекіліктері:** Пішіндер.<br>**Ойын барысы:** Балалар пішіндерден әртүрлі | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. Әңгімелеусшіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге баулу. әңгімелеу кезінде өзін мәдениетті ұстау және сабырлы болу.<br>**Шағын қойылымдарға арналған педагогикалық** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояу.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші сен оны.<br>(аққала).<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер. (қар).<br>**Педагог:**<br>-Қыста жерде не жатады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Аққала соғып көрдің ба?<br>-Аққаланы неден соғамыз?<br>-Қардан қолымыз жаурамас үшін не киеміз?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді. Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққаланы құрастырады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аққала» Ғ.Орманов.<br>Ауыл алды ақша қар,<br>Ақша қарда балалар.<br>Соғып жатыр аққала,<br>Жалқауы жоқ жұмысқа. | мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға **«сиқырлы дүрбіні»** көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен педагог дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Шағын қойылымдарға арналған педагогикалық жағдаяттар**.<br>**Мақсаты:** Сыпайы қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру, айналасындағылармен мейірімді қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, қиял мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар жағдаятты ойнайды. Содан кейін қалғандары олардың әрекеттерін бағалайды, егер олардың қателіктері болса, оларды атайды. | суреттерді құрастырады. (үй, шырша, машина, балапан).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Сиқырлы суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойынның барысы:**<br>Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрастыруды үйрету.<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы | **жағдаяттар**.<br>«Жаңа жыл қарсаңында»<br>**Мақсаты:** Балалардың назарын құрдасының эмоционалды көңіл-күйіне аудару, құрдасын жұбатуға баулу. Барлық балалар Жаңа жыл мерекесіне дайындалуда. Балалар шыршаны безендіріп, әдемі ойыншықтарды іліп жатыр. Шетте бір бала, оларға мұңайып қарап тұр.<br>**Педагог:**<br>-Балалар көңілді деп ойлайсыңдар ма?<br>-Неліктен балалар көңілді?<br>-Барлық балалар көңілді ме?<br>Мына бала неге мұңайып тұр?<br>-Оған қалай көмектесуге болады?<br>**Сюжетті дамыту:**<br>Балалардың жауаптары тыңдалады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Адал досқа арналған ашық хат»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. | **Ойын барысы:**<br>Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек)<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш)<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашукоммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Фигуралардан не құрастыруға болады?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Жазып үйренем:** «Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!»<br>**Ойынның мақсаты:** Қолды жазуға дайындау, жазу дәптерінің бетінде бағдарлай білуге, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырмай бояйды.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Шама.Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.<br>**Д.О.**«Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** | Қойылымдарды басқа балалармен 2-3 рет қайталауға болады.<br>**Тапсырма:**<br>-Сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қарындашың сынып қалды. Сен құрдастарыңнан қарындашты қалай сұрайсың?<br>-Балаларға карындашты бір-бірінен қалай сұрайтынын, не айтатынын көрсету ұсынылады.<br>-Балалар доп ойнап жатыр, олар көңілді. Арман дуалдың жанында жалғыз өзі мұңайып тұр.<br>-Сендер не істейсіңдер, Арманға не айтасыңдар?<br>-Көше батпақ, лас. Сержан құлап, үстінкірлетіп жылады. Сендер не істейсіңдер, оған не айтасыңдар?<br>-Екі баладан олардың бір-біріне қалай көмектесетінін, не айтатынын көрсету ұсынылады.<br>-Үстел басына балалар түскі ас ішуге отырды. Балаларға осы жағдаятты көрсету ұсынылады. Біреуі түскі асты ішіп болды. Сен не істейсің ? Не айтасың?<br>-Сенің бантигің шешіліп кетті. Әлия бантигіңді байлап берді. Сен оған не айтуың керек?<br>-Балалар, сендер үстелдің | тіктөртбұрыш) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Геометриялық пішіндер. Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын, төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда, Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:**Геометриялық | Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**2. Қоршаған ортамен танысу**<br>Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, гироскутерге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.<br>**Д.О.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көліктерді ажырата білуге үйрету. Арнайы көліктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша көлік түрлерін атап шығады. Мына көліктердің қайсысын **«арнайы көлік»**-деп атайды? Себебін түсіндір.<br>**Д.О.**«Төртіншісі артық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың көліктер | **Ойынның мақсаты:** Геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру. Фигуралардан үйшік құрастыра білуге үйрету. Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақ жасыру.<br>Ұзын құлақты,<br>Қысқа құйрықты.<br>Сәбіз-оның сүйікті асы,<br>Секеңдейді ұқыпты.<br>(қоян).<br>**Әңгімелеу:**<br>-Балалар, бүгін бізге жүгіріп қоян келді. Ол өте қатты тоңып қалыпты және қоян сендерден өздеріңде бар пішіндерден кішкентай үйшік жасап беруін сұрайды.<br>-Қане, балалар қоянға көмектесейік.<br>Балалар қоянға геометриялық пішіндерді пайдаланып қоянға арнап үйшік құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім тез жауап береді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сұрақтарға тез әрі нақты жауап береді.<br>**Ойын барысы:**<br>-Қоян қандай аң?<br>-Оның құлағы қандай?<br>-Оның құйрығы қандай?<br>-Қыста қоянның түсі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Біркезде белгілі біржалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**ДО.** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. | басында тамақтанып отырсыңдар. Кенеттен Айгүлдің қасығы еденге құлап кетті. Сендер қандай әрекет етесіңдер? Оған не айтасыңдар? Айгүл сендерге не дейді?<br>- Төрт бала үстел басында түскі ас ішіп отыр. Қуаныш Талғаттан бір үзім нан беруін сұрайды. Олар қалай әрекет етеді? Олар бір-біріне не дейді? - Екі бала ойнап отыр. Бірі байқамай досын итеріп жіберді. Олардың әрекетін айтып беріңдер?<br>-Педагог сенен басқа топтың тәрбиешісінің көмекшісіне кітап апарып беруді сұрады. Сен қалай әрекет етесің? Тәрбиеші не айтады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**«Қырықаяқ»<br>**Ойынның мақсаты:** балаларды топпен бірге қимылдарды орындауға, жауапкершілікке, ұйымшылдықка тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бұл ойын тегіс жерде, аулада, дене шынықтыру залында ойналады. Ойнаушылар орталарынан басқарушы тағайындап алады. Басқарушының талап етуіне орай ойынға қатысушылар | фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы тіктөртбұрыш) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап не бейнеленгенін ата. Заттар қандай пішінге ұқсайды? Заттарға ортақ атау бер.<br>**Шығармашылық үзіліс.** Машинаның суретін фигуралардан сал.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Практикалық жұмыс:** Санау таяқшаларынан фигуралар құрастыр.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Демінді ішке тез алда,<br>Оң қолынды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қыбылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын | туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.<br>-Автобус, мерседес, газель, кеме.<br>-Кеме артық. Өйткені ол-су көлігі.<br>**Сөздік ойын:** «Толықтыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөйлемді толық айтпайды. Балалар түсіп қалған сөзді тауып айтып, сөйлемді толықтырып айтады.<br>Ерер жермен жүрсе-бұл...(жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус.<br>Егер сумен жүрсе-...(су) көлігі. Олар: қайық, кеме, теплоход.<br>**Д.О.** «Ақылды машиналар»<br>**Ойынның мақсаты:** Адамдардың жұмыстарын жеңілдетуге машиналардың көмегі туралы балалардың білімдерін толықтыру. | қандай болады?<br>-Қоян қайда мекендейді?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Ұзын құлақ сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»- деп ат қоям.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы тіктөртбұрыш) дұрыс атап оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Геометриялық пішіндер.**<br>**Бірге жаттайық.**<br>Төртбұрышпын, төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді. **Мысалы:** Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б. **Еркін ойын:** «Достарыммен ойнаймын» **Ойынның мақсаты:** Заттардың қасиетін анықтау, ойлау дағдыларын дамыту. **Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттардың қасиетін анықтайды. Балалар заттың атын атамай, қасиетін ғана айтады. Достары оның не екенін табады. **Мысалы:** тәтті (конфет, торт, печенелер). қышқыл (лимон). ащы (бұрыш). **Д.О.** «Біз моншақ тізгенді жақсы көреміз» **Ойынның мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге және | тең екі топқа бөлінеді. Екі топтағы ойнаушылар да бірінің белінен бірі құшақтап қатар тұрады. Олар тұрған жерден 25—30 метр қашықтықта көмбе белгіленеді. Басқарушының белгісі бойынша екі топ та сол қалыптарымен аяқтарын тепе-тең алып жүгіре жөнеледі. Қай топ көмбеге бұрын жетсе, сол жеңіске жетеді. Басқарушы ойын тәртібінің бұзылмауын қадағалап тұрады. Ойын қайталанып отырады. Ойынды әбден игергеннен кейін басқарушыны жаңадан сайлап алуға болады. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2. Қоршаған ортамен танысу** Жол қозғалыс ережелері. Жолда қауіпсіздік ережлерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, гироскутерге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. | түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр» **Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br><br>**Санамақ жаттайық**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балан үйрек – анам,<br>Ортан тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – апам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br><br>Топ, топ, добым,<br>Топ, топ, добым домалақ,<br>Қайда кеттің домалап?<br>«Бір, екі»,- деп, екі ұрдым,<br>Терезеге секірдің.<br>«Үш, төрт, бес»,- деп үлгердім, | Машиналардың атқаратын қызметіне қарай топтастыруға, аттарын дұрыс атауға үйрету. **Ойын барысы:** Таратылған суреттер бойынша әңгімелеу. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). **Қимылды ойын:**«Паровоз» **Ойынның мақсаты:** Ұжымда үйлесімділікті, бірлікті қалыптастыру. **Ойын барысы:** **Педагог:**Балаларға өз тобының балалары тату, мейірімді, адал болуын тілейтінін айта отырып, паровоз ойынын ойнауды ұсынады, онда «вагондар» бір-бірініңшынтағынан ұстайтынын көрсетеді. Паровоз әртүрлі қарқынмен, ырғақпен, кедергілер арқылы жүреді. Балалардың ырғақты ән айтуларына болады. Ойынның шарты қолдарынан жібермей, біртұтас команда ретінде әрекет ету. (Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.** Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, | Орны бөлек үшбұрышпын. -Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық. Домалақпын, домалақпын, Дөңгелек боп домаладым. Ай сияқты, күн сияқты, Шар сияқты домалақпын. -Дөңгелектің бұрыштары бар ма? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). **Д.О.** «Жолдар бізді қайда бастайды?» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық фигуралар туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Балалар вело жарысқа қатысты. Әр бала фигуралардан құрастырылған жолмен жүруі тиіс. Жолдарды заңдылық бойынша жалғастыр. **Практикалық жұмыс:** Поезд қандай фигуралардан құрастырылған? Қағаздан бөліктерін қиып, оны құрастыр. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, құрастыру-шығармашылық іс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттың санын айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Моншақ қандай ретпен тізілген? Әр түстегі моншақтардың санын айт.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату. Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Ертегілер елінде»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру. Балаларға ертегіні оқып беру. Сөздік қорларын дамыту, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>**«Күшік пен мысық»**<br>**Шарты:** Жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.<br>Балаларға ертегіні оқып беру. | **Д.О.** «Қандай көлік түрлерін білесіңдер?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың көлік туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді, көліктер туралы білгендерін айтады.<br>-Қандай көлік түрлерін білесің?<br>-Алыс жол жүріп көрдің бе?<br>-Өзің қандай көлікті ұнатасың? Суретін салып әңгімеле.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Төртіншісі артық»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың зейіннін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Педагог көлік түрлерінің суреттерін көрсетіп тұрып, олардың аттарын атайды. Балалар аталған көлік түрлерінің артығын тауып айтады және оның неге артық екенін дәлелдейді.<br>-Автобус, мерседес, газель, кеме.<br>-Кеме артық. Өйткені ол-су көлігі.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік | Ішіне ендің гүлдердің.<br>«Алты, жеті,- дегенде,<br>Жаттың шоршып еденде.<br>«Сегіз, тоғыз, он»,-дедім,<br>Енді ырқыма көнбедің.<br><br>Оң қолымда бес өрік,<br>Сол қолымда бес өрік,<br>Саған берем барлығын.<br>Қалды сонда өзім де<br>неше өрік?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.** Спорттық жаттығулар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықтарын ояту. Дене шынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. Спорттық ойындар. Баскетбол элементтері: кеуде тұсынан екі қолымен допты бір біріне лақтыру. Футбол элементтері: берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** Балалармен бірлесіп, жаттығу бағытын таңдап алу.<br>Бір, екі, екі бір, | жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтуды ұсынады.<br>**Жаңылтпаштар жаттайық.**<br>Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақ асқабақ әкелді,<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br><br>Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар.<br>Оған кім таласа алар.<br><br>Сұр інген сүрінген бе,<br>Сүрінген сұр інген бе.<br><br>Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,<br>Бұлаң десем екен қылаң. | әрекеті).<br>**«Пішіндерге қарап аппликация жаса»**<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Сурет** салу<br>Заттардың ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Суретті қарпайым қаламның көмегімен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.<br>**Д.О**. «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Жұмбақтың жауабын табады. Сұрақтарға жауап береді.<br>**Жұмбақ.**<br>.Қыс бойы жатады,<br>Тәтті ұйқыға батады.<br>.Жеміс-жидек жегені,<br>Балды жақсы көреді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Еркін ойын:**<br>**«Көлеңке»**<br>**Шарты:** Қимылмен көрсетеді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>«Мысық» қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>**«Мысық»** былай жүреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>**«Күшік»** қалай үреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>«Күшік» былай үреді,<br>Көлеңкем де біледі.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды тез шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтардың жауабын табады. Балаларға мамандықтар туралы жұмбақтар жасыру.<br><br>Алатаяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам. | ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Жолдан өте білесің бе?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол ережесі туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлінеді. Көліктер. Жаяу жүргіншілер. Бірінші топ көліктерге мінеді, екінші топ жаяу жүргіншілер. Балалар бағдаршамға, жол белгілеріне қарап жолдан өтулері керек.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ұшақтар»<br>**Ойын барысы:** Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады.<br>Педагог:**«Ұшуға дайындал!»-** деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады».<br>**«Ұшамыз!»**-деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді.<br>**«Қонамыз!»**- деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады.<br>(Қоршаған орта, дене | Бізбен бірге жүр!<br>Үш, төрт, төрт, үш,<br>Кәне жина күш!<br>Біреу күлсе елеме,<br>Жаттығуды тастама,<br>Көп тырыссаң жетерсің,<br>Сен де бір күн жеңіске!<br>**Негізгі кезең.**<br>**.**Бір-бірден тізбекпен жүру;<br>**.**Екі-екіден тізбекте тұрып жүру, жүгіру;<br>**.**Төрт-төрттен тізбек құру.<br>**Топтарға бөлініп негізгі жаттығуларды орындау.**<br>**«Баскетбол»**<br>Допты бір қолмен жүргізу. Допты саусақтарының басымен ғана ақырын соғып, аяғының жанына ұру допты оң қолмен еденге соғып, екі қолмен қағып алады.<br>**«Секіргіштер»**<br>15 см биіктікке бір орыннан екі аяқпен итеріліп секіру, екі аяқпен қону. Секіріп түскен кезде тізелерін аздап бүгіп, қолдарын алға созады.<br>**«Футболшылар»**<br>Допты дәл беру.<br>Дөңгелене тұрып, футбол добын оң аяқ және сол аяқпен бір-біріне береді.<br>**«Бәрі қолымнан келеді!»**<br>Балалар шеңбер бойымен тұрады.<br>Бүгінгі күн қандай | Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді.<br>Арман мен Арнұр балаларда, Арбамен тасып береді.<br>Омартаға балалар барар,<br>Балаларды аралар талар.<br><br>**Бірге жаттайық.**<br>Қыстың күні көңілді,<br>Көп қызықты көреміз.<br>Шығып алып далаға,<br>Сырғанақты тебеміз.<br><br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Қысқы табиғат» сурет салу.<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Бір дегенім-бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі дегенім-елім,<br>Далам, тауым, көлім.<br>Үш дегенім-үміт,<br>Үміт атар жігіт.<br>Төрт дегенім-төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>Бес дегенім-бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Алты дегенім-ақыл,<br>Тыңдағаның мақұл.<br>Жеті дегенім-жалау,<br>Жүректегі алау.<br>Сегіз дегенің-сөзің,<br>Серт беретін кезің. | -Аю қандай аң?<br>-Ол қайда мекендейді?<br>-Аю қыста не істейді?<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Маша мен аю» (ертегіні балаларға оқып беру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Маймақ аю»**<br>(сурет салу).<br>**Д.О.**«Бұл қандай аң?»<br>**Ойын барысы:**<br>Қимылына қарап қандай аң екенін табады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ормандағы аюдың,<br>Құлпынайы көп екен.<br>Теріп-теріп алайық,<br>Қалтамызға салайық.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын.**<br>«Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.**<br>Балалардың салған суретін бағалау. Ең |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (жол полиция қызметкері).<br>Адамның жүзін,<br>Басы мен көзін.<br>Айнытпай келбетін,<br>Салатын кім суретін?<br>(суретші)<br>Жасыл желек көгалда,<br>Бірде артқа, бірде алға,<br>Желаяқ көп ала,<br>Таласып жүр бір допқа.<br>(футболшылар).<br>Кең байтақ туған жеріме,<br>Кетпесін деп жат із өтіп. Тыныштықтілеп еліме, Отанды кім тұр күзетіп.<br>(шекарашы).<br>Қалпағы ақ қарасаң,<br>Дәрігер емес ,бірақ та.<br>Дәм мәзірінқаласаң,<br>Алға ұсынып тұрады ол.<br>(аспаз).<br>Өрнектеп сәндеп,<br>Тігістерін бүтіндеп.<br>Солпысын жөндеп,<br>Кім көйлек тігетін?<br>(тігінші).<br>Күміс қанат сұңқары,<br>Көкке еркін сүңгиді.<br>Бұлттан да тым әрі,<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>(ұшқыш).<br>Өскен шашты жаратпайтын,<br>Қайшысы бар жалақтайтын.<br>(шаштараз). | шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттау, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың тілін жаттықтыру.Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтуды ұсынады.<br>**Жаңылтпаштар жаттайық.**<br>Асан бақша жақтан,<br>Ақ сабақ асқабақ әкелді,<br>Басқа жақтан,<br>Басқарақ асқабақ әкелді.<br><br>Ала-ала алашалар,<br>Тамаша олар.<br>Оған кім таласа алар.<br><br>Сұр інген сүрінген бе,<br>Сүрінген сұр інген бе.<br><br>Бұлаң бұлаң еткен бұл аң,<br>Бұлаң десем екен қылаң.<br><br>Ата мен әже, ана да,<br>Алма мен алмұрт тереді.<br>Арман мен Арнұр | керемет!<br>Менде бәрі тамаша!<br>Мен талмай, ерінбей еңбек етіп үйренемін!<br>Менің қолымнан бәрі келетініне сенімдімін!<br>Мен бәрін жасай аламын!<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қапшықты кім алысқа лақтырады?»<br>Барлық ойынға қатысушы балаларды бір қатарға тұрғызып, қолдарына бір-бірден қапшық таратылады. Нұсқаушының белгісі бойынша қолдарындағы қапшықты біртіндеп алысқа лақтырады. Нұсқаушы кімнің қапшығы алысқа түскенін бақылап, айтып отырады. Ойын осылай 3-4 рет қайталанады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Тоғыз деген-тоқтау,<br>Елдің жоғын жоқтау.<br>Он дегенім-Отан,<br>Қорға оны ботам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Билер.Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс» Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасап қойған, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап, шаңғымен сырғанаймыз, | жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**(ауада).<br>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкімдік беру. Дербес қимыл белсенділігі.<br>Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруын жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Негізгі кезең.**<br>Түзету жаттығуларын орындайды.<br>Шынығамыз күнде біз!<br>(қолдарын иығына қарай бүгіп-жазу).<br>Шымыр болып өсеміз!<br>(бірлесіп адымдап жүру)<br>Мұрнымызбен тыныс алып, аузымыздан шығарамыз!<br>(қолдарын белге қойып, тыныс алу: демін ішіне тарту, демін сыртқа шығару).<br>Терең-терең дем аламыз!<br>(қолдарын жоғары көтеру. Демін ішке тарту, демін сыртқа шығару; қолдарын төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Оның тіккен бұйымы,<br>Аяғыңды қаптайды,<br>Шыға қалса жұлымы,<br>Әдемілеп баптайды.<br>(етікші).<br>Дабылға тез жететін<br>Жалынға сүңгіп кететін<br>Қақалса да түтінге,<br>Тайсалмайтын батыл кім? Жасқанбайтын батыр кім?<br>(өрт сөндіруші).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Оң аяқта бес бақай,<br>Сол аяқта бес бақай.<br>Қосып едім екеуін,<br>Болып шықты он бақай.<br><br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – әкем,<br>Балан үйрек – анам,<br>Ортан тірек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – апам,<br>Кішкене бөбек – мен.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** | балаларда, Арбамен тасып береді.<br><br>Омартаға балалар барар,<br>Балаларды аралар талар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қыстың күні көңілді,<br>Көп қызықты көреміз.<br>Шығып алып далаға,<br>Сырғанақты тебеміз.<br><br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Қар жауып тұр» сурет салу.<br>**Санамақ жаттайық.**<br>Бір дегенім-бесік,<br>Шықтық содан өсіп.<br>Екі дегенім-елім,<br>Далам, тауым, көлім.<br>Үш дегенім-үміт,<br>Үміт атар жігіт.<br>Төрт дегенім-төзім,<br>Төзе білем өзім.<br>Бес дегенім-бақыт,<br>Бағалайтын уақыт.<br>Алты дегенім-ақыл,<br>Тыңдағаның мақұл.<br>Жеті дегенім-жалау,<br>Жүректегі алау.<br>Сегіз дегенің-сөзің,<br>Серт беретін кезің.<br>Тоғыз деген-тоқтау,<br>Елдің жоғын жоқтау.<br>Он дегенім-Отан, | | мұзда коньки тебеміз-мұның бәрі жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Қыс мезгілі қандай ерекшеліктерімен ұнайды?<br>-Міне, біздің бүгінгі тыңдаған әніміз қыс мезгілі туралы.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиіңді байла.<br>Думандатып ойна,<br>Қыс қызығын тойла.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>«Шырша әні» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыс мезгілінде көбелек бола ма?<br>-Онда көбелек деп не айтылады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл | түсіру)<br>Қатар-қатар тұрайық,<br>Қадам басып сап құрайық!<br>(бірге адымдап жүреді).<br>Табиғатты тамашалап,<br>Кереметке қуанайық!<br>(бір орнында тұрып жоғары секіру).<br>Бораннан да қорықпаймыз!<br>(адымдап жүреді).<br>Қарды қағып ұстаймыз!<br>(шапалақ ұру).<br>Қолымызды түзейміз,<br>(екі жағына түзеу қояды).<br>Қар жетеді ойнаймыз!<br>(шапалақ ұру).<br>Біз енді қар лақтырамыз!<br>(сол қолмен лақтыруды бейнелеу).<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Суық өтер қолғаптан.<br>(қар лақтыруды көрсетеді).<br>Сонда да біз қорықпаймыз!<br>(оң және сол қолмен көрсетеді)<br>Нысанаға атқылаймыз!<br>(шапалақ ұрады).<br>**Қимылды ойындар:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:**<br>Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі.<br>Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>Кеудеге арналған жаттығулар: допты жоғарыдан алға және артқа бір-біріне беру; қолды алға көтеріп оңға солға бұрылу.<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу; қолды алға созып жартылай отырып тұру 2-3.<br>**Қимылды ойын:** «Көңілді қошақандар»<br>**Ойын барысы:** Спорт залда немесе алаңда жерге ұзын сызық сызылады. Бұл сызық көпір, ал көпірдің арғы жағында қошақандардың үйі болады. Қошақандар көңілдіәуенмен билеп жүреді, әуен тоқтағанда жарыса отырып, көпірден өтіп, үйлеріне жылдам жетулері керек.<br>(Дене шынықтыру- | Қорға оны ботам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Саусақтар әні»** үнтаспа.<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>Билер.Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Қыс» Б.Ерзакович.<br>«Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев.<br>-Айнала аппақ қар, балалар қардан аққала жасап қойған, шанамен мұзда сырғанақ тебеміз, аяғымызға шаңғы байлап, шаңғымен сырғанаймыз, мұзда коньки тебеміз-мұның бәрі жылдың қай мезгілінде болады?<br>-Қыс мезгілі қандай | | жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды.<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!»-**деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын әрекеті, қимыл белсенділігі, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Ұлттық ойын:** «Көтермек»<br>**Ойын барысы:**Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | ерекшеліктерімен ұнайды?<br>-Міне, біздің бүгінгі тыңдаған әніміз қыс мезгілі туралы.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Шаңғы-шана сайла,<br>Конькиіңді байла.<br>Думандатып ойна,<br>Қыс қызығын тойла.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Ән айту:** «Ақша қар» К.Қуатбаев.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Аппақ-аппақ көбелек,<br>Жерге қонар себелеп.<br>Ақ жұлдызша жылтылдап,<br>Ұстатпайды не керек.<br>Бұл не?<br>-Қыс мезгілінде көбелек бола ма?<br>-Онда көбелек деп не айтылады?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, музыка-шығармашылық ойын әрекеті).<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Ұлпалақтар биі»<br>1.Балалар қолдарына жылтырақ таяқшалар ұстайды.<br>2.Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, шеңбер бойымен ортаға жиналып, кері қайтып тұрған орындарына айналады. Ортаға жиналғанда қолды | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жоғары көтеріп, кейін қайтқанда қолды түсіреді. Айналғанда қолды екі жаққа жаяды. (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). | | | |
| **Серуен** | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару.<br>Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады.<br>(ағаш)<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** | **№12 Әртүрлі ауа-райына қарай қардың өзгеруін бақылау.**<br>Жылымық кезінде қар жабысқақ болады. Қардан аққала жасауға болады. Ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғақ болады.<br>**Көркем сөз.**<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>Қоймасын қыс ақтарып,<br>Жерді жапты ақ мамық.<br>(қар)<br>Қолымен қаламы жоқ,<br>Бірақ сурет салады.<br>(аяз)<br>Көлдің беті көк әйнек,<br>Сырғанауға тым әйбәт.<br>(мұз)<br>Тоңғақты таниды,<br>Беті-қолын қариды.<br>(аяз)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Кім озды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. | **№2 Қар басуын бақылау.**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:**<br>Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету.<br>Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Қардан қарлы дуал жасау.<br>Бір-біріне кедергі келтірмеуге, | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру. | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.<br>Аула тазалаушының қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру.<br>Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбектенуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай» А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету, дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады. Сол жеңіске жетеді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Күрекпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Еңбек нәтижесіне барлығы бірдей жауап беру. Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыру.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалар ойындарының тақырыбы мен мазмұнын дамыту. Өз ойын дәлелдей алуын жетілдіру, қатарластарының ұсыныстарымен, міндеттерді бөлісуі бойынша оның іс-әрекеттерімен келіспеушілігін сыпайы түрде білдіре алуын дамыту.<br>**Д.О.** «Қар қандай екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Қар туралы балалардың білімдерін толықтырып, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қар қалың, жабысқақ, құрғақ, күн көзіне жарқырайды.<br>**Қардың қасиеттері:** Аязды күні қарды қолғаппен ұстаса, ол жабыспайды, шашылады. | қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжрибе:** Балалар қар қиыршықтарын қарастырады.<br>Қармен тәжрибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қортынды жасауға үйрету. әуесқойлығын және қызығушылығын дамыту. | **Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар аланда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанаттарымен қақпауға тырысып жүгіреді. Белгі бойынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Еңбектену әрекеті.** Аула тазалаушыға көмек.<br>**Мақсаты:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. Еңбек мәдениетін қалыптастыру.<br>Құралдарды қолдана білу, жұмыс орнында тәртіпті қадағалау.<br>**Д.О.** «Ұқсас, ұқсас емес» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айша және Сағат Әліханмен жеке жұмыс. Сөздегі дыбыстардың орнын ажыратуды меңгерту. | Бейсен Абзалмен жеке жұмыс. Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қия білуге үйрету. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Геометриялық пішіндерді (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажыратуды және атай білуді меңгерту. | Барлық балалармен жеке жұмыс. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | Төлеу Айша, Қойшыбай Арайлыммен жеке жұмыс. Өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айтуды үйрету. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-анамен сөйлесу. Баланың тәртібі жөнінде айту. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ертегі мазмұнын айту. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Сынып _мектепалды___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 09-13 желтоқсан 2023 жыл.

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.** «Әйнектегі аяз салған суреттер» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Математикалық пазлдар» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Берілген қималардан шетінде тұрған сандарды ретімен қойып шығу арқылы бейне құрастыру. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, құрастыру). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекет). | **Боямақ.** «Аққалалар» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Айырмашылығын тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту. **Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, коммуникативтік әрекет). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Желтоқсан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойынның барысы:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің | **Сөздік ойын:** «Денсаулық құпиялары» **Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы сөздер айта білуге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Бәрі бірге айтады. -Күніміз ашық болсын! -Жеріміз кең болсын! -Ауамыз таза болсын! | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс- | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы | **Д.О.** «Түлкі мен тырна» **Ойынның мақсаты:** Сыйластыққа, адалдыққа, шынайы дос бола білуге тәрбиелеу. тәрбиелеу. **Ойынның барысы:**Ертегіні тыңдайды, сұрақтарға жауап береді. -Қалай ойлайсыңдар осы ертеіде түлкі мен тырна бір біріне қандай қонақжайлылық көрсетті? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | -Суымыз тұнық болсын!<br>-Гүліміз жақсы өссін!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | әрекеті). | келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | -Балалар, сендер осы ертегіні басқаша қалай аяқтар едіңдер?<br>-Келесі жолы түлкі мен тырна қонақтарын қалай күтеді деп ойлайсыңдар?<br>**Шығармашылық жұмыс:** Балалар ертегі жақсы аяқталуы үшін біз түлкі мен тырнаға ермексаздан әдемі ыдыстар жасап берейік. Ертегі кейіпкерлерін атайды, ертегідегі әр кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздер<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4.**Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі.<br>**4**.Музыка. | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу/Құрастыру<br>**4.**Дене шынықтыру. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық талдау жасауға | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген дыбысқа сөз ойлап табу. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Д.О**. «Заттың атын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды көріп, сипаттау арқылы балалардың | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады.<br>Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар қызыл дөңгелекті көтереді.<br>Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе көк дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Қуыршақтардың есімі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздің қандай дыбыстан басталатынына балалардың назарын аудару.<br>**Ойын барысы:**<br>Мұғалім балаларға қуыршақтарды көрсетеді.<br>-Мына әдемі қуыршақтың есімі Анар. Балалар қане бәріміз бірге «Анар» деген сөздің бірінші дыбысын созып айтып көрейік: а-а-а<br>-Ең бірінші қандай дыбыс естіліп тұр?<br>-А дыбысы өтіп бара жатқанда Тынымсыз Тіл не істеді?<br>-А дыбысы қандай дыбыс екен?<br>Мұғалім келесі қуыршақты балаларға көрсетеді.<br>-Бұл қуыршақтың аты- | тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог кез-келген дыбысты айтады.<br>Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** А-болса:<br>**Балалр:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»**<br>Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х-х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф- ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегі жарылды»**<br>«Ш-ш-ш»-деп айт.<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырылдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұлаңдайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа. | дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:** А-болса:<br>**Балалар:** алма, алмұрт, автобус, асқабақ, ай, аққу.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Ормандағы дауыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Орманда нелер мекендейді?<br>Ормандағы дауыстарды ажырат. Дыбыстарды ым-ишарамен бинелеп, дауыс ырғағымен айт.<br>«Түк-түк-түк!», «Ү-ү-ү!», «Қарк-карк!», «Тырау-тырау!», «Бақ-бақ-бақ!», «Барық-барк!»<br>(Қоршаған ортамен таныстыру, сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті). | сезімталдығын дамыту, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға әртүрлі суреттер таратылып беріледі.<br>Сонан соң балар сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.<br>**Д.О.** «Сипаттамасы бойынша таны»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Создік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог бір затты сипаттайды. (доп, шар, машина, ұшақ т.б.) Балалар сол заттың сипаттамасыбойынша не екенін табады.<br>**ДО.** «Қай зат неден жасалған?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бір заттың атын атай отырып, допты лақтырады. Допты қағып алған бала жауап береді.<br>**Мысалы:**<br>Қарындаш-ағаштан жасалады. Кесе-шыныдан жасалады. Доп-резенкеден жасалады. т.б.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. | (Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздер**<br>Сан және санау.<br>Заттардың саны, олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**1-ден 10-көлеміндегі сандарды санауға, тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** 1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.<br>1-ден 10-көлеміндегі сандарды санауға, тура және кері санау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**«Санау әні»** үнтаспа.<br>Балалар бірге айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, музыка-шығармашылық әрекеті)<br>**Жеке жұмыс.**<br>**1.**Суретте бейнеленген заттарды сана. Қандай заттар нешеуден екенін айт.<br>**2.**Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мұрат.<br>Мұғалім балаларға көмектесе отырып «Мұрат» сөзінің бастапқы дыбысын айтқызады, айтылу ерекшелігіне назар аударып, қандай дыбыс екенін ажыратады.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету, балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден шаршы жина. Қандай сурет пайда болды?<br>**Д.О.**«Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Бөліктер туралы | **Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?»<br>«Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ»<br>Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отандеген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>**-Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Ойланайық, пікірлесейік**<br>-Біздің Отанымыз қалай аталады?<br>-Астанамыз қай қала? | **2.Математика негіздері**<br>Жиын. Жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру.<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету, балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Бөліктерден шаршы жина. Қандай сурет пайда болды?<br>**Жеке жұмыс.**<br>**1.**Суретке қара. Фигуралардың бөліктерін тауып, оны сәйкес түстерге боя.<br>Бүтін, жарты, ширек.<br>Шырша-ширек (жасыл түс).<br>Қарбыз тілімі-жарты (қызыл түс).<br>Сағат-бүтін (көк түс).<br>**2.**Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең екі бөлікке бөл.<br>**3.**Шаршыны тауып оны сызықпен тең төрт бөлікке бөл.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді. | Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отандеген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>**-Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, | **3.**Заттарды сана. Сандарды боя.<br>**4.**Қалдырылған санды жапсыр.<br>**5.**Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз. Ермексадан жасап көрсет.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Сурет салу**<br>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксграфия жіппен) қолдану. Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңешке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта оңға қарай, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады?<br>Жарты. Ширек.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Педагог жетекшілігі мен ойын:** «Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қар.<br>Ақ мақтадай ұлпа қар<br>Жамылыпты қырқалар.<br>Қалың-қалың тон киіп,<br>Маужырайды шыршалар.<br>Ш.Әлдибекұлы. | -Рәміздерді атаңдар?<br>-ҚР-нің Президенті кім?<br>-Сендер қай қалада тұрасыңдар?<br>-Еліміздің қандай мемлекеттік мерекелерін білесіңдер?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Тыныштық сәті:** Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. Туған жеріміздің табиғатын, таза ауасын, әдемі гүлдерін, сайраған құстарын көз алдымызға елестетеміз. Туған өлкеміздің табиғаты қандай тамаша! Көзімізді ашамыз. Туған жеріміз туралы өз ойымызды әңгімелеп айтамыз.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Ән жаттау.** | Қар жатыр аппақ,<br>Ойнауға жақсы-ақ.<br>Осындай шақта,<br>Кім үйде жатпақ.<br>-Қыс қандай болады?<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Конькиді қай жерде тебеді?<br>-Шаңғыны ше?<br>-Дөң басынан шаңғы, шана теуіп, сырғанап көрдіңдер ме?<br>-Аққаланы қалай жасайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>Қыс келді,қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Аққала»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, ойынға қызығушылықпен қатысуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: мұрны, көзі, аузы, басына киетін шелегі сияқты суреттер жатады. Балалар осы | қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Ел ордасы Отанның,<br>Мақтанышым Астанам!<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Боямақ.**<br>«Бәйтерек»<br>(балалар суретті бояйды).<br>(сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Сөздік ойын:**«Жыл мезгілдері»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Балалар әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін айтады. | жоғарыдан төмен қарай қиғашынан жүргізу.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Дастархан әні»<br>**Шарты:** Балалар үнтаспадан тыңдайды.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Балалардың жұмысы:**<br>«Мерекелік дастархан»<br>-Дастарханның суретін салады.<br>-Дастархан қандай геометриялық пішінге ұқсайды?<br>-Дастарханды бір түсті бояумен, қылқаламды пайдалана отырып бояу.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттен артық затты табады, атайды.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Дастарханды жаямыз,<br>Ыдыстарды қоямыз.<br>Тағамдарды әкеліп,<br>Дастарханға қоямыз.<br>**Еркін ойын:** «Қонақ күту салтымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Сыйластыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар бір-біріне қонаққа барады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>(балалар қимылмен көрсетеді).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**1-топ:** «Боямақ» «Көңілді қыс» (балалар дайын суретті бояйды).<br>**2-**«Ермексаздар елі» «Қысқы ойындар» (Жеке мүсінделген фигуралардан сюжетті композиция құрастыру).<br>**3-**«Қағаздар әлемі» «Аққалалар» (екі еселеніп бүктелген шаршыдан қиылған әртүрлі өлшемдегі дөңгелектерден аққаланың бейнесін құрастыру).<br>(Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық іс әреткеті). | «Елімізді сүйеміз» Қ.Мырза Әли. Д.Ботбаев.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Туған жерді түрлендір»<br>(дайын суретті бояйды).<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>**Д.О.** «Сиқырлы дүрбі»<br>**Ойынның мақсаты:**топтың әр мүшесінің жақсы жақтарын көре білу қабілетін қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға **«сиқырлы дүрбіні»** көрсетеді және балаларға дүрбімен біреуге қараған кезде тек оның жақсы жақтары ғана көрінетінін түсіндіреді. Алдымен педагог дүрбімен қарап, топтағы бір баланың жағымды қасиеттерін атай отырып, үлгі көрсетеді. Содан кейін балалар дүрбімен құрдасына қарайды да, оның жақсы жақтарын | бөліктерді алып, көздерін жұмып тұрып, тақтаға жабыстырады.<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суретке қарап артық затты таба білу, балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен артық затты тап.<br>-Бұл жерде артық-доп. Қыста далада шаңғы, шана, коньки тебеміз, ал доппен ойнай алмаймыз.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Жүгіру: бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Қол ұстасып достарым,<br>Бір шеңберде тұр екен.<br>Оңға бірге жүреміз,<br>Сосын солға жүреміз.<br>Ортасына жиналып,<br>Айналып бірге күлеміз.<br>Қырсық бала болмаймыз,<br>Шаттанып бірге ойнаймыз!<br>**Негізгі кезең:**<br>.Шашырап жүгіру;<br>.Жұппен жүгіру;<br>.Бір-бірден жүгіру;<br>.Екеуден, үшеуден жүгіру;<br>.Тізені жоғары көтеріп жүгіру.<br>**«Пойыз»** ойын жаттығуы.<br>**Шарты:** Ирелеңдеп жүгіру; жүгіру қарқынын | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (жылы, ашық жел, жаңбыр, бұлтты).<br>**Д.О.**«Көңілді қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. Балалар қойылған сұрақтарға толық, әрі нақты жауап береді.<br>-Қазір қай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>-Қыста адамдар қалай киінеді?<br>-Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?<br>-Қыста балалар қандай ойындар ойнайды?<br>-Аязды күні ойнауға бола ма?<br>-Қысты неліктен көңілді деп атайды?<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:** «Қар ұлпалары» | **4.Дене шынықтыру (ауада).**<br>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар.<br>Жүру: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру.<br>**Негізгі кезең:**<br>бір-бірден тізбекпен жүру;<br>екі-екіден тізбекте тұрып жүру;<br>төрт-төрттен тізбек құру;<br>шашырап жүру;<br>өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>жай жүріс.<br>екі минут баяу қарқынмен жүгіру;<br>мұрын арқылы дем алу; **«Көңілді шарлар»**<br>Бір тізбекте жүреді, жүгіреді, жүгіріп келе жатып тоқтайды, бағыттарын өзгертіп жүгіреді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ыңғайлы бол»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ептілікті, жылдамдыдықты, төзімділікті дамыту.<br>**Ойын барысы:** Екі аяқты серпу арқылы тақтайшадан аттап | көріп тұрғанын және ол қандай қасиеттер (мейірімді, әдепті, қамқор және т.б.) екенін айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Адал досқа арналған ашық хат»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Достық қарым-қатынасты қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог балаларға достық туралы мақал айтып береді, содан кейін өзінің адал досы деп санайтын адамды атауды және оның себебін түсіндіруді сұрайды. Әңгіме соңында балаларға адал досы үшін ашық хат дайындау ұсынылады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сөздік ойын:** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Қойылған сұрақтарға жауап беру, жағдаяттарды дұрыс | және бағытын өзгертіп жүгіру.<br>**«Ұшақтар»**<br>**Шарты:** Ұшақтың ұшуын салады. Қолдарын екі жаққа созып қалықтайды; түрлі бағытта жүгіреді; солға, оңға, төмен иіледі; жоғарыға қарай созылады.<br>**«Қырықаяқ»** ойыны.<br>**Шарты:** Педагог ең алдына тұрып, «қырықаяқты» қыдыруға бастайды. Ол иректеліп жүріп, шеңберді айналып шығады. Орындықтардың арасынан өтіп, аяқтың ұшымен, өкшемен жүреді, секіреді.<br>**Қимылды ойын:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады:<br>«Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | **Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты**:<br>Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай қай мезгілде киетіндерін айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О**. «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажрата білуге үйрету.<br>Ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**<br>Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка** | **Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық.** | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті | **Сөздік ойын:** «Қыс екенін қайдан білдіңдер?» **Ойын барысы:** Сұрақ арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: **Жұмбақты шеш.** | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің | **Д.О.** «Мен еңбекқор баламын» **Ойынның мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, үйде ата-анасына көмектесе білуге баулу. **Ойын барысы:** Балалар | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан аңдар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға аңдар туралы жұмбақтар жасыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іс-әрекеті). | Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>-Қыс айларын атаңдар.<br>-Қай айдан басталады?<br>-Қыс мезгілі несімен ерекшеленеді?<br>Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>-Ауа-райын бақыла.<br>-Ағаштар қалай өзгереді?<br>-Қыста адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады?<br>-Сенің отбасың қыста қандай еңбек атқарады?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | орны ауысқанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді.<br>**Д.О.** «Ойыншықты таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстрып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөзді сөйлемдермен жалғастырып айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемдерді аяқтайды.<br>Ат шабады, ал қарлығаш.... .<br>Қозы.... , сиыр.... .<br>Бота-.....төлі. | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Шығармашылықпен сөйлеу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру,бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О** «Қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Қысқы табиғат құбылыстарын көрсет»<br>**Ойынның мақсаты:** Қысқы табиғат құбылыстарын атай білуге | **1.Сауат ашу нагіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br><br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Дыбыстық талдау. Шөп, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді. Ал балалар карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп-1 буыны бар карточканы көрсету.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**«Масалар»** ойыны.<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айта білуге жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Масалардың қатты шырылдағаны соншалық, олар «з-з-з»-деп ән айта бастады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>.Дыбыстық талдау жаса: тау, көл.<br>.Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты? (Бәйтерек, күн, бұлт).<br>**Үзік сызықтарды бастыр.**<br>**Тыңда, орында.**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоян да бола алады. | Лақ.... . Құлыншақ..... .<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Баллардың ойын, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады.<br>**Д.О.**«Бұл не? Бұл кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін айтады, әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге жаттайды.<br><br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз. | білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды.<br>**Мысалы:** «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісін еске түсіреді. Әтеш пен түлкінің дауысы төмен дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Менің жаңа ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Балаларға аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Сиқырлы қыл қалам»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салуға деген қызығушылықын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар | үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қыс мезгілі бейнеленген суретке қысқы табиғат құбылыстарының атауын атай отырып, құбылыстарды тауып сәйкестендіреді.<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма беріліді.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:**қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:**қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен анама....(көмектесемін) | бау, сүт.<br>.Тыңда. орында.<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін»-деп шайқасып.<br>Бірін-бірін тартады,<br>Білекке сенім артады.<br>.Штрихта.<br>.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын (кешке, бүгін, ертең) оқиғалардың ретін (алдымен, содан кейін, бұрын кейінірек) анықтау.<br>**Ойлан, жапсыр.**<br>.Тәулік бөліктерін ата. Сәйкес суреттерді тауып, оларды жапсыр. Сағат нешені көрсетіп тұр?<br>.Тыңда. Сағаттардың тілін аяқтап сал. Суреттермен сәйкестендір.<br>Балалар балабақшаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға және артқа.<br>**Мотивациялқ қозғаушы:** 3 рет аяқпен тарсылдату, 2 рет оңға, 2 ретсолға қадам басу.<br>Алақанмен 3 жоғары, 1 рет төмен шапалақтау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «оң жағында-машина, сол жағында-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Үстінде, астында, алдында, артында, оң | (зымыран).<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>-Зымыран дегеніміз не?<br>-Адамдар ғарышқа немен ұшады?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жәймен аспанға көтерілеміз, міне, біздер аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жәймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық. Көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>**Ойын барысы:**Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз. Міне, көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі» | өз қалауынша жаңа ертегі құрастырады. Сол ертегі желісі бойынша сурет салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөзді ата.<br>**.**Дыбыстық талдау жаса. Ана, нар, лақ.<br>**.**Тыңда. орында.<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**.**Үзік сызықтарды басты.<br>**.**Суретті бастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға және артқа.<br>**Қимылды ойын:** «Көршіңді тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардың бірінің артынан бірі тұрып, | -Менініме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Мен ғарышкер боламын!**<br>Аспан аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар.<br>**Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б.<br>Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>-Өскенде ғарышкер болғыларың келе ме?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жерде, әуеде, суда»<br>**Ойын барысы:** жерде, әуеде, суда қызмет ететін | таңғы сағат 8-де барады. Отбасы кешкі тамақты сағат 7-де ішеді.<br>Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды.<br>**.**Суретке қара. Кеше, бүгін не болғанын, ертең не болатынын сызып қос.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>«Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім,<br>Сейсенбіде алма тердім.<br>Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Педагог суреттерді тақтаға іледі. Мұқият |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақта, сол жақта»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер тарытылып береді. Балалар суреттегі заттардың қай жерде орналасқанын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Графикалық диктант.**<br>Графикалық диктант жазу барысында бір бөлігін берілген нұсқаулар бойынша жазады, екінші бөлігін балалар өздері орындайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**ДО.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, | **Ойын барысы:** Балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Ғарыш кемесі» суретін салу<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар-ар-ар,<br>Жауады қар.<br>Ран-ран-ран,<br>Соғады боран.<br>Яз-яз-яз,<br>Сақылдаған сары аяз.<br>На-на-на,<br>Зулайды шана.<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иілген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х- | паравоз жасауларын өтінеді. Әрқайсысына жақындап келіп, алдында тұрған баланың атын атауды, кейіннен әрқайсысының артында тұрған баланың атын атауды ұсынады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай жерде не бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша заттардың бағытын айт. Жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Біркезде белгілі біржалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген | сарбаздардың суреттері көрсетіледі.<br>Педагог: **«жерде»**-деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар алға бір-қадам адымдап жүреді.<br>**«әуеде»**- деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жан-жаққа жайып, ұшқыш сияқты болады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Ғарышқа ұшамыз»<br>**Ойын барысы:** Зымыранның суреті ілініп тұрады. Әуен ойналады. Балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқанда ғарыш әлеміне ұшып келеді. Тақтаға ғарыш әлемі суреттері ілінеді. Балалар ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөздік қор. Туыстық қарым қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, | қарауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіе тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.<br>**Д.О.** «Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Жұмбақтың жауабын табады.<br>**.**Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>.Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түн бойы,<br>Тышқанды ол қуады.<br>**Тында. Бірге жаттайық. Мысық.**<br>Мен кәдімгі мысықпын,<br>Рас көзі қысықпын.<br>Жүйкесінде ойнаймын,<br>Тышқан деген пысықтың<br>Күлме мейлің күл мейлің,<br>Итті көзге ілмеймін,<br>Жақсы көрем балықты, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Еркін ойын:** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. **Мысалы:** «Жеті лақ» ертегісін еске түсіреді. Лақтардың дауысы төмен дауыс, ешкінің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні | х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф-ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегіжарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт.<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырлдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұлаңдайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ»<br>Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Айды әперші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов.<br>«Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» | кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Д.О.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен | отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айту.<br>**Бірге айтайық.**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Апа, апа, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Әке, әке, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Қарындасым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Біздер тату жанұя.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым...(тату).<br>-Менің отбасым...(көңілді).<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>Саусаққа арналған гимнастика.<br>Бұл-атам, бұл-апам,<br>Бұл-әкем, бұл-анам<br>Бұл-бөпем менің, көркем.<br>Міне менің отбасым.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>«Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап әңгіме құрау.<br>-Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? | Әттең аулай білмеймін.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br>-«Марғау»-дегеніміз не?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Мысық жіп орамымен ойнайды»<br>Балалар ермексаздан мүсіндейді.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>**Музыка тыңдау:** «Мяу, мяу»<br>**Ән айту:**«Мысық»<br>**Музыкасы:** Б.Ғизатов.<br>Сөзі: Б.Соқпақбаев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>Балалардың жұмысын бағалау. Көрме ұйымдастыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру. (ауада).**<br>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Қимылды ойындар: ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкімдік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді.<br>«Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:**Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. | И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір ертегі немесе әңгіме құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Ертегілер еліне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Тоң мойынды жуан көк,<br>Желіп, жортып бүкеңдеп.<br>Несібесі даладан,<br>Еңбек қылмай жүрер тек.<br>(қасқыр).<br>Жол бойында жортқан,<br>Сыбызғысын тартқан.<br>(қасқыр).<br>Аузы бейне, шалғы орақ,<br>Шөп емес, бірақ малды орады.<br>(қасқыр).<br>Өзі қу, айлакер,<br>Жүрген жері айқай да, шу.<br>(түлкі).<br>Бұлаңдаған құйрығы,<br>Бір алдарлық құлығы.<br>(түлкі).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Қасқыр мен түлкі»** ертегісі. | -Отбасына кімдер жатады?<br>-Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>-Өз отбасың туралы әңгімелеп бер.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біздің үйде ән тарап,<br>Думандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы мүшелері туралы әңгімелеу, диалогті түрде сөйлесе білуге, грамматикалық тұлғада таза анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, менің айтқандарымды мұқият тыңдап, кім туралы айтып тұрғанымды ойланып табыңдар.<br>-Қатал көрінгенмен өте мейірімді. Кітапты көп оқиды. Бау-бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім?<br>-Өзі мейірімді, әрқашанда қатық-майы, құрт- ірімшігі, қант -онфеті дайын. Ол кім?<br>-Бесік тербетіп, ән айтатын.<br>Ертегі айтып, ойнататын кім сені?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым»<br>Сурет салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Музыка.** | спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Баскетбол.**<br>**Шарты:**допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>**Ойын басталады:**<br>**«Түн!»-** дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>**«Күн!»-** дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ұлттықойын:**<br>«Асық алу»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып, шашырап жүреді.<br>Педагог: «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға ұмтылып асықтарды тез алуға ұмтылады.<br>**«Қазан»** ойыны.<br>**Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру.<br>**«Малдас құрып отырған қалыптан»**<br>**Шарты:** Балалар көрпешеге малдас құрып отырадды. Асықтарды | | Балалар жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>-Түлкі қандай аң?<br>-Түсі қандай?<br>-Оның құйрығы қандай болады?<br>-Түлкі қандай жерде мекендейді?<br>-Қасқыр қандай аң?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қасқыр мен түлкі ертегісі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту. Ертегі айта білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Ертегі мазмұнын қысқаша айту.<br>**.**Бір күні жолбарыс сырқаттанып қалыпты.<br>**.**Барлық аңдар оның көңілін сұрау үшін барады.<br>**.**Тек түлкі келмейді.<br>**.**Қасқыр түлкінің сыртынан өсек айтады.<br>**.**Жолбарыс түлкіні алып келуді бұйырады.<br>**.**Түлкі жолбарыстың ауруын емдейтін дәрі табады.<br>**.**Жолбарыс оған риза болды.<br>**.**Түлкі үш аяғымен қиралаңдап келе жатқан қасқырды көреді.<br>**.**Түлкінің қасқырға берген жауабы: өсек айту жақсылыққа жеткізбейді. | **Музыка тыңдау:** «Айды әперші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов. «Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Асықтарды лақтырып, қағып алу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | Қасқыр мен түлкіні сипаттау.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Ертегі кейіпкерлерін тауып, олардың жүрісін сал»<br>**Шарты:** Балалар ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық.<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Қасқыр.**<br>Қасқыр орманды жортады,<br>Аяздан ол қорқады,<br>Аспанға қарап ұлиды,<br>Ауылдың малын ториды.<br>**Түлкі.**<br>Түлкі, түлкі қутыңдайсың,<br>Айналаңнан тың тыңдайсың.<br>Қанша қулығыңды асырсаңда,<br>Қасқырдан сен құтылмайсың.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қасқыр мен түлкі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды театр мәдениетіне баулу.<br>**Ойын барысы:** «Қысқа дайындық» ертегі желісі бойынша, балалардың сахналауы.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **4.Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын:** «Отарға шапқан қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекеті, қимыл<br>белсенділігі). | | |
| **Серуен.** | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады.<br>(ағаш).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br>(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** | **№16 Құстарды бақылау.**<br>Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.**<br>**Сауысқан.**<br>Айналасын бақылап,<br>Көргендерін тақылдап.<br>Хабарлайтын ол қай құс?<br>Шақ-шақ етіп шақылдап.<br>Сабынды тасып тауысқан,<br>Бұл құстың аты сауысқан.<br>Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан).<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы.<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(бозторғай).<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Орманды емдейді,<br>Зиянкестерді жазалап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.**<br>Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | үйрету. | Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | (тоқылдақ).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қыста құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліхан,Бейсен Абзалмен жеке жұмыс: геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | Төлеу Айшамен: Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік таныта білуге баулу. | Койшыбай Арайлыммен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. . | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23-27 қаңтар 2023 жыл.

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күйімен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Құрастыру.** Конструктормен жұмыс. «Жүк машиналары» **Мақсаты:** Балаларды көлік түрлерімен таныстыру.олардың түрлеріне қарай құрастыру ерекшеліктерін меңгерту. Үлгі бойынша құрастыруға үйрету. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру-шығармашылық іс әрекеті). | **Ән айту.** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | Қыс туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.** «Қысқы ойындар» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Қол еңбегі.** Қажетсіз затармен жұмыс. «Ойыншықтар әлемі» **Мақсаты:** Балаларды әртүрлі өндіріске қажетсіз заттармен жұмыс жасауға үйрету. (киндер-сюрприздің қауашақтары, қораптар т.б.). Жасаған затты безендіру үшін түрлі-түсті қағаз, маркерлер, ермексазды пайдалану. Мақсатқа жетуге ұмтылдыру, бастаған ісін соңына дейін жеткізу, табандылық, шыдамдылық дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, құрастыру-шығармашылық іс әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №7 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылғаніс-әрекетке дайындық.** | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті | **Сөздік ойын:** «Қыс екенін қайдан білдіңдер?» **Ойын барысы:** Сұрақ арқылы балаларға жауаптарын дәлелдету керек. Балаларға қойылатын жетекші сұрақтар: **Жұмбақты шеш.** | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің | **Д.О.** «Мен еңбекқор баламын» **Ойынның мақсаты:** Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу, үйде ата-анасына көмектесе білуге баулу. **Ойын барысы:** Балалар | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан аңдар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға аңдар туралы жұмбақтар жасыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | іс-әрекеті). | Шанамен зырлап желетін, Шаңғы, коньки тебетін. Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? -Қыс айларын атаңдар. -Қай айдан басталады? -Қыс мезгілі несімен ерекшеленеді? Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады? -Ауа-райын бақыла. -Ағаштар қалай өзгереді? -Қыста адамдар қандай еңбек түрлерімен айналысады? -Сенің отбасың қыста қандай еңбек атқарады? (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | орны ауысқанын айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді.<br>**Д.О.** «Ойыншықты таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту.** Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстрып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.<br>**Д.О.** «Ойлан да аяқта»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөзді сөйлемдермен жалғастырып айтуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог сөз тіркестерін айтады, балалар сөйлемдерді аяқтайды.<br>Ат шабады, ал қарлығаш.... .<br>Қозы.... , сиыр.... .<br>Бота-.....төлі. | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы | **1.Сөйлеуді дамыту.** Шығармашылықпен сөйлеу. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру,бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О** «Қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Қысқы табиғат құбылыстарын көрсет»<br>**Ойынның мақсаты:** Қысқы табиғат құбылыстарын атай білуге | **1.Сауат ашу нагіздері.** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br><br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Дыбыстық талдау. Шөп, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді. Ал балалар карточкаларды көрсетеді. Мысалы: доп-1 буыны бар карточканы көрсету.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**«Масалар»** ойыны.<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс, анық айта білуге жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Масалардың қатты шырылдағаны соншалық, олар «з-з-з»-деп ән айта бастады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>.Дыбыстық талдау жаса: тау, көл.<br>.Үзік сызықтарды бастыр. Нелердің суреті шықты? (Бәйтерек, күн, бұлт).<br>**Үзік сызықтарды бастыр.**<br>**Тыңда, орында.**<br>Партадағы саусақтар,<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар,<br>Сурет сала біледі.<br>Ортаңғы мен сұқ саусақ,<br>Түйеқұсты салады.<br>Төңкеріліп аспанға,<br>Қоян да бола алады. | Лақ.... . Құлыншақ..... .<br>**Д.О.** «Ертегі құрастыру»<br>**Ойынның мақсаты:** Баллардың ойын, қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар жаңа бір ертегі құрастырады.<br>**Д.О.**«Бұл не? Бұл кім?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды көпше етістікті қолдану арқылы, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер беріледі. Балалар ол суретте не бейнеленгенін айтады, әңгімелейді. Сұрақтарға жауап береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге жаттайды.<br><br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз. | білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды.<br>**Мысалы:** «Қасқыр, түлкі, әтеш» ертегісін еске түсіреді. Әтеш пен түлкінің дауысы төмен дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні айтып береді.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Менің жаңа ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ертегілерде кездесетін кейіпкерлерді атайды. Балаларға аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа бір ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі- коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Сиқырлы қыл қалам»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сурет салуға деген қызығушылықын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар | үйрету. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қыс мезгілі бейнеленген суретке қысқы табиғат құбылыстарының атауын атай отырып, құбылыстарды тауып сәйкестендіреді.<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма беріліді.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:**қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:**қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру- қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен анама....(көмектесемін) | бау, сүт.<br>**.**Тыңда. орында.<br>Саусағымыз айқасып,<br>«Жеңемін»-деп шайқасып.<br>Бірін-бірін тартады,<br>Білекке сенім артады.<br>**.**Штрихта.<br>**.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу- коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын (кешке, бүгін, ертең) оқиғалардың ретін (алдымен, содан кейін, бұрын кейінірек) анықтау.<br>**Ойлан, жапсыр.**<br>**.**Тәулік бөліктерін ата. Сәйкес суреттерді тауып, оларды жапсыр. Сағат нешені көрсетіп тұр?<br>**.**Тыңда. Сағаттардың тілін аяқтап сал. Суреттермен сәйкестендір.<br>Балалар балабақшаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға және артқа.<br>**Мотивациялқ қозғаушы:**<br>3 рет аяқпен тарсылдату, 2 рет оңға, 2 ретсолға қадам басу.<br>Алақанмен 3 жоғары, 1 рет төмен шапалақтау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына-машина, сол жағына-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: «оң жағында-машина, сол жағында-доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран, қалай жүріп, нені тапқың келеді?»<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Үстінде, астында, алдында, артында, оң | (зымыран).<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>-Зымыран дегеніміз не?<br>-Адамдар ғарышқа немен ұшады?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жәймен аспанға көтерілеміз, міне, біздер аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жәймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық. Көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>**Ойын барысы:**Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз.<br>Міне, көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жұлдызды аспан әлемі» | өз қалауынша жаңа ертегі құрастырады. Сол ертегі желісі бойынша сурет салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Суретке қара. Үш дыбыстан тұратын сөзді ата.<br>**.**Дыбыстық талдау жаса. Ана, нар, лақ.<br>**.**Тыңда. орында.<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**.**Үзік сызықтарды басты.<br>**.**Суретті бастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға және артқа.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Көршіңді тап»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардың бірінің артынан бірі тұрып, | -Мен iнiме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>**Мен ғарышкер боламын!**<br>Аспан аспан арайлым,<br>Саған жиі қараймын.<br>Сені көзбен шоламын,<br>Мен ғарышкер боламын!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар.<br>**Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б.<br>Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>-Өскенде ғарышкер болғыларың келе ме?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Жерде, әуеде, суда»<br>**Ойын барысы:** жерде, әуеде, суда қызмет ететін | таңғы сағат 8-де барады. Отбасы кешкі тамақты сағат 7-де ішеді.<br>Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды.<br>**.**Суретке қара. Кеше, бүгін не болғанын, ертең не болатынын сызып қос.<br>**Педагог жетекшілігімен ойын:**<br>«Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім,<br>Сейсенбіде алма тердім.<br>Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Педагог суреттерді тақтаға іледі. Мұқият |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақта, сол жақта»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікте бағдарлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттер тарытылып береді. Балалар суреттегі заттардың қай жерде орналасқанын айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Графикалық диктант.**<br>Графикалық диктант жазу барысында бір бөлігін берілген нұсқаулар бойынша жазады, екінші бөлігін балалар өздері орындайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**ДО.** «Ертегіні ата»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балаларды ертегілерді айырып, атай білуге үйрету және жинақтау, | **Ойын барысы:** Балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Ғарыш кемесі» суретін салу<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.<br>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Артикуляциялық жаттығулар.**<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар-ар-ар,<br>Жауады қар.<br>Ран-ран-ран,<br>Соғады боран.<br>Яз-яз-яз,<br>Сақылдаған сары аяз.<br>На-на-на,<br>Зулайды шана.<br>**«Сағат»** Денені жан-жаққа ию.<br>Иилген кезде «ту-у-у-ух»-деп дыбыстап, терең тыныс шығару.<br>**«Доптар ұшады»** Кеудесін алдыға қарай лақтыру. Дем шығарған кезде ұзақ «ух-х- | паравоз жасауларын өтінеді. Әрқайсысына жақындап келіп, алдында тұрған баланың атын атауды, кейіннен әрқайсысының артында тұрған баланың атын атауды ұсынады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай жерде не бар?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша заттардың бағытын айт. Жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – автокөліктер. Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Біркезде белгілі біржалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген | сарбаздардың суреттері көрсетіледі.<br>Педагог: **«жерде»**-деп танкистің суретін көрсетеді. Осы кезде балалар алға бір-қадам адымдап жүреді.<br>**«әуеде»**- деп ұшқыштың суретін көрсеткенде, қолдарын жан-жаққа жайып, ұшқыш сияқты болады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Ғарышқа ұшамыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Зымыранның суреті ілініп тұрады. Әуен ойналады. Балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқанда ғарыш әлеміне ұшып келеді. Тақтаға ғарыш әлемі суреттері ілінеді. Балалар ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>Сөздік қор. Туыстық қарым қатынасты (бауыр, немере, шөбере, ағайын, туысқан, жеті ата) білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, | карауды сұрайды.<br>Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіе тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.<br>**Д.О.** «Кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:**Жұмбақтың жауабын табады.<br>**.**Еріксе құйрығымен ойнайды,<br>Зеріксе ұйқыға бір тоймайды.<br>.Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түн бойы,<br>Тышқанды ол қуады.<br>**Тыңда. Бірге жаттайық. Мысық.**<br>Мен кәдімгі мысықпын,<br>Рас көзі қысықпын.<br>Жүйкесінде ойнаймын,<br>Тышқан деген пысықтың<br>Күлме мейлің күл мейлің,<br>Итті көзге ілмеймін,<br>Жақсы көрем балықты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талдау қабілеттерін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ертегілер бейнеленген суреттер таратылады. Балалар суретке қарап қандай ертегі екенін айтады.<br>**Еркін ойын:** «Менің сүйікті ертегім»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар өздеріне ұнаған ертегіні атайды, сол ертегі желісі бойынша суретін салады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әрекеті).<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Ертегіні ойнайық»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін кеңейте отырып, есту және сөйлеу тілін жетілдіру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға өткен ертегілерді еске түсіріп, содан кейін ертегі кейіпкерлерінің дауысын өзгерте отырып, қандай ертегі кейіпкерінің дауысы екенін анықтауын сұрайды. **Мысалы:** «Жеті лақ» ертегісін еске түсіреді. Лақтардың дауысы төмен дауыс, ешкінің дауысы ортаңғы дауыспен, ал қасқырды жоғары дауыс ырғағына сала отырып, ертегіні | х-х»-деп айт.<br>**«Поезд»** Бір демде айту. «ту-ту-ту-ту»<br>Дем алып «с-с-с, ш-ш-ш, ф-ф-ф»-деп айту.<br>**«Машинаның дөңгелегіжарылды»** «Ш-ш-ш»-деп айт.<br>Ян-ян-ян,<br>Жүгіріп жүр қоян.<br>Ыр-ыр-ыр,<br>Ырлдайды қасқыр.<br>Кі-кі-кі,<br>Бұландайды түлкі.<br>Ю-ю-ю,<br>Қорбаңдайды аю.<br>Са-са-са,<br>Ызыңдайды маса.<br>Қа-қа-қа,<br>Бақылдайды бақа.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:**<br>«Адасқан Қызыл телпек қалай дыбыстады?» «Ау-у-у»<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ертегі зообақ»<br>Ертегілердегі аңдардың дыбысын және жүрісін салу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Айды әперші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов.<br>«Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» | кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйімен, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.<br>**Д.О.** «Ғажайып өзгертулер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың шығармашылық ойлауы мен қиялын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог бірнеше суреттерді балалармен бірлесе отырып таңдап алады. Таңдаған суреттерінен | отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айту.<br>**Бірге айтайық.**<br>Кім келді?<br>Қане, қане кім келді?<br>Апа, апа, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Әке, әке, бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Ағатайым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Қарындасым бұл сіз бе?<br>Йә, йә, йә!<br>Біздер тату жанұя.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым...(тату).<br>-Менің отбасым...(көңілді).<br>Ойын осылай жалғаса береді.<br>Саусаққа арналған гимнастика.<br>Бұл-атам, бұл-апам,<br>Бұл-әкем, бұл-анам<br>Бұл-бөпем менің, көркем.<br>Міне менің отбасым.<br>**Суретпен жұмыс:** «Ынтымағы жарасқан отбасы» суретіне қарап әңгіме құрау.<br>-Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? | Әттең аулай білмеймін.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Тез жауап бер»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Сенің сүйікті үй хайуанаттарың бар ма?<br>-Төлдер мен үй хайуанаттарының ішінен қайсысын өзіңе жақын дос санайсың?<br>-«Марғау»-дегеніміз не?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Мысық жіп орамымен ойнайды»<br>Балалар ермексаздан мүсіндейді.<br>(Мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>**Музыка тыңдау:** «Мяу, мяу»<br>**Ән айту:**«Мысық»<br>**Музыкасы:** Б.Ғизатов.<br>Сөзі: Б.Соқпақбаев.<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>Балалардың жұмысын бағалау. Көрме ұйымдастыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру. (ауада).**<br>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтып береді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Қимылды ойындар: ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкімдік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді.<br>«Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:**Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. | И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | барлығы бірлесіп талқылап, ортақ бір ертегі немесе әңгіме құрастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.**«Ертегілер еліне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Ертегілер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Ертегілер еліне шолу жасайды. Тақтаға ілінген суреттерден қандай ертегі екенін айтады.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Жұмбақтардың жауабын табады.<br>Тоң мойынды жуан көк,<br>Желіп, жортып бүкеңдеп.<br>Несібесі даладан,<br>Еңбек қылмай жүрер тек.<br>(қасқыр).<br>Жол бойында жортқан,<br>Сыбызғысын тартқан.<br>(қасқыр).<br>Аузы бейне, шалғы орақ,<br>Шөп емес, бірақ малды орады.<br>(қасқыр).<br>Өзі қу, айлакер,<br>Жүрген жері айқай да, шу.<br>(түлкі).<br>Бұлаңдаған құйрығы,<br>Бір алдарлық құлығы.<br>(түлкі).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**«Қасқыр мен түлкі»** ертегісі. | -Отбасына кімдер жатады?<br>-Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>-Өз отбасың туралы әңгімелеп бер.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біздің үйде ән тарап,<br>Думандатар өмірді.<br>Біздің үйде салтанат,<br>Біздің үйде көңілді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы мүшелері туралы әңгімелеу, диалогті түрде сөйлесе білуге, грамматикалық тұлғада таза анық сөйлеуге дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, менің айтқандарымды мұқият тыңдап, кім туралы айтып тұрғанымды ойланып табыңдар.<br>-Қатал көрінгенмен өте мейірімді. Кітапты көп оқиды. Бау-бақшаны баптайды. Немерелерін жақсы көреді. Ол кім?<br>-Өзі мейірімді, әрқашанда қатық-майы, құрт- ірімшігі, қант -онфеті дайын. Ол кім?<br>-Бесік тербетіп, ән айтатын.<br>Ертегі айтып, ойнататын кім сені?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым»<br>Сурет салады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Музыка.** | спортпен айналысуға баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Баскетбол.**<br>**Шарты:**допты еденге оң қол және сол қолды алмастырып соғу. (4 рет).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»,** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>**Ойын басталады:**<br>**«Түн!»-** дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>**«Күн!»-** дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ұлттықойын:**<br>«Асық алу»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене айналып, шашырап жүреді.<br>Педагог: «Асық ал!»-деп белгі бергенде, балалар ортаға ұмтылып асықтарды тез алуға ұмтылады.<br>**«Қазан»** ойыны.<br>**Шарты:** асықтарды көлденең нысанаға 3 метрден лақтыру.<br>**«Малдас құрып отырған қалыптан»**<br>**Шарты:** Балалар көрпешеге малдас құрып отырадды. Асықтарды | | Балалар жаңа ертегімен танысады. Тыңдайды.<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>-Түлкі қандай аң?<br>-Түсі қандай?<br>-Оның құйрығы қандай болады?<br>-Түлкі қандай жерде мекендейді?<br>-Қасқыр қандай аң?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Еркін ойын:** «Қасқыр мен түлкі ертегісі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту. Ертегі айта білуге баулу.<br>**Ойын барысы:** Ертегі мазмұнын қысқаша айту.<br>**.**Бір күні жолбарыс сырқаттанып қалыпты.<br>**.**Барлық аңдар оның көңілін сұрау үшін барады.<br>**.**Тек түлкі келмейді.<br>**.**Қасқыр түлкінің сыртынан өсек айтады.<br>**.**Жолбарыс түлкіні алып келуді бұйырады.<br>**.**Түлкі жолбарыстың ауруын емдейтін дәрі табады.<br>**.**Жолбарыс оған риза болды.<br>**.**Түлкі үш аяғымен қиралаңдап келе жатқан қасқырды көреді.<br>**.**Түлкінің қасқырға берген жауабы: өсек айту жақсылыққа жеткізбейді. | **Музыка тыңдау:** «Айды әнерші апатай» Е.Өміров.<br>**Ән айту:** «Ғарышкер боламыз» Ш.Мұхамеджанов.<br>«Қайырлы таң» Е.Өміров.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>**Д.О.** «До-ре-ми»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажырата білуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген бір әнді үнтаспадан балаларға тыңдатады. Балалар сол әнге байланысты суретті таңдап көрсетеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке-жеке қағып алып, лақтырады. Асықтарды лақтырып, қағып алу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | Қасқыр мен түлкіні сипаттау.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Ертегі кейіпкерлерін тауып, олардың жүрісін сал»<br>**Шарты:** Балалар ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз орманға барайық,<br>Жан-жағымызға қарайық.<br>Аю келді қорбаңдап,<br>Қасқыр келді ырылдап.<br>Түлкі шықты майысып,<br>Қоян шықты секіріп.<br>Қорықпаңдар балалар,<br>Қарап-қарап алыңдар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Қасқыр.**<br>Қасқыр орманды жортады,<br>Аяздан ол қорқады,<br>Аспанға қарап ұлйды,<br>Ауылдың малын ториды.<br>**Түлкі.**<br>Түлкі, түлкі қутыңдайсың,<br>Айналаңнан тың тыңдайсың.<br>Қанша қулығыңды асырсаңда,<br>Қасқырдан сен құтылмайсың.<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Қасқыр мен түлкі»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды театр мәдениетіне баулу.<br>**Ойын барысы:** «Қысқа дайындық» ертегі желісі бойынша, балалардың сахналауы.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік іс-әрекеті). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **4.Дене шынықтыру**<br>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Күлкі сыйла»<br>Балалар шеңберге тұрады. Бір-біріне қарап күлімсірейді.<br>**Негізгі кезең.**<br>**Жаттығу:** «Айқас қадамдар»<br>Жүріп келе жатып, сол қолмен оң аяқты тигізу, оң қолмен сол аяқты тигізу.<br>**«Жалқау сегіздер»**<br>Оң қолында қарындаш бар деп ойлап, ауада жатып қалған сегіздің суретін салу.<br>**Қимылды ойын:** «Отарға шапқан қасқыр» Қырғыз халық ойыны.<br>**Шарты:** Ойыншылар бірінің артына бірі тұрып, ұзын тізбек құрайды. Бір-бірінің шынтағынан ұстайды. Бұл-лақтар. Ең бірінші болып олардың бастаушысы тұрады. Бір ойыншы қасқыр болады. Қасқыр ақырындап, оны алдап, соңғы лақты ұстап алуы керек. Ал бастаушы болса, қасқыр қай жақтан айналса, сол жаққа тұра қалып, оған кедергі жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әрекеті, қимыл белсенділігі). | | |
| **Серуен.** | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады.<br>(ағаш).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті» М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br>(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге | **№17 Қардағы іздерді бақылай білу.**<br>Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу. Әр құс әртүрлі із қалдырады. Адамның да іздері әртүрлі, түрлі жақтарға бағыттайды.<br>**Көркем сөз.**<br>Ойын ойнап міне біз,<br>Қыс қызығын көреміз.<br>Шанаға да мінеміз,<br>Шаңғыны да тебеміз.<br>**Жұмбақ.**<br>Мен кетемін, ол қалар.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қар» Т.Шопашов.<br>Жауды міне қар аппақ,<br>Қазақ жері бағымыз.<br>Қойнауынан мөп-мөлдір,<br>Сусындайды жанымыз.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Нысана»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу, қызығушылықтарын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Оң және сол қолмен желдетіп, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу.<br>**Д.О.** «Іздің құпиясын кім тез табады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қашықтықты бағыттай білу, зеректілік қабілеттерін бекіту.<br>Не себепті құстардың ізі үзілетінін түсіндіру.<br>**Еңбектену әрекеті.** | **№16 Құстарды бақылау.**<br>Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.**<br>**Сауысқан.**<br>Айналасын бақылап,<br>Көргендерін тақылдап.<br>Хабарлайтын ол қай құс?<br>Шақ-шақ етіп шақылдап.<br>Сабынды тасып тауысқан,<br>Бұл құстың аты сауысқан.<br>Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан).<br>Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы.<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(бозторғай).<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Орманды емдейді,<br>Зиянкестерді жазалап. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | тартып қалады. **Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | үйрету. | Құстарға жем шашу. **Өзіндік іс-әрекет:** Әр балаға өзінің қызықтыратын іспен айналысуға мүмкімдік беру. | (тоқылдақ). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш» **Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»**-деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді. **Еңбектену әрекеті.** Қыста құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліхан,Бейсен Абзалмен жеке жұмыс: геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай, бастырып бояуды үйрету. | Төлеу Айшамен: Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік таныта білуге баулу. | Койшыбай Арайлыммен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Закирия Мереймен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. . | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__ Балалардың жасы_5 жас_____ **Жоспардың құрылу кезеңі:** 30-қаңтар 03-акпан айы 2023 жыл

| Күн тәртібінің үлгісі. | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Қыс» Балалар әні. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ.** «Менің достарым» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | Қыс туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №8 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»-**деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез- | **Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын» **Ойынның мақсаты:** сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан құстар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға құстар туралы жұмбақтар жасыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру). | көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді.<br>**Д.О.** «Ойыншықты таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді. Ал балалар | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О** «Қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Кім жылдам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға шананың, шаңғының, конькидің және аққаланың суреті ілінеді. Балалар суретегі заттардың атын атайды, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Шаттық шеңбері.** Балалар дөңгелене тұрып бір-біріне құстардың атына байланысты еркелетіп айтатын сөздерді айтады.<br>-Балапаным.<br>-Қарлығашым.<br>-Көгершінім.<br>-Қарғам.<br>**Д.О. «**Үй құстары**»**<br>**Ойынның мақсаты:** Үй құстарын атап, олардың пайдасы туралы баяндауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй құстарының суреттері | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**.**Штрихта.<br>**.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10көлеміндегі сандарды салыстыру. Саны кем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкаларды көрсетеді.<br>Мысалы: шар-1 буыны бар карточканы көрсету. Машина-3. т.б.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:**<br>«з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар**<br>Суреттегі затты ата.<br>Сол сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>Шаңғы, шана.<br>Суреттегі заттарды ата. Буынға бөл.<br>(әртүрлі бірнеше суреттер).<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастырып жаз.<br>Үзік сызықтарды қос және бояу.<br>Суреттегілерді бір сөзбен ата.<br>(Сауат ашу- | сонан соң сол сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қыздырайық денені,<br>Кел, балалар, кел бері.<br>Қыздырайық денені,<br>Орнымыздан тұрып-ақ.<br>Жүгірейік бір уақ,<br>Бір, екі, үш.<br>(балалар орындарынан тұрып жүгіреді).<br>Бір, еі, үш!<br>Екпіндей түс,<br>Аяқты алға созайық.<br>(балалар аяқтарын алға кезек-кезек көтереді).<br>Тік көтеріп қозғайық!<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма беріліді.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:** қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:** қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын | басталатын сөздерді айтады.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қатарға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға тұрады, қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.**«Кім зейінді?»<br>**Ойын барысы**: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше?<br>(бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды, екінші-сары, үшінші- | таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй құстары туралы білетінін айтады.<br>**Сұрақ:**<br>-Үй құстары не жейді?<br>-Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>-Үй құстарының қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Үй құстарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог тақтаға бірнеше құстардың суретін іледі. Балалар суреттердн үй құстарын атайды, артық құсты табады. Бұл жерде артығы суық торғай.<br>**Еркін ойын:**<br>«Қамқорлық жасау»<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>-Үй құстарына қандай қамқорлық жаайды?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл | затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Аңдарды қоректендір»<br>**Ойынның мақсаты:** 1 саны және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:**<br>Тақтаға аңдардың суреті ілінеді.<br>Педагог:<br>-Әсем, сен қалай ойлайсың сәбізді қай аңға береміз? Апарып бер.<br>-Қоянға неше сәбіз бердің?<br>-Тиін нені жақсы көреді?<br>-Кірпіге неше саңырауқұлақ бересің?<br>-Бананды қай аңға береміз?<br>Басқа аңдармен де осылай жұмыс жүргізіледі.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын (кешке, бүгін, ертең) оқиғалардың ретін (алдымен, содан кейін, бұрын кейінірек) анықтау.<br>**Ізгі сөздер.**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>**«Қайырлы таң!»-** деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін,<br>**«Қайырлы күн!»-** тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>**«Кеш жарық!»-**деп кіремін.<br>**Д.О.** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру.<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз)<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін. | әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен досыма....(көмектесемін)<br>-Менініме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге жаттайды.<br>**Ғарышкер.**<br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>***Жұмбақтар шешейік.***<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз. | жасыл, төртінші-көк). (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Заттар жиыны. Әр карточкада не бейнеленгенін ата. Әр жиында неше элемент барын сана.<br>**.**Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады? Бөліктерді ата. (бүтін, жарты, ширек).<br>**.**Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең бөлікке бөл.<br>.Шаршыны тауып, оны сызықпен тең төрт бөлікке бөл.<br>(Математика негіздері- | мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның,<br>Мақтанышым-Астанам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қршаған орта).<br>**Ән айту:** «Астана ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Боямақ.** «Бәйтерек»<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** А,с,т,а,н,а дыбыстарынан басталатын сөздерге сөз құрастыру.<br>А-ана, алма, анар.....<br>С-су, сан, сағат....<br>Т-тал, тау....<br>А-ата, айна, ай....<br>Н-нан, нар.....<br>А-апа, аға, алқа....<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | әрекеті).<br>**Д.О.** «Шатасқан сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көздерін жұмады. Педагог сандардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді.<br>**Еркін ойын:** «Көңілді сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қалауынша бейнелеп салады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:** Теңдік туралы түсінік қалптастыру. Әртүрлі заттардн тұратын топтардың санын анықтауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды. Қанша қонжық? Қанша көжек? Қайсысы артық? Қайсысы кем?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс).<br>Бұлтты айдай желдеткен,<br>Нөсерлеткен, селдеткен.<br>Шалшық кешіп ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (көктем).<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз)<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толық тыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Түнде де, күндіз де,<br>Тынымсыз соғады.<br>(сағат)<br>Ұзын, қысқа тілі бар,<br>Он екі тілмен дос бұл.<br>(сағат тілі)<br>**Д.О.** «Зейінді бол»<br>**Ойынның мақсаты:** | (зымыран).<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>-Зымыран дегеніміз не?<br>-Адамдар ғарышқа немен ұшады?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жәймен аспанға көтерілеміз, міне, біздер аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жәймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық.<br>Көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**Д.О.** «Ғарышқа ұшамыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Зымыранның суреті ілініп тұрады. Әуен ойналады. Балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқанда ғарыш әлеміне ұшып келеді. | танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар санамақтарды айтады.<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | **3.Қазақ тілі.**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру.<br>**Д.О.**«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрлысын ата және орналастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға киіз үйдің құрлысын біліп, тануға және оны ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар киіз үйдің құрлысын ретімен атайды. Киіз үй шаттық шеңберін орындайды. Киіз үйді құрастыру карточкаларын топтастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,<br>Дөңгеленіп тұрамыз.<br>Керегені кереміз,<br>Уықтарды іleміз.<br>Айналамыз ойнаймыз,<br>Киіз үйді құрамыз!<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Киіз үйдің | Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәулік бөліктерінің ауысуын білу, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Егер дұрыс болса балалар алақандарын шапалақтайды. Егер дұрыс болмаса аяқтрын топылдатады.<br>**.**Біз таңғы асымызды кешкі 7-де ішеміз.<br>**.**Біз мектептке күндізгі сағат 3-те келеміз.<br>**.**Біз түнде серуендейміз.<br>**.**Біз түнде ұйықтаймыз.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аптадағы жеті күн»<br>**Мақсаты:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету.<br>«Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім,<br>Сейсенбіде алма тердім. | Тақтаға ғарыш әлемі суреттері ілінеді.<br>Балалар ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>**Ойын барысы:** Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз. Міне, көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. **Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>-Өскенде ғарышкер болғыларың келе ме? | (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар | жиһаздары мен жабдықтарын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Музыка**<br>**Бірге жаттайық.**«Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қыс келді, қыс мықты анық, | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойын, қиялын дамыту, қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Сәукеле»<br>**Мақсаты:** Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукле құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>(Құрастыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог суреті тақтаға іледі. Мұқият қарауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды.Сағаттағы цифрлар дұрыс орналасқан ба?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- | -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу ге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі инто нациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдуға, кейіп керлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкімдік беру.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«101 жұмбақ»<br>**Шарты:** Жұмбақтардың жауабын табады. | сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл түсті** карточка алған бала-жұмбақтардың жауабын табады.<br>**Жасыл түсті** карточка алған бала-мақал-мәтел айтады.<br>**Сары түсті** карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк түсті** карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Қимылды ойын:** «Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос | Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Музыка тыңдау:**«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай аспап жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Педагог бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай | Дербес қимыл белсенділігі. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға және шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем | Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара)<br>Алға қарай артқа қарай жүреді,<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа)<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек)<br>Ызыңдап ән салады,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын)<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші)<br>Үп-үшкір тағы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт)<br>Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты (инелік)<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу? Суреттен жәндіктерге жатпайтын нені көріп тұрсың? Ата.<br>**Тыңда.**<br>Ы.Алтынсариннің **«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»** әңгімесін балаларға оқып беру.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Әңгімедегі кейіпкерлерді ата.<br>-Өрмекші неге өрмек | аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту.<br>(жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимылды ойын.** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл | аспаптың жоқ екенін табады.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызғушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып | тоқып жүр?<br>-Құмырсқа не істеп жүр?<br>-Қарлығаш неге шөп жинап жүр?<br>-Атасы баласына қандай ақыл айтты?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Мақалды жаттаймыз.**<br>Еңбек еткен, мұратқа жеткен.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу:**<br>Қарлығашқа ұя, өрмекшіге өрмек, құмырсқаға илеуін салып беру.<br>**Еркін ойын:**<br>«Бөліктерді құрастыр»<br>**Шарты:** Бөліктерді құрастырады. Қандай сурет пайда болғанын айтады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған? | белсенділігі). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:** «Отбасы»<br>**Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.** «Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл | -Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыкаға сәйкес би элементтерін ойлап табу. Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін жерге бірдей қойып, бірге адым басып қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіруге үйрету.<br>**«Кел билейік»** Б.Байқадамов.<br>**Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру.<br>**«Музыкалық аспаптар»** Домбыра тартылады, Баян ойналады, Күйсандық ойналады, Сыбызғы ойналады. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Аспаптарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Аспаптарды ажырата білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретте берілген аспаптарды атайды. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-тұсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | | |
| **Серуен.** | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс** | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.Аула тазалаушы ның қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру. Адам дардың еңбектерін сыйлап, еңбекте нуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай»<br>А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады. | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады (ағаш).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті»<br>М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде | **№16 Құстарды бақылау.**<br>Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.**<br>**Сауысқан.**<br>Айналасын бақылап,<br>Көргендерін тақылдап.<br>Хабарлайтын ол қай құс?<br>Шақ-шақ етіп шақылдап.<br>Сабынды тасып тауысқан,<br>Бұл құстың аты сауысқан.<br>Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны:**«Тарту» **Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады. **Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | Еңбекшіл осындай, Болайықшы досым-ай. Таза бала мұнтаздай, Сүйсінеді қараған. Ұқыпты деп бұл қандай, Жақсы көрер бар адам. Еңбекшіл осындай, Болайықшы досым-ай. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар» **Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту. **Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанат тарымен қақпауға тыры сып жүгіреді. Белгі бой ынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). **Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойында рын қызықты етіп ойнауларын ұйым дастыруға көмектесу. | бұта ма екенін тапқызу. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту» **Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады. **Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | Қалқып тұрып аспанда, Үн шығарып сан қилы. Өнеріне басқанда, Тұла бойың балқиды. (бозторғай). Тоқылдатып мазаны ап, Ағаштарды тазалап. Орманды емдейді, Зиянкестерді жазалап. (тоқылдақ). **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш» **Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»-**деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді. **Еңбектену әрекеті.** Қыста құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу. **Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі | Барлық балалармен жұмыс:қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын, осы | Сағат Әліханмен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстар дың ретін, дауыс ты және дауыссыз дыбыстарды анық тауды меңгерту. | дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуды меңгерту. | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды__Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30-қаңтар 03-ақпан айы 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Қыс» Балалар әні. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Боямақ.** «Менің достарым» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | Қыс туралы тақпақтар жаттау. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №8 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді. -Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? -Ауа-райы қандай? -Қыс мезгілі қандай? -Таза ауамен демалған | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Сөздік ойын:**«Мақтау сөздер айту» **Ойынның мақсаты:** Достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Балалар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез- | **Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын» **Ойынның мақсаты:** сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай | **Жұмбақтар шешейік.** Педагог балалардан құстар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға құстар туралы жұмбақтар жасыру. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған ортамен таныстыру). | көмек көрсететіні туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады, ал балалар керекті карточкаларды көрсетеді.<br>**Д.О.** «Ойыншықты таңда»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздегі буынның санын дұрыс анықтауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ойыншықтарды немесе суреттерді көрсетеді.<br>Ал балалар | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Шығармашылықпен сөйлеу.<br>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру.<br>**Д.О** «Қыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Қыс тақырыбына сурет бойынша әңгіме құрастыру.<br>**Д.О.** «Кім жылдам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қыс туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға шананың, шаңғының, конькидің және аққаланың суреті ілінеді.<br>Балалар суретегі заттардың атын атайды, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Сөзге дыбыстық талдау жаса»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды ата. Сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>**Д.О.** «Қай дыбыстан басталады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады.<br>Балалар сол дыбыстан | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар дөңгелене тұрып бір-біріне құстардың атына байланысты еркелетіп айтатын сөздерді айтады.<br>-Балапаным.<br>-Қарлығашым.<br>-Көгершінім.<br>-Қарғам.<br>**Д.О. «**Үй құстары**»**<br>**Ойынның мақсаты:** Үй құстарын атап, олардың пайдасы туралы баяндауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй құстарының суреттері | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**.**Штрихта.<br>**.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Сан және санау.<br>10көлеміндегі сандарды салыстыру. Саны кем |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | карточкаларды көрсетеді.<br>Мысалы: шар-1 буыны бар карточканы көрсету. Машина-3. т.б.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойын барысы:**<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**«Зоопарк» ойыны.**<br>**Ойынның мақсаты:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді дұрыс атай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** «з», «с», «р» дыбысы бар сөздерді ата.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар**<br>Суреттегі затты ата.<br>Сол сөзге дыбыстық талдау жаса.<br>Шаңғы, шана.<br>Суреттегі заттарды ата. Буынға бөл.<br>(әртүрлі бірнеше суреттер).<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастырып жаз.<br>Үзік сызықтарды қос және боя.<br>Суреттегілерді бір сөзбен ата.<br>(Сауат ашу- | сонан соң сол сөздерді қатыстырып, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастырады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Қыздырайық денені,<br>Кел, балалар, кел бері.<br>Қыздырайық денені,<br>Орнымыздан тұрып-ақ.<br>Жүгірейік бір уақ,<br>Бір, екі, үш.<br>(балалар орындарынан тұрып жүгіреді).<br>Бір, еі, үш!<br>Екпіндей түс,<br>Аяқты алға созайық.<br>(балалар аяқтарын алға кезек-кезек көтереді).<br>Тік көтеріп қозғайық!<br>**Д.О.** «Қыс қызықтары»<br>**Ойынның мақсаты:** Қыс туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларды үш топқа бөліп, бірнеше тапсырма берілді.<br>**1-топ:** қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>**2-топ:** қыс мезгіліндегі демалыс туралы әңгімелейді.<br>**3-топ:** қысқы еңбек туралы әңгімелейді.<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын | басталатын сөздерді айтады.<br>(Сауат ашу негіздері-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Қимылды ойын:** «Қатарға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға тұрады, қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.**«Кім зейінді?»<br>**Ойын барысы**: Бірінші қандай түсті қарындаш қойылған? Екінші ше? Үшінші ше? Төртінші ше?<br>(бірінші-қызыл түсті қарындаш қойылды, екінші-сары, үшінші- | таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй құстары туралы білетінін айтады.<br>**Сұрақ:**<br>-Үй құстары не жейді?<br>-Адамдар үй құстарын не үшін ұстайды?<br>-Үй құстарының қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй құстарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог тақтаға бірнеше құстардың суретін іледі. Балалар суреттердн үй құстарын атайды, артық құсты табады. Бұл жерде артығы суық торғай.<br>**Еркін ойын:** «Қамқорлық жасау»<br>**Шарты:** Сұрақ-жауап.<br>-Үй құстарына қандай қамқорлық жаайды?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл | затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Аңдарды қоректендір»<br>**Ойынның мақсаты:** 1 саны және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту.<br>**Ойынның барысы:** Тақтаға аңдардың суреті ілінеді.<br>Педагог:<br>-Әсем, сен қалай ойлайсың сәбізді қай аңға береміз? Апарып бер.<br>-Қоянға неше сәбіз бердің?<br>-Тиін нені жақсы көреді?<br>-Кірпіге неше саңырауқұлақ бересің?<br>-Бананды қай аңға береміз?<br>Басқа аңдармен де осылай жұмыс жүргізіледі.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Музыка-шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын (кешке, бүгін, ертең) оқиғалардың ретін (алдымен, содан кейін, бұрын кейінірек) анықтау.<br>**Ізгі сөздер.**<br>Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>**«Қайырлы таң!»-** деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін,<br>**«Қайырлы күн!»-** тілеймін.<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>**«Кеш жарық!»-**деп кіремін.<br>**Д.О.** «Бұл қай кезде болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жұмбақтарды шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жыл мезгілдері туралы жұмбақтар жасыру.<br>Жиын-терін болатын,<br>Қамбаға астық толатын.<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз)<br>Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін. | әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Еркін ойын:** «Сөйлемді жалғастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру, сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы берілген суреттерге қарап сөйлемді бастайды, келесі бала аяқтайды.<br>-Мен досыма....(көмектесемін)<br>-Мен ініме....(қамқор боламын).<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Т.Әубәкіров және Т.Мұсабаевті білу және оларды құрметтеу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады, бірге жаттайды.<br>**Ғарышкер.**<br>Көкке ұшамын,<br>Ұшқыш болар баламын.<br>Соңынан ерем<br>Ер ғарышкер ағаның.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Ұшады қанатсыз,<br>Зырлайды аяқсыз. | жасыл, төртінші-көк). (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қанша болса сонша»<br>**Ойын барысы:** Еденде 4 шеңбер (обруч) тұр. әр шеңберде цифры бойынша түрлі ойыншықтар бар. Музыкамен балалар әртүрлі қозғалыста жүреді. Әуен тоқтағанда, әр шеңбердегі ойыншықтар санына сай тұра қалады. 4 ойыншық тұрған шеңберге-4 бала.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Заттар жиыны. Әр карточкада не бейнеленгенін ата. Әр жиында неше элемент барын сана.<br>**.**Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады? Бөліктерді ата. (бүтін, жарты, ширек).<br>**.**Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең бөлікке бөл.<br>.Шаршыны тауып, оны сызықпен тең төрт бөлікке бөл.<br>(Математика негіздері- | мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның,<br>Мақтанышым-Астанам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қршаған орта).<br>**Ән айту:** «Астана ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Боямақ.** «Бәйтерек»<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** А,с,т,а,н,а дыбыстарынан басталатын сөздерге сөз құрастыру.<br>А-ана, алма, анар.....<br>С-су, сан, сағат....<br>Т-тал, тау....<br>А-ата, айна, ай....<br>Н-нан, нар.....<br>А-апа, аға, алқа....<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | әрекеті).<br>**Д.О.** «Шатасқан сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көздерін жұмады. Педагог сандардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді.<br>**Еркін ойын:** «Көңілді сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды қалауынша бейнелеп салады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:** Теңдік туралы түсінік қалптастыру. Әртүрлі заттардн тұратын топтардың санын анықтауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды. Қанша қонжық? Қанша көжек? Қайсысы артық? Қайсысы кем?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс).<br>Бұлтты айдай желдеткен,<br>Нөсерлеткен, селдеткен.<br>Шалшық кешіп ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (көктем).<br>Қойның толы жеміске,<br>Көк майсалы еңісте.<br>Көбелек қуып ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз)<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдері туралы білімдерін толық тыру. Сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Сұрақтарға жауап береді. Өзіне ұнаған мезгілді айтады.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Түнде де, күндіз де,<br>Тынымсыз соғады.<br>(сағат)<br>Ұзын, қысқа тілі бар,<br>Он екі тілмен дос бұл.<br>(сағат тілі)<br>**Д.О.** «Зейінді бол»<br>**Ойынның мақсаты:** | (зымыран).<br>Аспанда бір алып құс,<br>Зырлап ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң ғажайып,<br>Соңында із қалады.<br>(зымыран).<br>-Зымыран дегеніміз не?<br>-Адамдар ғарышқа немен ұшады?<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Баяу музыка әуені ойналады. Балалар көздерін жұмып, терең тыныстайды. Денелерін еркін ұстайды. Көз алдарына аспан әлемін елестетеді.<br>-Біз ұшақта отырмыз, жаймен аспанға көтерілеміз, міне, біздер аспанға көтерілдік.<br>-Біз қалықтап ұшып жүрміз, ұшып жүрміз, жерге жаймен қонамыз, жерге қондық.<br>-Көзімізді ашайық. Көңіл-күйлерің қалай болды?<br>**Д.О.** «Ғарышқа ұшамыз»<br>**Ойын барысы:** Зымыранның суреті ілініп тұрады. Әуен ойналады. Балалар көздерін жұмады. Көздерін ашқанда ғарыш әлеміне ұшып келеді. | танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды айтады.<br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз. | **3.Қазақ тілі.**<br>Тілдік дамытушы орта.<br>Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру.<br>**Д.О.**«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрлысын ата және орналастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға киіз үйдің құрлысын біліп, тануға және оны ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар киіз үйдің құрлысын ретімен атайды. Киіз үй шаттық шеңберін орындайды. Киіз үйді құрастыру карточкаларын топтастырады.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,<br>Дөңгеленіп тұрамыз.<br>Керегені кереміз,<br>Уықтарды іленіз.<br>Айналамыз ойнаймыз,<br>Киіз үйді құрамыз!<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Киіз үйдің | Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар заттарды санайды, пішінін, түсін атайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**3.Құрастыру.**<br>Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәулік бөліктерінің ауысуын білу, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Егер дұрыс болса балалар алақандарын шапалақтайды. Егер дұрыс болмаса аяқтрын топылдатады.<br>**.**Біз таңғы асымызды кешкі 7-де ішеміз.<br>**.**Біз мектептке күндізгі сағат 3-те келеміз.<br>**.**Біз түнде серуендейміз.<br>**.**Біз түнде ұйықтаймыз.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Аптадағы жеті күн»<br>**Мақсаты:** Апта күндерінің атын білу және ажырата білуге үйрету.<br>«Санамақтар»<br>**Шарты:** Санамақтарды жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>-Балалар бір аптада неше күн бар?<br>-Бүгін аптаның нешінші күні?<br>**Жеті ұл.**<br>Апта деген ағайдың,<br>Жеті бірдей ұлы бар:<br>Біріншісі-Дүйсенбі,<br>Екіншісі-Сейсенбі,<br>Үшіншісі-Сәрсенбі<br>Төртіншісі -Бейсенбі.<br>Бесіншісі-Жұма,<br>Алтыншысы-Сенбі,<br>Жетіншісі-Жексенбі.<br>**Бір аптада.**<br>Дүйсенбіде-гүлдер ектім,<br>Сейсенбіде алма тердім. | Тақтаға ғарыш әлемі суреттері ілінеді.<br>Балалар ғарыш әлемі туралы әңгімелейді.<br>-Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>-Ғарышкер ғарышқа не үшін ұшады?<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Қимылды ойын:**«Ұшақ»<br>**Ойын барысы:** Балалар ұшаққа отырады, ұшақ оталды, қанатымызды жаямыз, баяу қозғаламыз, аспан әлеміне ұшамыз. Міне, көкте ұшып жүрміз. Ойын осылайша жалғасады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызып, **«Ғарыш әткеншегі»** ойынын ойнату.<br>**Шарты:** Ортада бір бала «Күн» болып тұрады. Қалған балалар күн жүйесіндегі ғаламшарлар. **Мысалы:** Жер, Сатурн, Уран, Меркурий т.б. Көңілді музыка әуенімен балалар **«Күнді»** айналып жүреді.<br>-Өскенде ғарышкер болғыларың келе ме? | (Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар | жиһаздары мен жабдықтарын ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын танып біліп, оларды атай білуге үйрету. білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттен киіз үйдің жабдықтары мен жиһаздарын атайды, оның не үшін қажет екенін айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**4.Музыка**<br>**Бірге жаттайық.**«Жатқа айт»<br>**Шарты:** Тақпақты жаттайды. Сұрақтарға жауап береді.<br>Қыс келді, қыс мықты анық, | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Қайсысы ұнайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойын, қиялын дамыту, қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтады.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Сәукеле»<br>**Мақсаты:** Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукле құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br>(Құрастыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сәрсенбіде-су әкелдім,<br>Бейсенбіде-бақша баптап,<br>Жұма-күні тақпақ жаттап.<br>Сенбіде-мен саған бардым.<br>Жексенбіде бір демалдым.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Суретшінің қатесі»<br>**Ойынның мақсаты:** Педагог суреті тақтаға іледі. Мұқият карауды сұрайды. Суретшінің қандай қателік жібергенін сұрайды.Сағаттағы цифрлар дұрыс орналасқан ба?<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**3.Көркем әдебиет.**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- | -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру.<br>Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу ге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі инто нациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдуға, кейіп керлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкімдік беру.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«101 жұмбақ»<br>**Шарты:** Жұмбақтардың жауабын табады. | сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл түсті** карточка алған бала-жұмбақтардың жауабын табады.<br>**Жасыл түсті** карточка алған бала-мақал-мәтел айтады.<br>**Сары түсті** карточка алған бала-тақпақ, өлең айтады.<br>**Көк түсті** карточка алған бала-жаңылтпаш айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4. Дене шынықтыру**<br>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос | Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға!<br>-Қысқы ойындарды ата.<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Қардан не жасауға болады?<br>**Музыка тыңдау:**«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Әннің көңіл-күйі қандай?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» И.Штраус<br>**Би шығармашылығы:** Өз беттерінше би ойлап шығару.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Қай аспап жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға бірнеше аспаптардың суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады. Педагог бір аспапты жасырады. Балалар көздерін ашқанда қай | Дербес қимыл белсенділігі. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға және шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем | Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара)<br>Алға қарай артқа қарай жүреді,<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа)<br>Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек)<br>Ызыңдап ән салады,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын)<br>Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші)<br>Үп-үшкір тағы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт)<br>Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты (инелік)<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу? Суреттен жәндіктерге жатпайтын нені көріп тұрсың? Ата.<br>**Тыңда.**<br>Ы.Алтынсариннің<br>**«Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш»**<br>әңгімесін балаларға оқып беру.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Әңгімедегі кейіпкерлерді ата.<br>-Өрмекші неге өрмек | аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Қимылды ойын:** «Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту.<br>(жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимылды ойын.** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл | аспаптың жоқ екенін табады.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық аспаптарын біліп тануға, оларды ажырата білуге үйрету. Білімдерін толықтыру. Музыкалық аспаптарға деген қызғушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтаға ілінген ұлттық аспаптарды атайды. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып | тоқып жүр?<br>-Құмырсқа не істеп жүр?<br>-Қарлығаш неге шөп жинап жүр?<br>-Атасы баласына қандай ақыл айтты?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Мақалды жаттаймыз.**<br>Еңбек еткен, мұратқа жеткен.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу:**<br>Қарлығашқа ұя, өрмекшіге өрмек, құмырсқаға илеуін салып беру.<br>**Еркін ойын:**<br>«Бөліктерді құрастыр»<br>**Шарты:** Бөліктерді құрастырады. Қандай сурет пайда болғанын айтады.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**«Вальс» С.Майкапар.<br>-Сендер бұл музыкаға қандай қимылдар жасар едіңдер?<br>-Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады.<br>**Ән айту:** «Қыс»<br>-Әнде не туралы айтылған? | белсенділігі). | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!» **Шаттық шеңбері:** «Отбасы» **Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық... Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау. **Ұйымдастыру кезеңі.** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды) Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз. **Негізгі кезең.** «Музыкалы ғаламшар» **Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау. **«Секектегіш»** ғаламшары. **Шарты:** Бұл | -Әннің көңіл-күйі қандай? **Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Көңілді би» **Ойынның мақсаты:** Музыкаға сәйкес би элементтерін ойлап табу. Ырғақты ұстай отырып, аяқтың өкшесін жерге бірдей қойып, бірге адым басып қимылдар жасау. Денені әсем, әдемі қимылға ендіруге үйрету. **«Кел билейік»** Б.Байқадамов. **Мақсаты:** музыка ырғағына сәйкес аяқ-қолмен үйлесімді қимыл жасауға, әрбір би элементтерін, қимылды нақты, көтеріңкі көңіл күймен орындауға талпындыру. **«Музыкалық аспаптар»** Домбыра тартылады, Баян ойналады, Күйсандық ойналады, Сыбызғы ойналады. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). **Д.О.** «Аспаптарды ата» **Ойынның мақсаты:** Аспаптарды ажырата білуге үйрету. білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Суретте берілген аспаптарды атайды. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті). | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу.<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | | | | |
| **Серуен.** | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру.<br>Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br>(қар).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс** | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, банк, бала-бақша, кітапхана т.б.).<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез | **№18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау.**<br>Қардың көп түскенін, бірақ біз одан еш қиындықсыз өтетінімізге назар аудару. Бұған бізге аула тазалаушы көмектеседі.Аула тазалаушы ның қар тазалау кезіндегі құрал-саймандары жайында білімдерін толықтыру. Адам дардың еңбектерін сыйлап, еңбекте нуге тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз.**<br>Еңбек-қуаныш,<br>Жалқаулық-айырылмас азап.<br>Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа шаттыққа бөленеді.<br>**Мақал-мәтелдер.**<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ердің атын еңбек шығарады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Болайықшы осындай»<br>А.Меңжанов.<br>Жақсы бала еңбекшіл,<br>Ер азамат болады.<br>Қиындықты жеңіп кіл,<br>Құшағы гүлге толады. | **№15 Ағаш пен бұталарды бақылау.**<br>Балалардың назарын ағаштардың және бұталардың сыртқы түріне аудару. Балаларға аяз кезінде ағаш бұталарының жұмсақ және тез сынғыш болатынын түсіндіру.<br>**Көркем сөз.** Қарағай.<br>Тау баурайы-жағалай,<br>Биік-биік қарағай.<br>Оқтай түзу бойлары,<br>Шымыр өскен баладай.<br>**Жұмбақ.**<br>Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,<br>Қыста жақсаң жаның рахат табады (ағаш).<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Қыс келбеті»<br>М.Әлімбаев.<br>Аққу мамық ұлпа қар,<br>Жамылады қырқалар.<br>Шымшып аяз бетіңді,<br>Ширатады етіңді.<br>**Д.О.** «Ағаш па, әлде бұта ма?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Ағаштар мен бұталарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Балаларға суреттеу арқылы ағаш па, әлде | **№16 Құстарды бақылау.**<br>Балаларға қыстап қалатын құстар туралы түсінікті нақтылау және бекіту. Құстарды жақсы көріп оларға көмек бере білуге тәрбиелеу. құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Құстарға жем шашу.<br>**Көркем сөз.**<br>**Сауысқан.**<br>Айналасын бақылап,<br>Көргендерін тақылдап.<br>Хабарлайтын ол қай құс?<br>Шақ-шақ етіп шақылдап.<br>Сабынды тасып тауысқан,<br>Бұл құстың аты сауысқан.<br>Таниды үлкен кіші де,<br>Көрсе де оны алыстан.<br>**Торғай.**<br>Торғай, торғай торғайсың,<br>Таяу келіп қонғайсың.<br>Жем шашайын тойып ал,<br>Сонда аязға тоңбайсың.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұшқаны қызық жалпылдап,<br>Өзі сондай қарқылдақ.<br>(қарға).<br>Үстіне ақ камзолын киіп ап,<br>Жүреді қанаттарын жиып ап.<br>(сауысқан). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>Таза бала мұнтаздай,<br>Сүйсінеді қараған.<br>Ұқыпты деп бұл қандай,<br>Жақсы көрер бар адам.<br>Еңбекшіл осындай,<br>Болайықшы досым-ай.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағытта жүгіре алуларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар алаңда жұмыс істеп тұрған матор сияқты бір-бірін қанат тарымен қақпауға тыры сып жүгіреді. Белгі бой ынша: «Маторды қос!», «Отырғызу басталды!» қимыл жасай алуға үйрету.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды белгі бойынша заттарды топтастыра білуге үйрету: құралдардың түрі, белгісі.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойында рын қызықты етіп ойнауларын ұйым дастыруға көмектесу. | бұта ма екенін тапқызу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ағаш және бұта түбіне қарды үю. | Қалқып тұрып аспанда,<br>Үн шығарып сан қилы.<br>Өнеріне басқанда,<br>Тұла бойың балқиды.<br>(бозторғай).<br>Тоқылдатып мазаны ап,<br>Ағаштарды тазалап.<br>Орманды емдейді,<br>Зиянкестерді жазалап.<br>(тоқылдақ).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Қарлығаш»<br>**Ойын барысы:** Ойыншылардың санына сәйкес шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. **«Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшыпкел!»-**деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қыста құстарға тамақ беруге баулу. Құстарға жем шашу.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** Балалардың ойындарын қызықты етіп ойнауларын ұйымдастыруға көмектесу. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Төлеу Айшамен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі | Барлық балалармен жұмыс:қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын, осы | Сағат Әліханмен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Бақылаулар мен сюжеттік суреттер әңгімелер құрастыруды меңгерту. | Көркем шығарманы рөлдерге бөліп сахналауға қатысуды үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстар дың ретін, дауыс ты және дауыссыз дыбыстарды анық тауды меңгерту. | дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуды меңгерту. | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге кітаптар қарау, кітап оқу» | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Өлең, тақпақтар, санамақтарды үйде қайталап айту, жаттау. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ

Сынып _мектепалды__ Балалардың жасы_5 жас____ **Жоспардың құрылу кезеңі:** 16-20 қаңтар 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.**<br>«Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы»<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Сөздік ойын:** «Кел санайық, санамақ»<br>**Ойынның мақсаты:** Санамақты жатқа айта білуге үйрету, балалардың тілін, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар санайды, жатқа айтады.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнекей ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнекей, қон,<br>Асықпа да, саспа,<br>Бірден қайтадан баста.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Ненің азығы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен жануарлардың немен қоректенетінін тауып белгілейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Қайсысы қайда тұрады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Жануарларды өз мекеніне орналастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту.<br>**Ойынның барысы:** | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру.<br>Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Сөздік ойын:** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Адам өміріне не қажет екенін айту, білімдерін толықтыру. Балаларды өз денсаулығын дұрыс | **Д.О.** «Су бізге не үшін қажет?»<br>**Ойынның мақсаты:** Тіршілік үшін судың маңызыды екенін айту, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | -Балалар сендер қонаққа барғанды ұнатасыңдар ма?<br>-Қонаққа барғанда сендерді қандай сөздермен қарсы алады?<br>-Ал, сендердің үйлеріңе қонақ келгенде қалай қарсы аласыңдар?<br>**Д.О.** «Орнын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасындағы өзара сыйластық туралы түсінік беру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша отбасы мүшелерін дастархан басынада қалай отырғанын әңгімелеу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | күте білуге, спортпен айналысуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Өмір сүруге не қажет екенін айтады. Себебін түсіндіреді. Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз. Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суреттерге қараңдар. Денсаулықты нығайту туралы әңгімелеп айтыңдар.<br>-жуыну;<br>-спортпен шұғылдану;<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | Сұрақтарға жауап береді, өз ойын айтады. Сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>-Айнұр гүлдерге су құйды.<br>-Диас суға шомылды.<br>-Балалар өзен-көлге шомылуға барды.<br>-Суды біз ішеміз.<br>**Спорт**.<br>**Шарты:** Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балаларға бірнеше дене жаттығуларын орындату).<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған орта<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Сұрақтар мен** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалар.**<br>.Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>.Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталса **көк** түспен боя.<br>Тон, ат, от, кесе, шана.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>**Д.О.** «Түрлі-түсті жолақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер | және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>-Қайырлы таң!<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>-Ал балалар, сендер үйлеріңде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар?<br>-Қайырлы таң, әкешім, анашым!<br>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!<br>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?<br>-Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді.<br>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?<br>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады.<br>Олар: ата, әже, ана, | .Айсұлудың ойыншықтарын ата. Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталатын ойыншықтарды **көк** түспен қорша.<br>.Доп сөзінің дыбыстық талдауын анықта.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br>.Штрихта.<br>.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? | жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі).<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Интеллектуалды ойын:**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың | жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Геометриялық пішіндер. Бірге жаттайық.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша бірнеше заттарды салыстыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті жолақтардың түстерін атайды, салыстырады, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтады.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Бетбелгінің ұзындығын өлше. Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? Ең қысқа бетбелгіні ата.<br>**.**Заттардың ең биігінен ең аласасына қарай сызып қос.<br>**.**Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдауға көмектес.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Қатрға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар қатарға қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім | әке және балалары.<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар осы адамдар отбасын құрайды. Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Допты лақтыру әдісі арқылы балалар өз отбасы мүшесі туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Тату-тәтті отбасы»<br>**Ойын барысы:** Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Суретпен жұмыс** «Ынтымағы жарасқан отбасы» (әңгімелеу).<br>**Біздің шаңырақ.**<br>Атамнан басталар, | Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған, Геометриялық пішіндерден аппликация ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.).<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздерінді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:** «Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажырата | білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, топпен жұмыс істей білуге баулу**.**<br>«Білімпаз баламыз»<br>**Ойын барысы:** Балалар үш топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br>**«Әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** Әртүрлі пазылдардан сурет құрастыру және әңгімелеу.<br>**«Өнер орталығы»**<br>**Шарты:** «Қар ұлпалары» суретін салу.<br>**«Зерттеу орталығы»**<br>**Шарты:** Қардың күйін зерттеу. (топқа стақанға салып қар әкелу, балалар қар туралы өз ойлрын айтады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Отбасыңмен бірге | Төртбұрышпын, төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя»<br>Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:** Пішіндер туралы білімдерін толықтыру. Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар | Әжемнен қосталар.<br>Отбасы мыналар:<br>Ең жақын адамдар-<br>Әкем және анам бар,<br>Бір туған апам бар.<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған інім бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін еремін.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым ең тату отбасы.<br>-Менің отбасым ең үлкен отбасы.<br>-Менің отбасым ең бақытты.<br>-Менің отбасым қонақжай.<br>-Мен отбасымды жақсы көремін.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым» сурет салу. (Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя. | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Геометриялқ пішіндерден аққала жасау, қандай пішін екенін айту, салыстыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусағыңмен жүргіз.**<br>.Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз.<br>Ұқсастығы мен айырмашылығын ата.<br>Дөңгелек. Сопақша.<br>**Ойлан. Суретін сал. Боя.**<br>.Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. боя.<br>.Әр фигураны қарандаштардың көрсетілген түсіне сәйкес боя.<br>Төртбұрыш-қызыл.<br>Үшбұрыш-жасыл.<br>Дөңгелек-көк.<br>Сопақша-сары.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әс әрекеті).<br>**Еркін ойын.** «Ұшқыр ойлы баламын»<br>**Шарты:** Дөңгелектерден аппликация ойластырып, оны жапсыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** | қандай мерекелерді атап өткізесіңдер?<br>-Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер?<br>-Қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр | қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.**<br>«Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br><br>**3.Жапсыру.**<br>Сюжеттік композициялар жасау оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Қорытынды.**<br>-Өз отбасыңда кімдермен бірге тұрасың?<br>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?<br>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>-**Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан | Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Бағдаршамның түстерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынарсың апатқа.<br>Ұқыпты болса әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа!<br>-Көшеге шыққанда неге мән беруі керек?<br>-Қандай жол белгілерін | бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір» сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Шырша әні» (Музыка-шығармашылық ойын әрекеті)<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Шаттық шеңбері:** «Тілек шоғы»<br>**Шарты:** Педагог қолындағы гүлді тілек айтып жанындағы балаға ұсынады. Гүлдер көбейіп, **«Тілек шоғы»** болып педагогтің өзіне оралады.<br>**Балалардың жұмысы:** «Гүл салынған ыдыс»<br>**Шарты:** Түрлі-түсті қағаздан қиып жапсырады.<br>(Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Еркін ойын:** «Досыма сый»<br>**Шарты:** Балалар өздерінің жасаған жұмысын жақсы тілек айтып досына сыйлайды.<br>-Осы гүлдей әдемі бол!<br>-Гүлдей құлпырып жүр.<br>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру (ауада)**<br>Спорттық жаттығулар. Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен спортпен айналысуға |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Еңбектеу, өрмелеу: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).<br>**Ұйымдастыру кезеңі: Тату бола білеміз.**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>Және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді. «Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:** Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа | туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Ел ордасы Отанның,<br>Мақтанышым Астанам!<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Боямақ.**<br>«Астана»<br>(балалар суретті бояйды).<br>(сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау | білесіңдер?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жолдан өту»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол ережелері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына **жасыл** дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар арнайы **«жолақ жолдан»** өтеді. Педагог «Солға қараймыз!»,«Оңға қараймыз!»-деп бұйырады. Содан соң, «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз»,-деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл.<br><br>(бағдаршам).<br>Қырдан қырға жалғасады,<br>Барған сайын алға асады. | **3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты**: Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай қай мезгілде киетіндерін айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Сарт-сарт-сарт.<br>Шапалақ соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ-топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз,<br>Зу-зу-зу, | баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді.<br>Қайтадан «1,2,3- жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады.<br>Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады: «Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Ауа-райы» туралы айтып бер.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтады. (суық, желді, ашық т.б.).<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету, балалардың білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Өзіне ұнаған мезгілді айтып береді.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос.<br>**Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы. | (жол).<br>Оңға да бұрады, солға да бұрады.<br>Жол тәртібін, реттеп тұрады.<br>(бағдаршам).<br>Көшеде жүр кішкентай үй,<br>Сол үйді жүргізуші жүргізеді.<br>(машина).<br>**Тыңда.** «Жолдан өткенде»<br>Дастан деген баламын,<br>Мектепке енді барамын.<br>Жүруді де үйрендім,<br>Көшесінде қаланың.<br>Жол шетіне келгенде,<br>Тоқтай қалып мен демде.<br>Көз саламын арнайы,<br>Белгісі бар жерлерге.<br>Қауіпті ғой көше тым,<br>Қумай жолдың төтесін.<br>Жолақтарды іздеймін,<br>Жаяу адам өтетін.<br>Асықпаймын аптығып,<br>Алдым мұны жақсы ұғып,<br>Күйсандықтың тіліндей,<br>Қатар қатар ақ сызық.<br>Ортасында тұра қап,<br>Оңға, солға бір қарап,<br>Жолдың арғы шетіне,<br>Жетіп алам жылдам ақ!<br>**Еркін ойын:** «Бағдаршам бағыт береді»<br>**Шарты:** Бағдаршам түстерінің қызметін анықтап, есіне сақтайды.<br>Бағдаршамның суретін салады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын | Шанамын зулаймыз.<br>**Д.О**. «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>Ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>**.**Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі).<br>**.**Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар).<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтадағы ілулі суреттерге қарап, қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Әнде Астананың керемет келбетіне | әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Секіру: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:**<br>«Отбасы»<br>**Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде | **Ертегілер елі.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру.<br>**«Аяз ата»**<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-АСтананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды.<br>**Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазлған?<br>-Ән сендерге неге ұнады?<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:**<br>«Шарлармен би»<br>Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.<br>**Д.О.** «Өз жұбыңды тап»<br>**Ойын барысы:** Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу | тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық...<br>Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>«Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды)<br>Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз.<br>**Негізгі кезең.**<br>«Музыкалы ғаламшар»<br>**Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау.<br>**«Секектегіш»** ғаламшары.<br>**Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру.<br>**«Түрлі-түсті ғаламшар»**<br>**Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. с<br>**«Жорғалаушылар»** ғаламшары. | білесіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды.<br>**Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан.<br>-Ән қандай көңіл-күйде жазлған?<br>-Ән сендерге неге ұнады?<br>**Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады.<br>**Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Шарлармен би»<br>Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру.<br>**Д.О.** «Өз жұбыңды тап»<br>**Ойын барысы:** Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді.Шет жақта балаларға сыртын беріп отырған, ән салған баланың даусын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы даусынан таныса, олар орнын ауыстырады. (Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | **Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама – қарсы қимылдар жасайды. (Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көлеңке»<br>**Ойын барысы:**<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қане, қатар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>**Педагог:** осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар тұрғызады. Барлығы шеңбер жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Бүркіт қалай бүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Түлкі қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар түлкі болып майысып, құйрығын бұлғаңдатып жүреді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Аю қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар аю болып майысып, қорбаңдап жүреді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Көлбең, көлбең,<br>көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қоян қалай секіреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар қоян болып<br>секіреді.<br>(Музыкалық-<br>шығармашылық әрекеті-<br>қимыл белсенділігі). | |
| **Серуен.** | **№2 Қар басуын бақылау.**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп<br>кетер,<br>Әуре болма теріп<br>бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал<br>оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, балабақша, кітапхана т.б.)<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br><br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br><br>(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін | **№18 Аула сыпырушы еңбегімен танысу**<br>Аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Тапсырма:** «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>**Тақпақ:**<br>Қолынакиіп қолғапты,<br>Ауланы ағай сыпырды.<br>Тазалап қарды мұздарды,<br>Бәрімізге олжол ашты.<br>**Жаңылтпаштар:**<br>Қаңтар айы болды, күн суытты<br>Қалың қар жауды, боран соқты.<br>Жапалақтап ақ қар жауды<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету. | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br><br>(қар).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада | **№13 Қырауды бақылау**<br>Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Болжам:**<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>(қар)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Суықторғайлар»<br>**Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге биімдеу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету.<br>**Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр»<br>**Тәжірибе:** Балалар қар қиыр шықтарын қарас тырады.<br>Қармен тәжірибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қорытын ды жасауға үйрету. Әуесқой лығын және қызығушылығын дамыту. | айта білуі.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | **Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортындр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>**Еңбектену әрекеті:** аула сыпырушыға көмектесу. | отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>**Еңбектену әрекеті.** Ойын алаңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | білу.<br>**Еңбектену әрекеті.** Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліханмен жеке жұмыс: геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектер дің дайын сурет терінің сыртын контурдан шық пай, бастырып бояуды үйрету. | Қойшыбай Арайлым және Төлеу Айша мен:Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік таныта білуге баулу. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Бейсен Абзал,Төлеу Айша,Закирия Мереймен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Балалардың есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады» тақырыбы бойынша кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» | «Үйдегі математикалық ойындар» тақырыбында әңгімелесу. | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады» тақырыбына әңгіме. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** №11 ЖББМ
Сынып _мектепалды__ Балалардың жасы_5 жас____ **Жоспардың құрылу кезеңі:** 16-20 қаңтар 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Боямақ.** «Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы» (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Сөздік ойын:** «Кел санайық, санамақ» **Ойынның мақсаты:** Санамақты жатқа айта білуге үйрету, балалардың тілін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Балалар санайды, жатқа айтады.<br>Бір, екі, үш,<br>Ал, кәнекей ұш.<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау ауыл шеті.<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, кәнекей, қон,<br>Асықпа да, саспа,<br>Бірден қайтадан баста.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті). | **Д.О.** «Ненің азығы?» **Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Суреттен жануарлардың немен қоректенетінін тауып белгілейді. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Қайсысы қайда тұрады?» **Ойынның мақсаты:** Жануарлар туралы білімдерін толықтыру, жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Жануарларды өз мекеніне орналастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Қаңтар айына таңертеңгі жаттығу кешені. №6 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Сөздік ойын:** «Тамаша күн!» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойынның барысы:** | **Д.О.** «Не өзгерді?» **Шарты:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындағы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Сөздік ойын:** «Сенің өмір сүруіңе не қажет?» **Ойынның мақсаты:** Адам өміріне не қажет екенін айту, білімдерін толықтыру. Балаларды өз денсаулығын дұрыс | **Д.О.** «Су бізге не үшін қажет?» **Ойынның мақсаты:** Тіршілік үшін судың маңызыды екенін айту, білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып «Тамаша!»-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, қоршаған орта). | -Балалар сендер қонаққа барғанды ұнатасыңдар ма?<br>-Қонаққа барғанда сендерді қандай сөздермен қарсы алады?<br>-Ал, сендердің үйлеріңе қонақ келгенде қалай қарсы аласыңдар?<br>**Д.О.** «Орнын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Отбасындағы өзара сыйластық туралы түсінік беру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша отбасы мүшелерін дастархан басынада қалай отырғанын әңгімелеу.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | күте білуге, спортпен айналысуға баулу.<br>**Ойын барысы:** Өмір сүруге не қажет екенін айтады. Себебін түсіндіреді. Адам тіршілігіне не қажет?<br>**Бірге жаттаймыз. Табиғи су.**<br>Су-табиғат байлығы,<br>Өзен-көлге барғайсың.<br>Кемі екі рет әр күні,<br>Суға түсіп алғайсың.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суреттерге қараңдар. Денсаулықты нығайту туралы әңгімелеп айтыңдар.<br>-жуыну;<br>-спортпен шұғылдану;<br>-дұрыс тамақтану.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті). | Сұрақтарға жауап береді, өз ойын айтады. Сурет бойынша әңгіме құрастырады.<br>-Айнұр гүлдерге су құйды.<br>-Диас суға шомылды.<br>-Балалар өзен-көлге шомылуға барды.<br>-Суды біз ішеміз.<br>**Спорт**.<br>**Шарты:** Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.<br>Жазда суда жүземіз,<br>Құмда күнге күйеміз.<br>Жалаң аяқ жүреміз,<br>Қыста қызып денеміз,<br>Коньки, шаңғы тебеміз.<br>Жалқаулықты тастаймыз,<br>Жаттығуды бастаймыз.<br>(Балаларға бірнеше дене жаттығуларын орындату).<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет -коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері<br>**2.**Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет.<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған орта<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Сұрақтар мен** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және | **1.Сауат ашу нагіздері**<br>Жазуларды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарандашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалар.**<br>.Бұл жылдың қай мезгілі? Дыбыстық талдау жаса.<br>.Суреттегі заттар дауысты дыбыстан басталса, дөңгелекті **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталса **көк** түспен боя.<br>Тон, ат, от, кесе, шана.<br>Штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Бір, екі, үш,<br>Кәне жина күш.<br>Саусақтарды басайық,<br>Жаттығуды жасайық.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.<br>**Д.О.** «Түрлі-түсті жолақтар»<br>**Ойынның мақсаты:**Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер | және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>-Балалар, дөңгелене тұрып, шаттық шеңберін құрайық. Бір-бірімізбен амандасып, жылы тілектер айтайық.<br>-Сәлеметсіздер ме!<br>-Қайырлы таң!<br>-Қайырлы күн!<br>-Сіздерді көргеніме қуаныштымын!<br>-Енді бір-бірімізге мақтау сөздер айтайық:<br>-Сен әдемісің.<br>-Сен мейірімдісің.<br>-Сен ақылдысың.<br>-Сен адал доссың.<br>-Ал балалар, сендер үйлерінде бір-бірлеріңе қандай жақсы сөздер айтасыңдар?<br>-Қайырлы таң, әкешім, анашым!<br>-Қайырлы күн, асыл әжем, аташым!<br>-Сендерді үйде қалай еркелетеді?<br>-Мені үйдегілер «құлыншағым», «қошақаным» т.б. деп еркелетеді.<br>-Бір үйде қандай адамдар тұрады?<br>-Бір үйде бір-біріне ең жақын адамдар тұрады.<br>Олар: ата, әже, ана, | .Айсұлудың ойыншықтарын ата. Дауысты дыбыстан басталатын ойыншықтарды **қызыл** түспен, ал дауыссыз дыбыстан басталатын ойыншықтарды **көк** түспен қорша.<br>.Доп сөзінің дыбыстық талдауын анықта.<br>**Саусақ жаттығуы:**<br>Саусақтар шықты қыдырып,<br>Балетке келді жүгіріп.<br>Залдың шамы сөнеді,<br>Бишілер билеп береді.<br>Балет қандай тамаша!<br>Қол соғайық таласа.<br>.Штрихта.<br>.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.<br>(Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Ғажайып пішіндер»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттар қандай пішіндерден құрастырылған? | жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Д.О.** «Жалғасын тап»<br>**Ойын барысы:**<br>Бастаушы бала сөйлемді бастап береді. Балалар аяқтайды.<br>-Қыста күн....<br>-Бүгін қар....<br>-Айнала...<br>-Балалар сырғанақта....<br>-Балалар қардан.....<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әректі).<br>**Д.О.** «Дұрыс па, бұрыс па?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әр жыл мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін білуге үйрету, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Педагог жылдың бір мезгілінің белгісін атайды. Бұл белгі дұрыс болса, бала допты қағып алады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Интеллектуалды ойын:**«Білімпаз баламыз»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың | жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>(Сауат ашу-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика.**<br>Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Д.О.** «Тапқыр болсаң шешіп көр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Допқа өзі ұқсайтын,<br>Ерекше бір пішін бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(дөңгелек).<br>Төрт бұрышы бар,<br>Төрт қабырғасы бар.<br>(төртбұрыш).<br>Атына сай балалар,<br>Үш бұрыш, үш жағы бар.<br>Ол пішінді кім табар?<br>(үшбұрыш).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Геометриялық пішіндер. Бірге жаттайық.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша бірнеше заттарды салыстыруға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті жолақтардың түстерін атайды, салыстырады, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін айтады.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>**.**Бетбелгінің ұзындығын өлше. Қайсысы ұзын? Қайсысы қысқа? Ең қысқа бетбелгіні ата.<br>**.**Заттардың ең биігінен ең аласасына қарай сызып қос.<br>**.**Гномдарға заттарды өлшеміне қарай таңдауға көмектес.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріп қолын қуыршақ,<br>Жоғары-төмен, жоғары-төмен.<br>Шыр көбелек айналып,<br>Би билейді бізбенен.<br>(Балалар музка әуенімен шыр көбелек айналып, билейді).<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, музыкалық-шығармашылық әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қатрға тұрамыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар қатарға қалай тұрғанын қара. 7-нөмірдің алдында кім | әке және балалары.<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар осы адамдар отбасын құрайды.<br>Сендер де отбасыларыңның бір мүшесісіңдер.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Отбасы туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:**Допты лақтыру әдісі арқылы балалар өз отбасы мүшесі туралы айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Тату-тәтті отбасы»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар мен сендерге тату-тәтті отбасында 3 адам, 4 адам, 5 адам тұрады деймін. Сендер сол санға сәйкес тез топтасып тұра қаласыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Суретпен жұмыс**<br>«Ынтымағы жарасқан отбасы»<br>(әңгімелеу).<br>**Біздің шаңырақ.**<br>Атамнан басталар, | Аппликация жасау үшін қандай пішіндер пайдаланылған,<br>Геометриялық пішіндерден аппликация ойластырып, оны жапсыр. (үй, шырша, балапан. т.б.).<br>**Д.О.** «Қандай пішін жетіспейді?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға геометриялық пішіндер ілінеді. Педагог балаларға көздерінді жұмыңдар деп бір пішінді алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қандай пішін жоқ екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Мұздатам»<br>Боран борайды-1<br>Боран борайды-2<br>Боран борайды-3<br>Түрлі фигура болып қат.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Д.О.** «Аққаланы құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**Геометриялық пішіндерді ажырата | білімдерін жинақтап, тереңдету, қызығушылықтарын арттыру, топпен жұмыс істей білуге баулу**.**<br>«Білімпаз баламыз»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар үш топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.<br>**«Әдебиет орталығы»**<br>**Шарты:** Әртүрлі пазылдардан сурет құрастыру және әңгімелеу.<br>**«Өнер орталығы»**<br>**Шарты:** «Қар ұлпалары» суретін салу.<br>**«Зерттеу орталығы»**<br>**Шарты:** Қардың күйін зерттеу. (топқа стақанға салып қар әкелу, балалар қар туралы өз ойлрын айтады).<br>(Көркем әдебиет-коммуникативтік, ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу.<br>**Ашық микрафон:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>-Отбасыңмен бірге | Төртбұрышпын, төртбұрышпын,<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын.<br>Қай жағынан қарасаңда,<br>Төрт қабырғам тең бұрышпын.<br>-Балалар неге оны төртбұрыш деп атайды екен?<br>-Төртбұрыштың қабырғасын санайық.<br>Үшбұрышпын, үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын.<br>Төртбұрыштан аз болсам да,<br>Орны бөлек үшбұрышпын.<br>-Балалар, үшбұрыштың қабырғаларын санайық.<br>Домалақпын, домалақпын,<br>Дөңгелек боп домаладым.<br>Ай сияқты, күн сияқты,<br>Шар сияқты домалақпын.<br>-Дөңгелектің бұрыштары бар ма?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Пішіндерді боя»<br>Түстерді танып білуге үйрету.<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға пішіндер салынған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұр? 9-нөмірден кейін кім тұр?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>Аппақ-аппақ қар аппақ,<br>Қар жамылған дала аппақ.<br>Қырау-қырау тал аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-танымдық коммуникативтік әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Жұмбақ шеше білуге үйрету.<br>**Ойын шарты:** Табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар шеше білеміз бе?<br>(табиғат құбылыстары туралы жұмбақтар | Әжемнен қосталар.<br>Отбасы мыналар:<br>Ең жақын адамдар-<br>Әкем және анам бар,<br>Бір туған апам бар.<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған інім бар,<br>Бәрін жақсы көремін,<br>Еркелеймін еремін.<br>**Д.О.** «Менің отбасым»<br>**Ойын шарты:** Балалар шеңберге тұрады. Допты бір-біріне лақтырып, өз отбасы туралы жақсы сөздер айтады.<br>-Менің отбасым ең тату отбасы.<br>-Менің отбасым ең үлкен отбасы.<br>-Менің отбасым ең бақытты.<br>-Менің отбасым қонақжай.<br>-Мен отбасымды жақсы көремін.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Менің отбасым» сурет салу.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Мына саусақ- атам,<br>Мына саусақ- әжем.<br>Мына саусақ -әкем,<br>Мына саусақ - анам.<br>Мына саусақ - мен,<br>Бәріміз бір - жанұя. | білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Геометриялқ пішіндерден аққала жасау, қандай пішін екенін айту, салыстыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Саусағыңмен жүргіз.**<br>.Фигуралардың үстінен саусағыңмен жүргіз.<br>Ұқсастығы мен айырмашылығын ата.<br>Дөңгелек. Сопақша.<br>**Ойлан. Суретін сал. Боя.**<br>.Кілемшелерді геометриялық фигуралармен безендір. боя.<br>.Әр фигураны қарандаштардың көрсетілген түсіне сәйкес боя.<br>Төртбұрыш-қызыл.<br>Үшбұрыш-жасыл.<br>Дөңгелек-көк.<br>Сопақша-сары.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, сурет салу-шығармашылық әс әрекеті).<br>**Еркін ойын.** «Ұшқыр ойлы баламын»<br>**Шарты:** Дөңгелектерден аппликация ойластырып, оны жапсыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** | қандай мерекелерді атап өткізесіңдер?<br>-Отбасылық қандай мерекелерді білесіңдер?<br>-Қандай сыйлық алғанды ұнатасың?<br>-Жаңа жыл мерекесі қашан болады?<br>-Жаңа жылда нені безендіреміз?<br>-Шыршаны безендірген сендерге ұнай ма?<br>-Ақшақар кім?<br>-Аязата мен Ақшақарға балалар қандай өнерлерін көрсетеді?<br>-Аяз атадан сыйлық алып көрдіңдер ме?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Шашуы көп, дәмі мол,<br>Тастамайды қабын ол.<br>Жаһан кезіп баланың,<br>Қуантпақшы бәрін ол.<br>(Аяз ата).<br>**Тыныштық сәті.**<br>Музыка ойналып тұрады. Көзімізді жұмып, Жаңа жыл мерекесін елестетейік. Шыршаны айнала дөңгелене тұрмыз. Қандай әдемі шырша! Жасыл шырша әсем етіп безендірілген. Аязата мен Ақшақар шырша жанында тұр. Көзімізді ашайық. Көз алдарыңа не елестеттіңдер? (Әр | қағаздар таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Педагог балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалар сол тақтадағы түстерге қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.** Санау таяқшаларынан пішіндерді құрастыр.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br>**Еркін ойын.**<br>«Пішіндерден не салуға болады?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ой, қиялын дамыту. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар геометриялық пішіндерден әртүрлі суреттер салу.<br>**Көрме ұйымдастыру.** Балалардың салған суретін бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын, іс-әрекеті).<br><br>**3.Жапсыру.**<br>Сюжеттік композициялар жасау оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасыру).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.**«Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар, қыс мезгілі, қар, қырау, аяз, суық деген сөздерге сөйлем құрастырады.<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліз:**<br>«Қыс»<br>**Мақсаты:** Өзінің ойын қағаз бетіне түсіре білуін бекіту, бейнелерді қағаз бетіне композиция құрап орналастыруға жаттықтыру.<br>(Сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Қорытынды.**<br>-Өз отбасында кімдермен бірге тұрасың?<br>-Әкең мен анаң саған риза болып қуану үшін не істеу керек?<br>-Отбасы мүшелері бір-бірімен қалай тұрады?<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.<br>ҚР-Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Отан деген-атамекен,<br>Отан деген-туған жер.<br>Отан-ана, Отан-үлкен,<br>Қазақстан туған ел!<br>-**Отан**-біздің сүйікті отбасымызбен тұратын үйіміз, туған жеріміз, ауылымыз, қаламыз, табиғатымыз.<br>Біздің Отанымыз-Қазақстан. Біз Отанымызды сүйеміз.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап, Отан | Бойды сергек тік ұста,<br>Емін еркін тыныста.<br>Деміңді ішке тез алда,<br>Оң қолыңды соз алға.<br>Қол ұшына қара да,<br>Үшбұрыш сыз ауада.<br>Сол қол босқа тұрмасын,<br>Шеңбер жасап зырласын.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Өлеңді жатқа мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**Д.О.** «Үш түс, үш қозғалыс»<br>**Ойынның мақсаты:** Бағдаршамның түстерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог бағдаршамның үш түсіне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар педагогтің қимыл-қозғалысына қарай бағдаршам түстерін дұрыс атаулары қажет.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, қоршаған орта).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Бұзба көше тәртібін,<br>Ұрынарсың апатқа.<br>Ұқыпты болса әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа!<br>-Көшеге шыққанда неге мән беруі керек?<br>-Қандай жол белгілерін | бала не елестеткенін баяндайды).<br>**Д.О.** «Сөз ойла, тез ойла, көп ойла»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығн арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кезекпен **з** мен **ш** дыбыстары кездесетін сөздер айтып жарысады. Көп сөз айтқан топ немесе бала жеңімпаз атанады. Мысалы: аяз, шана, шаңғы, шырша, Аязата, Ақшақар т.б.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Шыршаны безендір» сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Ән айту:** «Шырша әні»<br>(Музыка-шығармашылық ойын әрекеті)<br>**Д.О.** «Кім көп сөйлем құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген суреттерді атап, сөйлем құрайды.<br>(Сауат ашу, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.<br>**Шаттық шеңбері:** «Тілек шоғы»<br>**Шарты:** Педагог қолындағы гүлді тілек айтып жанындағы балаға ұсынады. Гүлдер көбейіп, **«Тілек шоғы»** болып педагогтің өзіне оралады.<br>**Балалардың жұмысы:** «Гүл салынған ыдыс»<br>**Шарты:** Түрлі-түсті қағаздан қиып жапсырады.<br>(Жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Шаршағанда ырғалып,<br>Гүлге ұқсап дем алам.<br>Қанатымды бір қағып,<br>Гүлдей болып жайқалам.<br>**Еркін ойын:** «Досыма сый»<br>**Шарты:** Балалар өздерінің жасаған жұмысын жақсы тілек айтып досына сыйлайды.<br>-Осы гүлдей әдемі бол!<br>-Гүлдей құлпырып жүр.<br>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру (ауада)**<br>Спорттық жаттығулар.<br>Денешынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және денешынықтыру мен спортпен айналысуға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Еңбектеу, өрмелеу: допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр).<br>**Ұйымдастыру кезеңі: Тату бола білеміз.**<br>Ол-мен, ол- мен,<br>Және менің достарым!<br>-Еңбегімен өз үйін,<br>-Көркем етер кім екен?<br>-Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен?<br>-Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен?<br>-Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен?<br>-Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен?<br>-Терезеге доп соғып, сындыратын кім екен?<br>-Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен?<br>-Балалар шеңберге тұрып сұрақтарға жауап береді. «Ол-мен, ол-мен және менің достарым!»<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:** Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа | туралы әңгіме құрастырыңдар.<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Ел ордасы Отанның,<br>Мақтанышым Астанам!<br>-Өлеңде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті).<br>**Боямақ.**<br>«Астана»<br>(балалар суретті бояйды).<br>(сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау | білесіңдер?<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жолдан өту»<br>**Ойынның мақсаты:** Жол ережелері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала «бағдаршам» болады. Қолына **жасыл** дөңгелекті ұстап тұрады. Балалар арнайы **«жолақ жолдан»** өтеді. Педагог «Солға қараймыз!»,«Оңға қараймыз!»-деп бұйырады. Содан соң, «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз»,-деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Үш көзді батыр,<br>Жол көрсетер батыл.<br>Үш көзі үш түрлі:<br>Қызыл, сары, жасыл.<br><br>(бағдаршам).<br>Қырдан қырға жалғасады,<br>Барған сайын алға асады. | **3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»<br>**Ойынның мақсаты**: Балаларға жыл мезгілдерін ажырата білуді, әр жыл мезгіліне сәйкес қандай киімдер киетінін баяндай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі киімдерді қай қай мезгілде киетіндерін айтады.<br>(Қазақ тілі, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Сергіту сәті.**<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз<br>Сарт-сарт-сарт.<br>Шапалақ соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ-топ.<br>Топылдатып билейміз,<br>Тоңса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз,<br>Зу-зу-зу, | баулу. спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы «Түн», қыздар тобы «Күн» болады.<br>Ойын басталады: «Түн!» дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | көрсету, ынталандыру.<br>**Д.О.**«Ауа-райы» туралы айтып бер.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтады. (суық, желді, ашық т.б.).<br>**Д.О.** «Маған ұнайтын жыл мезгілі»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету, балалардың білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгілдерін атайды. Өзіне ұнаған мезгілді айтып береді.<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Кәзір жылдың қай мезгілі?<br>-Саған жылдың қай мезгілі ұнайды?<br>**Д.О.** «Сәйкес заттарды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жыл мезгіліне сәйкес заттарды таңда. Сызып қос.<br>**Күз**-қолшатыр. **Қыс**-шаңғы. **Көктем**-секіргіш. **Жаз**-футбол добы. | (жол).<br>Оңға да бұрады, солға да бұрады.<br>Жол тәртібін, реттеп тұрады.<br>(бағдаршам).<br>Көшеде жүр кішкентай үй,<br>Сол үйді жүргізуші жүргізеді.<br>(машина).<br>**Тыңда.** «Жолдан өткенде»<br>Дастан деген баламын,<br>Мектепке енді барамын.<br>Жүруді де үйрендім,<br>Көшесінде қаланың.<br>Жол шетіне келгенде,<br>Тоқтай қалып мен демде.<br>Көз саламын арнайы,<br>Белгісі бар жерлерге.<br>Қауіпті ғой көше тым,<br>Қумай жолдың төтесін.<br>Жолақтарды іздеймін,<br>Жаяу адам өтетін.<br>Асықпаймын аптығып,<br>Алдым мұны жақсы ұғып,<br>Күйсандықтың тіліндей,<br>Қатар қатар ақ сызық.<br>Ортасында тұра қап,<br>Оңға, солға бір қарап,<br>Жолдың арғы шетіне,<br>Жетіп алам жылдам ақ!<br>**Еркін ойын:** «Бағдаршам бағыт береді»<br>**Шарты:** Бағдаршам түстерінің қызметін анықтап, есіне сақтайды. Бағдаршамның суретін салады.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын | Шанамын зулаймыз.<br>**Д.О.** «Мынау кімдікі?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ер баланың және қыз баланың киімдерін ажрата білуге үйрету. Ұқыптылыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Киімдердің қайсысы ер балаға, қайсысы қыз балаға кигізуге болатындығын айтады.<br>**Жұмбақтар жасырайық.**<br>**Мақсаты:** Жұмбақтар жасыру арқылы тапқырлыққа, алғырлыққа үйрету.<br>**.**Шанамен зырлап желетін,<br>Шаңғы, коньки тебетін.<br>Аққала жасап ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(қыс мезгілі).<br>**.**Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады.<br>(қар).<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар тақтадағы ілулі суреттерге қарап, қыс мезгілінің қызықтарын айта отырып әңгіме құрайды.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті). | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | (Сауат ашу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>**Тыңда.**<br>Әнде Астананың керемет келбетіне | әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Негізгі қимылдар. Секіру: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру.<br>**«Жарқын күн»**<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**-Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br>**Шаттық шеңбері:** «Отбасы»<br>**Шарты:** Балалар, бір-бірімізбен қол ұстасып шаттық шеңберінде | **Ертегілер елі.**<br>**Мақсаты:** Балаларды жаңа ертегімен таныстыру, мәнерлеп оқып беру.<br>**«Аяз ата»**<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Музыка**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-АСтананың қандай көрікті жерлерін білесіңдер?<br>-«Бәйтерек» туралы не | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды. **Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан. -Ән қандай көңіл-күйде жазлған? -Ән сендерге неге ұнады? **Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады. **Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Шарлармен би» Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. **Д.О.** «Өз жұбыңды тап» **Ойын барысы:** Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу | тұрып, бір бүтін екенімізді, бір отбасы екенімізді сезінейік. Бәріміз бірге демімізді ішке тартып, қайта шығарамыз. (3). Жүрегіміздің соғысын тыңдайық... Дүк-ілгері қадам аттау, Дүк-артқа қадам аттау. **Ұйымдастыру кезеңі.** «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығымыз бірге жалпы дамыту жаттығуларын жасайық. (балалар жаттығу жасайды) Зымырандармен ғарышқа ұшып, саяхатқа шығамыз. **Негізгі кезең.** «Музыкалы ғаламшар» **Шарты:** Біркелкі тыныс алып, ырғақтық гимнастика жасау. Жаттығуларды дұрыс жасау, басқалармен бірдей жасау. **«Секектегіш»** ғаламшары. **Шарты:** Бұл ғаламшарда балалар секіріп жүреді. Екі аяқтап биіктігі 20-30 см заттардан аттап секіру. **«Түрлі-түсті ғаламшар»** **Шарты:**Допты еденге бір қолмен, алақан жайып, қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. с **«Жорғалаушылар»** ғаламшары. | білесіңдер? **Тыңда.** Әнде Астананың керемет келбетіне деген сүйіспеншілік бар. Астана-жас болсада біздің бас қаламыз, мақтанышымыз. Есіл өзенінің бойында орналасқан әсем қалаға қарасаң көз тоймайды. **Ән айту:** «Астана» «Бәйтерек» Б.Әлімжан. -Ән қандай көңіл-күйде жазлған? -Ән сендерге неге ұнады? **Бәйтерек**-өмір ағашы. Салмағы 300 тонна болатын шар хамелеон шыныдан жасалған. Күн сәулесінің түсуіне қарай түсін өзгертіп тұрады. **Музыкалық ырғақты қимылдар:** «Шарлармен би» Би қимылдарын жасағанда әркез денені тік ұстап, жеңіл қимыл жасауға дағдылану қажет. Музыка әуенімен шарды жоғары көтеріп, оңға, солға иілу және шарды жоғары ұстап, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жеңіл жүгіру. **Д.О.** «Өз жұбыңды тап» **Ойын барысы:** Музыка әуенімен балалар айнала жүгіреді. Музыка аяқталысымен, дереу жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұбын тауып тұрады. Жұбынан адасып қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Д.О.** «Ән салған кім?»<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді.Шет жақта балаларға сыртын беріп отырған, ән салған баланың даусын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы даусынан таныса, олар орнын ауыстырады.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | **Шарты:** Балалар модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп, жорғалап жүреді.<br>**«Сиқырлы ғаламшар»**<br>**Шарты:** Балалар залға шашырап бытыраңқы жүрісі орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды. Шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап қолдарын беліне қойып жүреді.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).<br>**Ойын-жаттығу.**<br>«Қарама-қарсы қозғалыс»<br>**Шарты:** Ойыншылар екі қатарға бір-біріне қарама –қарсы тұрады. Бірінші қатар не істесе де екінші қатар соған қарама –қарсы қимылдар жасайды.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | қалғандар өз айыбын өнер арқылы өтейді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көлеңке»<br>**Ойын барысы:**<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қане, қатар тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>**Педагог:** осы өлеңді әндетіп айта жүріп, бір үлкен, бір кіші баладан қатар тұрғызады.<br>Барлығы шеңбер жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Бүркіт қалай бүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Ән ырғағымен балалар бүркітше қанат қағады, еңкейіп саусақтарымен жер тірейді. Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Түлкі қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар түлкі болып майысып, құйрығын бұлғаңдатып жүреді.<br>Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Аю қалай жүреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар аю болып майысып, қорбаңдап жүреді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Көлбең, көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем!<br>Қоян қалай секіреді?<br>Кім көрсете біледі?<br>Балалар қоян болып секіреді.<br>(Музыкалық-шығармашылық әрекеті-қимыл белсенділігі). | |
| **Серуен.** | **№2 Қар басуын бақылау.**<br>Қар басуы кезінде бұлттардың пайда болатынын түсіндіру.<br>**Жұмбақ.**<br>Ұстай алсаң еріп кетер,<br>Әуре болма теріп бекер.<br>**Жаңылтпаш.**<br>Қыста боран борар,<br>Қыздар шәлі орамал оранар.<br>**Көркем сөз.**<br>О, алақай қыс келді,<br>Бізге қуаныш әкелді.<br>Дала қарға оранды,<br>Бала біткен қуанды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата | **№25 Көшені бақылау.**<br>Қалада көп көшенің бар екенін, олардың атауы әртүрлі екенін үйрету және мектебіміздің қай көшеде орналасқанын білу. Мектеп жанында қандай мекемелер орналасқанын айыра білу. (дүкен, дәріхана, балабақша, кітапхана т.б.)<br>**Көркем сөз.**<br>Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырығы күшті адам.<br><br>(милиционер).<br>**Жұмбақ.**<br>Үйден басталады,<br>Үймен аяқталады.<br><br>(жол).<br>**Д.О.** «Не істейміз? Кім боламыз?»<br>**Ойын барысы:** Бала бойынан жақсы көретін мамандықты әңгімелеу арқылы кім болғысы келетіндігін | **№18 Аула сыпырушы еңбегімен танысу**<br>Аула сыпырушының қыс кезіндегіеңбегі, оның жұмысы туралы балалардыңтүсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Тапсырма:** «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.<br>**Тақпақ:**<br>Қолынакиіп қолғапты,<br>Ауланы ағай сыпырды.<br>Тазалап қарды мұздарды,<br>Бәрімізге олжол ашты.<br>**Жаңылтпаштар:**<br>Қаңтар айы болды, күн суытты<br>Қалың қар жауды, боран соқты.<br>Жапалақтап ақ қар жауды<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету. | **№6 Қарды бақылау.**<br>Қоршаған ортаның әсемдігін сезіне білуге үйрету; қардың қасиетімен таныстыру. Терезеден жауып тұрған қарды бақылау. Қар ұлпаларына қараңдаршы, олар әр түрлі пішінде біреуі үлкен кесек болса, тағы бірі орташа,кішкентай яғни қаршықтар әртүрлі пішінді екен. Қар бізге терезеден жылтырап көрінеді. Олардың әдемі пішінін тамашалаңдар.<br>**Жұмбақ:**<br>Жылт-жылт етеді,<br>Ұстасақ еріп кетеді.<br><br>(қар).<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада | **№13 Қырауды бақылау**<br>Балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.<br>**Болжам:**<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды.<br>**Жұмбақ:**<br>Қант сияқты ақ,<br>Ұлпа боп жерде жатады.<br>(қар)<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Суықторғайлар»<br>**Мақсаты**: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білуге биімдеу. **Еңбектену әрекеті.** Қардан қарлы дуал жасау. Бір-біріне кедергі келтірмеуге, қиыншылықтарды жеңе білуге үйрету. **Д.О.** «Қар қиыршықтарын қарастыр» **Тәжірибе:** Балалар қар қиыр шықтарын қарас тырады. Қармен тәжірибе жасау: стақанға қар салып, топқа алып келу. Балалардың қардың қасиеті жөніндегі ойларын ұлғайту және дамыту. Өз бетінше қорытын ды жасауға үйрету. Әуесқой лығын және қызығушылығын дамыту. | айта білуі. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын» **Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. ойын талаптарын орындауға үйрету. **Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | **Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады. Педагог: -Секеңдеңдер қояндар, -Жүгіріңдер, жортыңдр! Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. **Еңбектену әрекеті:** аула сыпырушыға көмектесу. | отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру. **Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Тарту» **Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу. **Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады. **Еңбектену әрекеті.** Ойын алыңын (сырғанайтын жер) қардан тазарту. Өз бетімен жұмыс істеуге, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. | білу. **Еңбектену әрекеті.** Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сағат Әліханмен жеке жұмыс: геометриялық фигуралардың, көкөністер мен жеміс-жидектер дің дайын сурет терінің сыртын контурдан шық пай, бастырып бояуды үйрету. | Қойшыбай Арайлым және Төлеу Айша мен:Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытa білуге баулу. | Төлеу Айшамен жеке жұмыс: қаламды дұрыс ұстауды меңгерту. | Барлық баламен жеке жұмыс: қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | Бейсен Абзал,Төлеу Айша,Закирия Мереймен жеке жұмыс. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Балалардың есте сақтау қабілетін қалай дамытуға болады» тақырыбы бойынша кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» | «Үйдегі математикалық ойындар» тақырыбында әңгімелесу. | «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады» тақырыбына әңгіме. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

**Тәрбиелеу-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** № 11 ЖББМ

Сынып _мектепалды___Балалардың жасы_5 жас_____**Жоспардың құрылу кезеңі:** 13-17 ақпан 2023 жыл

| **Күн тәртібінің үлгісі.** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау.** | Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі, оны не қызықтыратынын сұрау. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекеті). | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру.** | Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б. іс-әрекеттер) жеке жұмыс** | **Ән айту.** «Балдырғандар» Ш.Қалдаяқов. (Музыка-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.**«Ұйқыдағы аңды тап» **Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. **Ойын барысы:** Суреттен қысқы ұйқыдағы аңды табады, әңгімелейді. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Боямақ.** «Қысқы табиғаттағы шыршалар» **Мақсаты:** балалардың өз жұмысын жоспарлай білуге баулу; қылқаламмен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті). | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:**Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:**Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | **Д.О.** «Суретті құрастыр» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. **Ойын барысы:** Бөліктерден сурет құрастырады. (Қоршаған ортамен таныстыру-танымдық коммуникативтік әрекеті). |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет! Ақпан айына таңертеңгі жаттығу кешені. №9 (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық.** | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы туралы айтып бер» **Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тілін дамыту. **Ойын барысы:** Балаларды ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету. (суық, аяз, жел, қар жауып тұр, боран т.б). | **Шаттық шеңбері.** Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет - коммуникативті іс-әрекеті). | **Д.О.** «Теңіз тіршілігі» **Ойынның мақсаты:** Балаларға теңіз тіршілігі туралы түсінік беру. Су асты әлеміне қызығушылықтарын ояту. **Ойын барысы:** Сұрақ-жауап. -Сен қандай балықтарды білесің? -Суреттен шортан мен жайынды салыстыр. | **Д.О.** «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?» **Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру. **Ойын барысы:** Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атау. Мысалы: доп, күн, алма, сағат т.б. (Математика негіздері- | **Құрастыру.** **Қағазбен жұмыс.** «Ұшақтар ұшып барады» **Мақсаты:** Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар қағаздан ұшақты жасап, ұшырады. (Құрастыру іс әрекеті). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті). | | -Өзің білетін және теледидардан көрген ірі балықтарды ата.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Боямақ.** «Теңіз тіршілігі»<br>(Сурет салу-шығармашылық әрекеті). | танымдық ойын әректі). | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі.** | **1**.Сауат ашу негіздері негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту.<br>**2.**Қоршаған ортамен танысу<br>**3.**Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1.**Сауат ашу негіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3.**Көркем әдебиет<br>**4.**Дене шынықтыру | **1**.Сөйлеуді дамыту<br>**2.**Қоршаған ортамен таныстыру<br>**3**.Қазақ тілі<br>**4**.Музыка | **1**.Сауат ашу нагіздері<br>**2**.Математика негіздері<br>**3**.Сурет/Жапсыру/Мүсіндеу /Құрастыру.<br>**4.**Дене шынықтыру |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>Саусақтарым бір-бірімен амандасайық,<br>Саусақтардан гүл ашайық.<br>Саусақтарды ашып-жұмып,<br>ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ<br>Дыбыстарын дұрыс айтайық.<br>**Д.О.** «Қандай дыбыс?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге және дыбыстық | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнер лілік құралдарын қолдану, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерін сипаттап, әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Сөйлем»<br>**Ойынның мақсаты:** Берілген сөздерден сөйлем құрай білуді үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту, | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үлестірмелі суреттердегі заттардың атын атайды, бастапқы дыбысын ажыратады, хатқалтаға ажыратып салады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Д.О.** «Қарама-қарсы сөздер»<br>**Ойынның мақсаты:** Антоним сөздерді салыстыру жолымен балалардың ой-өрісін кеңейту, ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын мағыналары қарама-қарсы сөздермен молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға кезекпен допты лақтырып, бір сөз айтады, ал допты ұстап | **1.Сауат ашу нагіздері.**<br>Қолды жазуға дайындау. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талдау жасауға үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Мұғалім дыбыстарды бір-бірден айтады.<br>Егер дауысы бар әнші дыбыстарды естісе балалар **қызыл** дөңгелекті көтереді.<br>Ал егер дауысы жоқ ән айтпайтын дыбысты естісе **көк** дөңгелекті көтереді.<br>**Д.О.** «Сөздер мен дыбыстарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**Сөздегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды атайды, мысал келтіреді.<br>**Д.О.** «Берілген дыбыспен сөздерді ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау логикалық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог кез-келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөзді айтады.<br>**Д.О.** «Талдау жасай білемін»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларға дыбыстық талдау жасай білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** | тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөздерден қысқша сөйлем құрайды, сурет бойынша өз ойынанан сөйлем құрастырып, әңгімелейді.<br>Қыс, аяз, боран, қар, шырша, ағаштар, сырғанақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br>**Д.О.** «Ғажайып суреттер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар ақ қағазға қысқы табиғат көрінісінің суретін салады, әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасының бас қаласы-Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл | **Ойын барысы:**<br>Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Суреттің екінші бөлігін сал»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда суреттің бір бөлігі ғана салынған. Балалар суретке қарап не бейнеленгенін табады және суреттің екінші жартысын салады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін | алған бала педагогке допты кері лақтырып, айтылған сөзге мағынасы қарама-карсы сөзді айтады.<br>**Мысалы:** ү лкен-кіші, жақсы-жаман, күн-түн, жарық-қараңғы, биік-аласа, алыс-жақын.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті).<br>**Сергіту сәті.** Ерте-ерте-ертеде**Лексика**-деген ауыл болыпты. Сол ауылда **Синоним** -деген бай болыпты. Оның бес ұлы және бес қызы болыпты. Бай отбасымен тату-тәтті өмір сүріпті. Олай болса біздер сергіту сәтін **«Тату-сөздер»**-деп атап, сол байдың бес ұлына және бес қызына мағынасы ұқсас сөздерден ат қояйық.<br>Күшті. Мықты. Қайратты. Қажырлы. Әлді.<br>Сұлу. Әдемі. Әсем. Көркем, Ару.<br>**Д.О.** «Сөзге сөз қос»<br>**Ойынның мақсаты:** Мағыналары бір-біріне жақын, жуық мәнді сөздерді таба білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Берілген сөзге сөз қосып айту, сол сөзге қатысты сөйлем құрау.<br>**Мысалы:** Менің әпкем | тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Д.О.** «Үзік сызықтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың қолдарын жазуға дайындау. Таза, ұқыпты жазуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген үзік сызықтарды бастырып жазады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті)<br>**Д.О.** «Суреттің жалғасын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды, ұқсас заттарды топтастырады.<br>(Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br><br>**2.Математика негіздері**<br>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа жолдар» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Суреттер арқылы дыбыстық талдау жасайды, дауысты және дауыссыз дыбыстарды табады. (Сауат ашу-коммуникативті іс-әрекеті).<br><br>2.**Математика негіздері**<br>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру. Саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.<br>**Д.О.** «Кім шатаспай санайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар1-ден 10-ға дейін тура және кері санайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Дауыстап санау»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Педагог үстелді бірнеше рет соғады. | мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Астана.<br>Болашаққа бастаған,<br>Шарықтайды асқақ ән.<br>Елордасы Отанның,<br>Мақтанышым-Астанам!<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қршаған орта).<br>**Ән айту:** «Астана-ай қала»<br>-Әнде не туралы айтылған?<br>-Кім Астанаға барды?<br>-Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?<br>(Музыка-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Боямақ.** «Астана-бас қала»<br>**Шарты:** Ақ қағазға алақандарын малып, түрлі-түсті гүлдердің суретін салып, **«Қазақстанымгүлдене берсін»-**деп тілек айтады.<br>(Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, сурет салу шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ | математикалық терминдерді қолдану.<br>**Д.О.** «Ұзын-қысқа»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың ұзындығы, биіктігі, ені мен жуандығын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға ұзын және қысқа жолақшаларды көрсету. Өлшемін анықтау. Балаларға жолақшаларды таратып беру. Жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.<br>**Д.О.** «Кімнің бойы ұзын екенін айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, ұзын-қысқа туралы түсініктерін бекіту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі аңдардың бойын салыстыр. Қай аңның бойы ұзын? Қай аңның бойы қысқа?<br>**Д.О.**«Кім зейінді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту, білімдерін толықтыру, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. Үйлердің бірбірінен қандай айырмашылығы бар? | әдемі, көрікті, сұлу.<br>Зәулім үй, биік үй.<br>Алыс жол, ұзақ жол, қашық жол.<br>Керемет ұшақ, тамаша ұшақ.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті).<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Әдемі құс Тауыс»<br>**Шарты:** Балалар дайын тауыстың суретін түрлі-түсті қарандаштармен бояйды. Әңгімелейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі- коммуникативтік әрекеті, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**2.Қоршаған ортамен танысу**<br>Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Бізді қоршаған дүние.**<br>Күн, ауа, жер, су, адам, өсімдіктер, жануарлар-бұл табиғат.<br>Айналаңдағы табиғат және адам жасаған заттар-бұл сені қоршаған дүние.<br>Күн, ауа, су, тас, тау, құм, саз-бұлардың бәрі табиғаттың **жансыз денелері.** Табиғаттың | **Ойынның мақсаты:** Ұзын-қысқа ұғымдарын білу. Білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретке қарайды. Сурет бойынша ертегі мазмұнын қысқаша айтады және Қызыл телпекке әжесіне тез жетуі үшін ең қысқа жолды тауып береді.<br>**Д.О.** «Биік шарбақтар»<br>**Ойынның мақсаты:** Бикаласа ұғымдарын білу білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі-түсті қатты картон қағаздардан биік шарбақтар жасау.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br><br>**3.Сурет салу**<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салу. Ою-өрнектерді өз бетінше ойдан салуға мүмкімдік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі Балалар, ер баланың және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**Саусақтар әні.**<br>(үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**Д.О.** «Жәндікте неше аяқ бар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер бар. Балалар суреттегі жәндіктердің неше аяғы бар екенін санап, санын айтады. Соңында ең аяғы көп жәндіктің суретін | халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібі туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған ортаны құру.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Сол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Сыңарын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық киімдер туралы білімдерін толықтыру және оларды ажыратып атын атай білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтадан шыққан ұлттық аяқ киімдердің (етік, мәсі, кебіс, сатама) түр-түсіне, ою-өрнегіне байланысты ажыратып, сыңарын табады.<br>**Д.О.** «Ұлттық ыдыс-аяқ түрлері» | Биік-аласа, тар-кең, үлкен-кіші.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>Суретке қара. Суреттегі заттарды өлшемі бойынша салыстыр. Биік-аласа, үлкен-кіші заттарды ата.<br>Тәтті тоқаштарға көлеміне қарай сәйкес келетін ыдысты таңда. (үлкен және кіші тоқаштар және ыдыстар).<br>Ұзындығы мен ені бірдей таспаны тап. (Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел айтысайық»**<br>**Мақсаты:** Балаларды айтыс өнеріне баулу.<br>Ата-баба дәстүрін,<br>Үйренуден қашпаймыз.<br>«Айтыс» десе сәнденіп,<br>Қыздар іздей бастаймыз.<br><br>Біржан болып сен келсең,<br>Ақын Сараң мен болам.<br>Сәйгүлік болып сен шапсаң,<br>Аққу құсың мен болам.<br>Біздің топтың ұлдары,<br>Шеттерінен ақылды-ақ. | жансыз денелері қоректенбейді, өспейді, көбеймейді. Табиғатта бізде қажетсіз ешнәрсе жоқ. **Мысалы:**сусыз өмір болмайды. Суды ішеміз, шомыламыз, жуынамыз, шаруашылықтың барлық түріне пайдаланамыз. Ауаның тыныс алуға керек екенін білеміз. Тас, құм, саз құрлысқа қажетті материалдар. Күн көзінен жарық пен жылу аламыз. Тауда біз демаламыз. Табиғаттың жансыз денелері адамға қаншалықты қажет екенін осыдан көруге болады. Өсімдіктер, жануарлар, адамдар-табиғаттың **жанды денелері.** Олар көбейеді, қоректенеді, өседі және тіршілігін тоқтатады.<br>**Д.О.** «Табиғаттың жансыз денелері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жансыз денелерін ажырата білу,білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Табиғаттың жансыз денелері деген не?<br>-Суды қалай пайдаланамыз?<br>-Күннің қандай пайдасы бар?<br>-Тас, құм, саз не үшін | қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Сол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Камзол»<br>**Мақсаты:** Балаларға қазақтың ұлттық киімі камзолды ою-өрнектермен сәндеп безендіріп салуды үйрету. қазақтың ою-өрнектері жөніндегі білімдерін бекіту. түс және ырғақты сезіндіру. Балалардың эстетикалық талғамы мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | салады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, сурет салу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Д.О.** «10-ға дейін санаймын»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суретте бейнеленген заттарды санайды. Қандай заттар нешеуден екенін айтады.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі).<br>**Еркін ойын:** «Ермексаз әлемі»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар туралы алған білімдерін толықтыру, бекіту.<br>**Ойын барысы:** Балалар ермексаздан цифрларды жасайды.<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, мүсіндеу-шығармашылық іс әрекеті).<br>**Санау әні.** (үнтаспа).<br>(Математика негіздері-танымдық ойын әректі, музыка-шығармашылық әрекеті).<br>**3.Көркем әдебиет**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, | **Ойынның мақсаты:** Балаларға ұлттық ыдыс-аяқ түрлері туралы мағлұмат беру, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Ұлттық ыдыстардың аттарын атау, оларда қандай тағам түрлері дайындалатыны және сақталатынын туралы әңгімелеу. Ыдыстардың неден жасалғанын айту.<br>**Қысқаша мағлұмат:** Келі-келсаппен бидай, тары түйеді. Күбіге бие сүтін құйып, қымыз әзірлейді. Торсыққа қымыз, шұбат, айран құйып алыс жолға сапарға шыққанда алып жүреді. Торсықта сусын салқын күйінде жақсы сақталады.<br>**Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді. | Жұмбақ, тақпақ бұл тойда,<br>Айтып берер тақылдап.<br><br>Үй жабдығын бұл тойға,<br>Біздің қыздар сәндеді.<br>Қонақ күтіп, ән салды,<br>Ұлдарыңнан кем бе еді.<br><br>Түрлендіріп қамшы өрсем,<br>Қыздарың таң қалады.<br>Күмбірлетіп күй шертсем,<br>Мұнда думан болады.<br>Мақтандың ғой жігітім,<br>Өнеріңді көрейік.<br>Көрсет сәнді қамшыңды,<br>Біздер баға берейік.<br>Тойға барам деген соң,<br>Домбыра ұстап келіп ем.<br>Шашақталған қамшымды,<br>Үйге тастап кетіп ем.<br><br>Қалып қойса қамшыңыз,<br>Тағы тойға келерсіз.<br>Сол қамшыны мына бізге,<br>Сонда сыйға берерсіз.<br>Қоштасайық халықпен,<br>Ақындарын пір тұтқан.<br>Сөз өнеріне шөлдегенде,<br>Рахаттанып бір жұтқан.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Аукцион» | қажет?<br>-Сен үйіңнің, мектептің маңайынан қандай табиғаттың жансыз денелерін көрдің?<br>**Д.О.** «Табиғаттың жанды денелері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жанды денелерін ажырата білу,білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>Адам қай табиғи денеге жатады?<br>Өз үйіңнің маңынан табиғаттың қандай жанды және жансыз денелерін кездестіресің?<br>Табиғаттың жанды және жансыз денелерінің бір-бірінен айырмашылығы қандай?<br>Табиғаттың жансыз денелерінің пайдасы туралы айт.<br>Адам қолымен жасалған заттардың қандай пайдасы бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Не істейді, қайтеді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттен табиғаттың жанды денелерін ажырату, олар туралы білетінін әңгімелеу.<br>**Ойын барысы:**<br>Суреттен жүзетін, | шығармашылығын дамыту.<br>**Балаларға керекті құралдар:** ақ қағаз, түрлі-түсті қарандаштар.<br>**Д.О.** «Сыңарын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Аяқ киімдердің түр-түсіне, көлеміне, пішініне, ою-өрнегіне байланысты сыңарын таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Педагог алдындағы қораптағы ұлттық үлгідегі аяқ киімдердің суреттерін көрсетіп, балалардан сұрайды. Мысалы: етік, мәсі, кебіс, саптама. Осы ұлттық аяқ киімдердің ішіненәйелдер киетін аяқ киімді бөлек қоюды ұсынады. Қолына алған аяқ киімнің сыңарын іздейді. Егер бала сыңарын дұрыс тапса қандай ерекшелік байқағанын сұрайды.<br>**Қимылды ойын:** «Менің не істегенімді тап»<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға киіну, шешінуді қимылмен көрсетеді. Балалар педагогтің не істегенін тауып айтады.<br>(Қоршаған орта, дене шынықтыру-қимыл белсенділігі).<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>Дербес қимыл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | санамақ, жаңылтпаш айту, айтыс өнеріне баулу.<br>**«Кел санайық санамақ»**<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін жаттықтыру, санамақты жатқа айтуға үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар санамақтарды айтады.<br><br>Кел санайық санамақ.<br>Саусақтарды даралап,<br>Бас бармағым-алғашқы,<br>Балан үйрек-жалғасы,<br>Ортан терек-атасы,<br>Шылдыр шүмек-анасы,<br>Шынашағым-балапан,<br>Бәріне ортақ-алақан.<br><br>Бір, екі, үш,<br>Ал, қанекей ұш!<br>Төрт, бес, алты, жеті,<br>Мынау-ауыл шеті,<br>Сегіз, тоғыз, он,<br>Ал, қанекей қон,<br>Асықпа да, саспа да,<br>Бірден қайта баста!<br>**Саусақ жаттығуы:** «Саусақтарды ата»<br>Оң қолда бар бес саусақ,<br>Сол қолда бар бес саусақ.<br>(Балалар алақандарын ашып саусақтарын көрсетеді).<br>Оларды атап шақырар,<br>Әркайсысының аты бар.<br>Мынау-бас бармақ, | (Қазақ тілі-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br><br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жетілдіру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу.<br>**Музыка тыңдау:** «Қобыз» Б.Қыдырбек.<br>-Балалар, музыканы тыңдағанда естеріңе не түсті?<br>-Сендер басқа тағы қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер?<br>**Ән айту:** «Домбыра | **Ойынның мақсаты:** Балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға жұмбақтар жасырады. Жұмбақтарды шешіп, қыс сыйлығын ұтып ал!<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ.<br>Май жейді, су ішеді,<br>Бұл не екен балалар?<br>(машина).<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(автобус).<br>Аспанда ұшады,<br>Қанатын қақпайды.<br>Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды.<br>(ұшақ).<br>Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрлі-бері жүр көшіп.<br>(поезд).<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады өзі керемет.<br>(тікұшақ).<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік ойын әрекеті).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>Дербес қимыл белсенділігі. Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды | ұшатын, жүгіретін, жорғалайтын жануарларды атап көр.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта).<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Шарты:**Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып көрсетуге болады?<br>Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады.<br>Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады.<br>Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады.<br>Ол жерге жәндіктерді орналастырады.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, | белсенділігі. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға және шанамен сырғанауға жағдай жасау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимылды ойын:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**«Қармен аулай білу»<br>**Ойынның мақсаты:**Ойын ережесін айқын орындауға үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Балаларды қардан айналудан, ортада шектелген алаңнан қозғала білуге үйрету. Нысанаға қарды ата білуге биімдеу.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мынау-балан үйрек.<br>Мынау-ортан терек,<br>Мынау-шылдыр шүмек.<br>Мынау-кішкене бөбек.<br>(Балалар саусақтарын кезекпен бүгеді).<br>**Нешеуміз?**<br>Бір үйде біз нешеуміз,<br>Кел санайық екеуміз.<br>Бас бармағым-әкем,<br>Балалы үйрек-анам.<br>Ортан терек-ағам,<br>Шылдыр шүмек-мен.<br>Кішкене бөбек-сен,<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік ойын әрекеті, математика негіздері-танымдық ойын әрекеті).<br>**Д.О.** «Жаңылмай айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тілін дамыту.<br>Жаңылтпаштарды жатқа айта білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға жаңылтпаштарды жатқа айтқызу. 2-3 баладан шығарып жарыс түрінде өткізу.<br>Даланы қар басар,<br>Қарға балалар аққала қалар.<br>Хан баласы ханзада,<br>Болды ғашық ханшаға.<br>Алып ханнан хабар,<br>Ханшайымды алар. | сазы» И.Нүсіпбаев.<br>Ән қандай көңіл-күйде жазылған?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар:** Қазақ биі. «Қаз-қатар»<br>**Д.О.** «Ұлттық аспаптар»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптар туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суреттенқазақ халқының музыкалық ұлттық аспаптарын ата.<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту.<br>**Д.О.** «Бұл қай аспап?»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық аспаптарға деген қызығушылығын ояту.<br>**Ойын барысы:** Жеті санының атауына байланысты қандай аспап бар?<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті, қоршаған орта, музыка-шығармашылық іс әрекеті). | ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, оларды жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала | қоршаған орта, жапсыру-шығармашылық іс әрекеті).<br><br>**3.Қазақ тілі**<br>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын, осы дыбыстарн тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау. (басы, ортасы, соңы).<br>**Д.О.** «Дыбыстарды дұрыс айт»<br>**Ойынның мақсаты:** Дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету, балалардың тілін жаттықтыру.<br>**Ойын барысы:** Дыбыстарды дұрыс айтайық. Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң,һ дыбыстарын балаларға дұрыс, анық айтқызу.<br>**Д.О.** «Дыбыстарды ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:** Жуан және жіңішке дыбыстарды ажырату.<br>**Ойын барысы:**<br>Бұзау:<br>Дөңгелентіп аузыңды,<br>Бұзаумын деп ойла. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ғарышкер ұшты ғарышқа,<br>Ғарышқа ұшты гаарышкер.<br>Айтшы ғарыш алыс па?<br>Гүлім гүлге қарап күлімдейді,<br>Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдейді.<br>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативті іс-әрекеті).<br>**Д.О.** «Сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды берілген тапсырманы ойлана отырып шешуге тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулу. Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды дұрыс, анық айтуға үйрету.<br>**Көрнекілігі:** сандық, түрлі түсті карточкалар, тапсырмалар жазылған хатқалта.<br>**Ойын барысы:** қызыл, жасыл, сары және көк түсті карточкалар сандық ішінде жатады. Балаларға арналған әртүрлі тапсырмалар болады.<br>**Қызыл түсті** карточка алған бала-жұмбақтардың жауабын табады.<br>**Жасыл түсті** карточка алған бала-мақал-мәтел | | жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады.<br>(Дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі). | Даусын оның қайтала: Мө-мө-мө.<br>-Қалай естіліп тұр?<br>Арыстан:<br>Аң патшасы арыстан,<br>Ақырады алыстан,<br>А-а-а.<br>Қозы:<br>Нәзік дауысы қозының,<br>Естіледі өзінің мә-мә-мә.<br>**Артикуляциялық жаттығу.**<br>Ыс-ыс-ыс,<br>Келіп жетті қыс.<br>Ар-ар-ар,<br>Жауды қар.<br>Ран-ран-ран,<br>Соғады боран.<br>Ян-ян-ян,<br>Сақылдаған сары аяз.<br>На-н-ана,<br>Зулайды шана.<br>(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекеті).<br><br>**4.Музыка.**<br>Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жетілдіру. Музыкалық-ырғақты қимылдар. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
